

Қарағанды қаласы әкімдігінің «Қарағанды қаласының білім бөлімі»

«№ 62 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

**«МҰХАМЕДХАН СЕЙІТҚҰЛОВ -150 ЖЫЛ»  
қалалық ғылыми-практикалық  
конференциясының  
ЖИНАҒЫ**

**Қарағанды -2020**

Редакция алқасы- редакционная коллегия

**Б.А. Калекина, С.Т.Еликбаева,  
Г.А.Гильмутдинова, А.Г.Каленова, А.М.Халлирахманова,  
Ш.Б.Байтокешова, А.Т.Аймаганбетова**

«Мұхамедхан Сейітқұлов -150 жыл» қалалық ғылыми практикалық конференция материалдары – Қарағанды, 2020-141б.

Жинақта білім беру қызметкерлерінің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының көсемі, белгілі меценат Мұхамедхан Сейітқұловтың туғанына 150 жыл толуына байланысты өткізілетін «Мұхамедхан Сейітқұлов-150 жыл» атты қалалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары жинақталған.

В сборнике представлены материалы педагогических работников научно-практической конференции «Мұхамедхан Сейітқұлов -150 жыл» посвященной 150-летию известного государственного и общественного деятеля, лидера национально-освободительного движения «Алаш» Мұхамедхану Сейітқұлову.

## **Ұлы дала еліндегі жанашырлық пен жомарттық**

**Н.А. Бейсенбекова**

«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Е.А. Бөкетов атындағы  
ҚарМУ доценті

Қазақ халқының тарихында жақсылық жасау дәстүрі жазылмаған заңдарға айналған. Жетімін қаңғыртпаған, жесірін жылатпаған халықтың тарихында қайырымдылық, қамқорлық, жанашырлық көне заманнан бері қарай бүгінге дейін жалғасып келеді. Қазақ қоғамында жылу, асар, аманат деген ұғымдардың астында көмек беру, қамқорлық деген іс-әрекет жатыр.

Асар - қазақы ортада ауқымды да күрделі жұмыстарды бірлесе атқару. Мысалы, егіншілік дамыған өлкелерде арық қазу, тазалау секілді суландыру жүйесіндегі жұмыстарды, үй тұрғызу сияқты құрылыс жұмыстарын асар жасау арқылы атқарған. Бір отбасының қолынан келмейтін күрделі, көлемді жұмыстарды атқару үшін ауыл адамдары асар арқылы көмектесіп атқарған. Ұжымдасып жұмыс істеудің үлкен бір көрінісі деп қарауға болатын тағы бір үрдіс батыс қазақтары тілінде «үме» деп аталады. Шөп шабу науқаны кезінде қыз-бозбаланың және әнші-жыршының жиналатынына байланысты «Үмеге келген үндемей қалмайды» деген мақал туған. Әлеуметтік жағдайы нашар туыстарына, ауылдастарына дарынды балаларын оқытуда да көмектесетін болған.

Дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамында қой қырқу жұмыстарын ұйымдастыру, қыстаулардағы үйлерді салу мен мал жайланатын орындарды тұрғызу сияқты ірі жұмыстарды бірлесіп атқару «бір ата ауыл» деп аталатын асардың түрлері болған [1]. Сонымен қатар дәстүрлі қазақ қоғамындағы ауыр тұрмыстық жағдайға душар болған адамға жылу деп аталатын жәрдемнің де түрі болған. Көмектің бұл түрі жұт болып, малы қырылғанда, үй-жайы өртеніп, баспанасыз қалған ауылдастарына берілетін болған. Жылу ауылдың беделді ақсақалдарының айтуымен жиналады [2]

Ұлы Дала елінде саяси-әлеуметтік өзгерістердің барысында оқыған қазақ азаматтарының халық үшін атқаратын іс-әрекеттеріне көмек беретін ұлттық буржуазия тобы болған. Мысалы: семейлік Қаражан Үкібаев, шыңғыстаулық Медеу Оразбаев, Ике Әділов, Қарқаралы өңірінен Хасен Ақаев, ағайынды Бекметевтер, Ыбырай Ақпаев, жетісулық Маман Тұрысбектің балалары және батыс қазақстандық Иса Көпжасаров, Сырым батырдың шөбересі Салық Омаров, Маңғыстау өңірінен Тобанияз Әлниязов сияқты меценаттарды айтуға болады.

Қазақ ұлттық буржуазиясы XIX ғ. соңы XX ғ. басында қалыптасты. Олардың тікелей көмегімен Ұлы Дала еліндегі дарынды балалар медреселерде, жоғарғы оқу орындарында оқуға мүмкіндік алды. Оқып жүргендеріне арнайы шәкіртақы төлеп тұрған. XX ғ. басында қазақ ұлттық буржуазиясы 1905 жылғы Қоянды жәрмеңкесінде қабылданған Қарқаралы петициясының тарихи маңызын

түсініп, Алаш зиялыларының идеясын қолдап, өз қолдарын қойған [3, 26-30-б.]. Осы тарихи оқиға Алаш қайраткерлері мен ұлттық буржуазияның бірлескен азаттық күрес жолындағы бастауы болып саналады. Кезінде 1906 жылы Міржақып Дулатовты түрмеден шығару үшін өз змаманының атақты мецанаты Қаражан Үкібаев 2500 рубль төлеген. Одан кейін Омбыда Ақайдың Хасені 5000 мың рубль төлеп шығарғандығы тарихтан белгілі [4]. Қамқорлықтың тағы бір көрінісі Әлихан Бөкейханов 1908 жылы сегіз ай Семей абақтысында отырғанда Оразбай баласы Медеу күнде абақтыға қымыз, ет апарып оның көңілін көтеріп отырған деген деректер бар [5, 102-105-бб.].

«Қазақ» газетінің 1915 жылғы санында «Ауқатты алаш азаматтарына» атты мақалада газет ісіне қаржылай жәрдемдесу жөнінде үндеу жарияланады. Қазақ баспасөзінің қалыптасуы мен дамуына және «Қазақ» газетінің жарыққа шығуына, ел ішіне таралуына қазақ ұлттық буржуазиясы тікелей көмек көрсеткен. Көмек берушілер қатарында Есенғұл қажы бастаған Маман байдың ұрпақтары белсенділік танытып, 1913 жылы «Қазақ» газетінде қазақ романына бәйге жариялайтындығы туралы жазылды. Сонымен қатар «Абай» журналының шығуына Қаражан Үкібаев көмектескен және ол 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Алаш зиялыларының ұлт болашағы жолында атқарған жұмыстарына да көп көмек көрсеткен. Соның бірі Алашорда үкіметінің жиналыстарын өткізу үшін өз үйін береді. Алашорда үкіметінің ұлттық милиция құру мәселесіне байланысты керекті қаражатты да осы азамат берген. [6, с. 310].

Қазақ ұлттық буржуазиясы өлкеде сауда ісін дамытып көпестердің акционерлік қоғамының пайда болуына, ауылшаруашылық жұмыстарының әртүрлі салаларының өсуіне, параход ісін жолға қою, мектеп ашу, мешіт салу, телеграф, телефон байланыстары және т.б. игі істердің қалыптасып дамуына ықпал етті. [7, 22-б.].екінші мақала

Қазақтың ұлттық буржуазиясының бірі Салық Омаров 1918 жылы ақпанда Орал қазақтарының Қаратөбеде өткен 3 съезінде Алаш әскеріне 200 жылқы берген

Кеңес үкіметінің аграрлық саясаты қазақтың ұлттық буржуазиясын тәркілеуден басталды. Тарихшы Т. Омарбековтың зерттеулері бойынша, 562 ірі және орташа 134 байлар тәркіленген [8, 83-84-бб.].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабында: «Байдың малы белгілі бір дәрежеде бүкіл ру қауымының сақтық қоры сияқты болған. Табиғи ортаның құбылмалы сипаты, малдың табиғи апаттарға барынша тәуелділігі, сыртқы жаудың шапқын-шабуылы және т. б. жағдайлар көшпелі шағын руларға ылғи да ашаршылық қатерін төндіріп тұратын. Сондай күйге ұшырағанда ру ішіндегі ауқатты адамдардың дәулеті барша ағайынның жан сақтар нәпақасы болған» [9, 238-б.] деп қазақ қоғамындағы ұлттық буржуазияның экономикалық негізін дұрыс бағалап көрсетеді.

Елбасының Бес институционалдық реформасының аясында қабылданған «Қайырымдылық заңы» халық игілігіне бағытталған тың бастамалары Қарағанды облысында да іске асуда.

2009 жылы «Зиялы ұлт болашағы» жобасы аясында жақсы оқитын белсенді студенттерге, мектеп оқушыларына, әлеуметтік жағдайы төмен

отбасының балаларына, жетім балаларға 100-50% оқу ақысына жеңілдіктер жасалып, үздіктерге шәкіртақылар мен сыйақылар тағайындалуда. Сонымен қатар «Мектепке жол» республикалық акциясына да тұрақты қатысып, қала мектептері мен мектеп интернаттың білім алушыларына тұрақты қайырымдылық көмек көрсетіліп, қаламыздағы №9, №13 мектептердің ауласына «Ойын алаңдары» салынып, жастардың спортпен айналысуына мүмкіндіктер жасалуда. Жастарды мәдениеттің сыры мен қырын үйретуге бағытталған «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы қаржыландырылып, этно-мәдени бірлестіктер ұйымынан 100-ге тарта жастар қатысқан бірнеше күндік іс-шара өткізілді. Облысымызда танымал ақын-жазушылардың кітаптарын шығаруға тұрақты демеушілік көмек көрсетіліп келеді. Жыл сайын қаламыздағы соғыс, еңбек арадгерлеріне, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арнайы қайырымдылық мерекелер, дөңгелек үстелдер, қабылдаулар ұйымдастырылуымен қатар Шахан қаласында болған қайғылы оқиғадан зардап шеккен отбасыларына қаржылай жәрдем көрсетілуі халқымыздың дәстүрлі қайырымдылық салтының жалғасып келе жатқандығын көрсетеді.

Соңғы 10 жылдың көлемінде Қарағанды облысының Ақтоғай ауданының «Өнер мектебіне», «Тоқырауын толқындары» ансамбліне, журналистеріне спонсорлық көмек көрсетіліп, талантты жастарды қолдау мақсатында «Әлихан Бөкейханов», «Әлімхан Ермеков», «Жақып Ақбаев» атындағы арнайы шәкіртақылар тұрақты беріліп келеді. «Дархандықтың дарабозы» жобасы аясында өнер, мәдениет, ғылым саласының аймағымыздағы көрнекті өкілдеріне арнайы сыйақылар тағайындалған. Облысымызда «Меценаттар» клубы жұмыс істейді. Қайырымдылықты басты мұраты еткен жандардың басын қосқан «Бейбітшілік пен жасампаздықтың 25 жылы» фестивалінде Республикамыздың 300 меценатына ерекше құрмет көрсетілуі ұлттық дәстүрімізді жалғастырып келе жатқанымыздың жеңісі. Бұл фестиваль «Қайырымдылық керуені» атты II меценаттар форумымен жалғасып игі істер атқарылып жатыр.

Мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасында да қайырымдылық мәселесі басты бағыт болып көрсетілген. Соған орай 2017 жылы Ұлт ұясы Ұлытау, қазыналы Жезқазған «Туған жерге туынды тік» ұранымен «Қайырымды ел – 2017» жалпыұлттық акциясы болып өтті. Акция аясында 5 пәтерден тұратын екі қабатты үй жас мамандарға, жас отбасыларына және мұқтаж жандарға берілді [10].

Ұлы Дала елінің жомарттық қасиеті Тәуелсіз Қазақстан қоғамында әртүрлі формада өз жалғасын табуда. Ол туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жастар жылының жабылу және Волонтер жылының ашылу салтанатында «Қазақтың асар дәстүрін заманға сай қайта жаңғыртуымыз қажет. Волонтер жылы баршамызға, әсіресе жастарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан сіздерді осы игі бастамаға белсенді атсалысуға шақырамын. Жастарымыз мұқтаж жандарға көмек қолын созуға әрдайым дайын болуы керек. Дана қалқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген. Қайырымдылық пен мейірімділік қанымызға сіңген қасиет. Қазақта асар жасап, бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсету дәстүрі бар. Оның волонтерлікпен үндесетіндігі сөзсіз.

Сондықтан алдағы жылы сол дәстүрді заманға сай қайта жаңғыртуымыз қажет. Бұл істе біз белсенді жастарымызға зор сенім артамыз. Елге қызмет ету тек білімді ғана емес, намысты да талап етеді. жас ұрпақтың ар-намысы жоғары болса, мемлекетіміздің мәртебесі биік болады. Қазіргі жастар Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген сөзін берік ұстануы керек. Өйткені, Тәуелсіз Қазақстанның тұғырлы тірегі, үкілі үміті, берік қалқаны өздеріңіз. Қайратты жастарымыз көп болса, мемлекетіміздің болашағы баянды болады деп сенемін», - деді [11]

Қорыта айтқанда, Ұлы Дала елінде өмір сүрген бабаларымыздың өз елін мәңгі сақтау жолында атқарған қайырымдылық, қамқорлық, жомарттық игі істері жазылмаған заң болып ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Бұл дәстүрді сақтау бүгінгі ұрпақтың басты парызы, бабалар аманатын орындаудың міндеттері деп санаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
3. Нәсенов Б., Исин А. 1905 жылы Қарқаралы петициясына және патшаға жіберілген телеграммаға қол қойған қайраткерлер // Абай, № 3, 2006, 26-30-бб.
4. Нәсенов Б. «Абыралы қанды жылдары (1905-1945)». Екінші бөлім. Құжаттар жинағы. Алматы-Новосибирск. 2006 ж. 644-б.
5. Бөкейханов С. Әлекеңнің өмірі. // «Жұлдыз» Алматы, 1996. № 3. –100-111 бб. Сырым Бөкейханов. Өткен күнде белгі бар. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 160-б.
6. Восточное отделение Правительства Алашорды. Сборник документов. / Семей: 2010. – С. 425.
7. Сіләмов А.С. Тарих және тағылым. Ғылыми мақалалар жинағы. Семей, Интеллект, 2010. 326 б.
8. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 320-б.
9. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288-б.
10. Достық аймағы. № 3 (11) 31 қараша 2019 ж.
11. [https://www.inform.kz/kz/\[ЭР\]kazaktyn-asar-dasturin-zamanga-say-kayta-zhangyrtuymyz-kazhet-memleket-basshysy\\_a3593184](https://www.inform.kz/kz/[ЭР]kazaktyn-asar-dasturin-zamanga-say-kayta-zhangyrtuymyz-kazhet-memleket-basshysy_a3593184)

#### **Алаш зиялыларының еңбектеріндегі оқу тәрбие мәселесі**

**Тұтқыш А.Ж.,**

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, тарих факультетінің студенті, «Жас Алаш»  
ғылыми-зерттеу клубының мүшесі  
(Ғылыми жетекшісі - т.ғ.к., доцент Бейсенбекова Н.А.)

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылы жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге жекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» деген еді [1].

Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ендігі уақытта адами құндылықтар, рухани қазына, оқушыларды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында оқу-білім саласына басымдық берудің қажеттілігіне баса назар аударып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың, оқу білімнің шыңына жетудің кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Оқу-білім, яғни рухани дамуға қол жеткізу деген сөз ол адамның санасын өзгерту, нақтылай келсек, қоғам жаңғыруы. Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде білім беру және жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануына үлкен мән беріп, жаңаша көзқараспен қарауды талап етуде. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» деп баса көрсетті. Өзіміз білетіндей, қазіргі жаһандану заманында еліміз үшін бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу назарда болу керек. Өйткені біз осы қоғамның мүшесіміз. Бәсекеге қабілетті ұрпақты жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін алдымен жан қазынасының негіздерінің бірі, сенімділік пен шындықтың бастауына үңілу керек шығар. Оқыту, білім беру, тәрбиелеу - баланың ішкі жан – дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы - жастар екені мәлім. Олардың қамын ойлау барша қоғамның парызы. Еліміздің басты мақсаты мен мұраты тәуелсіздігімізді тұғырлы етіп, өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті «Жастар - біздің болашағымыз. Оларды жаңа заманда өмір сүруге үйрету - біздің міндетіміз. Біздің жастарымыз ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлайтын болса, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды болады» деп, Қазақстан жастарының мәртебесін көтеру үшін 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Соған байланысты 23-қаңтар 2019 жылы Жастар жылының

ашылуна сәкес форум өтті. Бұл форум - мемлекет тарапынан өскелең ұрпақты қолдауға бағытталған маңызды қадам. Елбасы: «Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын – біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз. Біз бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткізіп, Ұлы дала төсінде әлем мойындаған мемлекет құрдық. Есілдің жағасында еңселі елордамыз – Астананы тұрғызып, тарихта бұрын-соңды болмаған зор жетістікке қол жеткіздік. Жүзеге асырылып жатқан шаралардың бәрі егемен еліміздің болашағы – сіздер үшін жасалып отыр. Бүгінде біздің өміріміздің барлық саласы – білім беру, жұмыс, отбасы, тіпті бір-бірімізбен қалай сөйлесетінімізге дейін елеулі өзгеріске ұшырап отыр. Осының бәрі әрбір адамның даму траекториясына және тұтастай алғанда, бүкіл әлемге түбегейлі ықпал етеді. Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге – сіздердің білімдеріңізге, энергияларыңыз бен патриотизмдеріңізге байланысты. Біз қазір жасап жатқанның бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз үшін, сіздер өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық мәнде жүзеге асыра алуларыңыз үшін жасалып жатыр» [2].

Бұл ұстанымның тарихи негіздемесі XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялыларының еңбектерінде де кездеседі. XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқан білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан Алаш азаматтары ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұңғыш қарлығаштары бола білді. Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Сералин, Барлыбек Сыртанов, Бақытжан Қаратаев, Жанша Сейдалин, Мұхамеджан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Ғұмар Қарашев, Ғабдулғазиз Мұсағалиев... бұл тізімді осылай жалғастыра беруге болады. Ұлт зиялылары өздерінің тарихи мақалаларында жас ұрпаққа оқу-білім алу арқылы елге қызмет жасаудың нақты бағыттарын көрсеткен.

Сондай еңбектің бірі Әлихан Бөкейханның «Оқушыға жәрдем» деп аталатын мақаласында «Қазақ» газетінде жарияланған студент Мұқаш Боштайұлының хаты туралы ой бөліседі. Осы хатта студент «Оқудағы жастарға жәрдем беру – рухани іс» деп жазады. Әлихан Бөкейхан осы ойға баланысты былай дейді. Оқыған жастарға көмек беру тарихта бар үрдіс. Еуропада оқып білім алған жастар гректерді, сербтерді, болгарларды жаңалыққа, прогресске жетеледі. Бүгінде оқудағы қазақ балалары жәрдемге мұқтаж екені туралы «Қазақ» газетінде жарияланған осы хаттан белгілі болып отыр. Осыған орай Әлихан Бөкейхан оқуда жүрген жастарға жәрдем көрсету жұрттың борышы деп санай келе, енді осыны қалай іске асырудың жолын ойластырайық дейді, және осы мақаласында ол қазақтан рухани мәдениеті жағынан озған басқа елдердің бұл туралы негізгі тәжірибесі бар екенін айтады. Біз де сол жолдан үлгі алайық. Ол үшін оқу оқитын жастарға жәрдем көрсететін орталық құру керек. Ол орталықтарды Әлихан Бөкейханның айтуы бойынша үлкен қалаларда құру керек, ол үшін сол орталықтың жұмысын жандандыратын талапкер, білімді кісілер жинақтау керек.

Көмек беретін орталықта жұмыс істей алатын қазақ арасында жігіттер бар. Орталықта ұлт баласының оқуына қаржы жинау керек. Яғни, көмек беретін орталықты заң жолымен ашу керек. Жәрдем беретін мұсылманша, орысша оқыған қалталы ауқатты азаматтар жәрдем беретін орталықты ел ортасынан, қазақ ортасы Қараөткел (Ақмола қаласы), Семей, Троицк, Орынбор қалаларында ашқан дұрыс дейді. Соның ішінде Семей қаласынан ашқанды жөн санайды.

Көмек беретін орталықты ашуға Патша үкіметінің 1905 жылғы 17 қазан манифесі қауым ашуға бостандық берген. Осы манифестің мазмұнын «Қазақ» газеті талай рет түсіндіріп жазған. Соған байланысты Семей қаласында орыс балаларына арнап жәрдем қауым ашылған. Осыған байланысты қазақтың оқыған жастарына көмек беретін қауымның ашылуына мүмкіндік бар екенін көрсетеді [3].

Алаш зиялыларының ішінде Мағжан Жұмабаев өзінің «Мен жастарға сенемін» деген шығармасында, жастардың батыл, қайратты, арманшыл, болашаққа сенімі күшті, жалынды жүрегі бар, арын жанынан да жоғары қоятын қазақ жастарына үлкен сенім артады. Шығарманың негізгі мазмұны жас, өсіп келе жатқан ұрпақтың негізгі мақсаты - биіктерге жету, олардың жүректері таза, елін қорғауға дайын айбынды батыр, туған жерін жақсы көретін, тұлпардай мықты, қанаты талмайтын, иманы жоғары, қасиетті Құранды қадірлейтін «Алаш» деген ұранды жоғары ұстайтын, «Алаш» атын әлемге танытатын «Мен жастарға сенемін» деген танымдық, тәрбиелік, патриоттық мәні жоғары шығармасында жастардың ел тағдырындағы рөлін жоғары бағалаған [4].

Алаш зиялыларының көрнекті өкілі Мұстафа Шоқай «Ұлттық зиялы» деген мақаласында оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін ұлттық зиялы қатарына қоса беруге болмайды. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Оқыған жастар халықты ұлт деңгейіне көтеру үшін халық бұқарасын біріктіріп, олардың санасын біртұтас саяси-әлеуметтік санаға жеткізуде үлкен міндет атқаруы керек. Осы мақаласында Мұстафа Шоқай дүние жүзінде зиялыларсыз ұлтқа айналған саяси-әлеуметтік халық бұқарасының бірлігі ешқашан болған емес деп көрсетеді. Сонымен қатар автор өзінің мақаласында батыс тәрбиесін алған зиялыларының өз халқына өгей болуынан сақтандырады. Батыс тәрбиесі жастарымызды жан дүниесіне сінген шығыс зердесінен айырады деп қауіптенеді. Батыс тәрбиесін алған жастар басқа жақтан жинаған білімдерін өз халқының өмірімен бірлестіре алмайды дей келе, Шоқан Уалихановтың трагедиясы деп мына пікірді айтады. Шоқан туралы естелік жазған бір орыс жазушысы: «осы бір бұратана өкілі көз талдырар биікке көтерілгеннен кейін, кенет өз халқының тағдыры хақында үрейленіп, іркіліп қалуы, өз халқына жат адамға айналып қалудан қорыққаны оның өзін-өзі қорғау түйсігінің әсерінен болғанын көрсетеді», - деген еді [5].

Біздің пікірімізше, Шоқан орыс халқының рухымен өз халқын бақытты ету мүмкіндігін іздеді. Мұстафа Шоқай осыған байланысты батыс тәрбиесін алған Шоқанның өмір сабақтарын ұмытпаған дұрыс дейді. Дұрыс дей келе, еліміздің болашақ иесі жастарымыздың көпшілігі ұлттық бағыттың бастауында бола алмай, Мәскеулік диктатураның зұлымдығын көріп, өсіп келеді. Соған

қарамастан Түркістан жастарының басым көпшілігінің ұлттық рухы жоғары деп ой қорытады.

Бірлік пен береке болса, түркі дүниесіне сырттан ешқандай күштің әсер ете алмайтындығы туралы, Германияда оқып жүрген Түркістан жастарына арналған үндеуінде Мұстафа Шоқай былай дейді. «Алыста жүріп, ел қайғысын ойлап, Еуропаның әр тарабында жүрген, бүгінгі Түркияда тұрған Түркістан жастары, бірлесіндер. Сендердің бірліктерің, сендердің бір-бірлеріңе күш қосуларың еліміздің бақытына қызмет етпек. Мұны ұмытпаңдар. Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ. Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мұқаббат уәзипа болмақ. Мұны ұмытпау керек. ...Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға аузының аласы» бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Бәріміз бір болсақ, біздің жеңбейтұғын жауымыз болмайды, мақсатымызға жетеміз! Онсыз біздің күніміз жоқ, құрып кетеміз. Түрік баласы, ұмытпаңдар, бастарыңдағы бөтен елдің өкіметін шығарып тастауға, аударып тастауға тырысыңдар!», бұл тарихи сөздің бүгінгі күні де мағынасы өте жоғары.

Ахмет Байтұрсыновтың «Орысша оқушылар» деген мақаласында Орынбор қаласындағы Қырғыз мұғалім мектебіне емтихан тапсыруға келген талапкерлер туралы былай дейді: «Оқуға 80 бала келді, оның жартысы қазақ, жартысы орыс балалар. Мемлекет тарапынан берілетін шәкіртақы 6 ғана, 80 баланың 6-нан басқалары өз қаражатына оқиды. Ол 150 сом ақша төлеп, мектептен тамақ ішіп, киім киіп, сонда жатып оқуға болады. Ауқатты адамдарға 150 сом – ақша емес. Ауқатты адамдар мектепте тегін жатып оқитын кедей балаларға орын беруге болады ғой. Бірақ оны істетейтін Торғай мен Орал облысында байлар жоқ. Ол орындарға байдың балалары жарлы балалармен таласып кіреді. Осы байларға қарама-қарсы атақты Мамановтардың дарынды қазақ жастарының оқуына мүмкіндік жасап Жетісу жерінде Мамания мектебін ашқандығы туралы айта келе, ұлт жұмысы үлкен жұмыс, үлкен жұмысқа көп жұмысшы керек... жұмысшы аз болса, жұмыстың өнімі де аз, көп болса, өнімі де көп болмақшы. Егер де оқу іздеген талапкерлерімізге аз ғана оқырлық орын тауып, басқалары қаңғырып далада қалып отырса, жұрт жұмысы көбейіп мандыр ма?... 6 млн қазаққа 6 ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе? Бұл да сол сияқты емес пе? Сол қаңғырып қалып тұрған ибалалар ұлттың ұлы емес пе? Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын! Балам деп бағып, оқытып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп танымаса сонда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ... Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең құл болмақшы. Егер де осы күні орысша, мұсылманша оқығандардың арасында жұртым дер ұл-ер шығып жатса, жұрттың өткізгенін төлеу үшін емес, адамшылық борышын басынан атқару үшін. Мойындағы борышты білу – білім ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі. Қорыта келгенде, Ұлт зиялылары өздерінің тарихи мақалаларында жас ұрпаққа оқу-білім алу арқылы елге қызмет жасаудың нақты

бағыттарын көрсеткен. Сол бағыттарды бүгінгі жас ұрпақ толықтай ұғынып, дамытып, оқу-білім саласында толағай табыстарға жетуде.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2014 жыл 12 сәуір.
2. С. Әбдібек, А. Шотбайқызы. Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы // Егемен Қазақстан. – 2019. – 24 қаңтар (№15). 1-4 б.
3. А. Смағұлова, М. Өндірқан, Ж. Иманғаликова. Алаш және тарих: ғылыми жинақ. 2 том. – Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2017
4. А. Смағұлова, М. Өндірқан, Ж. Иманғаликова. Алаш және тарих: ғылыми жинақ. 4 том. – Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2017
5. Мұстафа Шоқай. Бірінші том. Алматы, «Қайнар» 1998.

**Нәзір Төреқұлов қазақ халқының қамқоршысы**

**Ә.Д. Санақ**

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, тарих факультетінің студенті

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Н.А.Бейсенбекова

Кеңестік ресми тарих мүлдем елемей келген, алаш азаматтарының бірі-көрнекті қоғам қайраткері, дипломат - Нәзір Төреқұлов. Нәзір Төреқұлов қазіргі Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданына қарасты Сыр бойындағы Қандөз деген жерде 1892 жылы туған. Әкесі Төреқұл Нәзірді жастайынан мұсылман мектебіне береді. Мұнан соң Қоқан училищесінде оқиды. Нәзір Төреқұлов сегіз тілді білген. Шешесі тәжік қызы болғандықтан парсы тілінде жетік білген[1,6].

Н.Төреқұлов 1922-1928 жылдары Мәскеудегі Ұлттар Комиссариаты жанындағы КСРО халықтарының Орталық баспасын басқарды: шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде дәріс оқыды; біраз уақыт осында проректорлық қызмет атқарды. Баспаны басқарған жылдары шығыс әдебиетінің асқан білгірі ретінде ғалымдық дарыны жарқырап көрінді. Қазақ, орыс, өзбек, түркі араб, парсы, ағылшын, неміс, француз тілдерін еркін меңгерген жан-жақты білімді адам болған. Н.Төреқұлов Мәскеу зиялылары арасында танымал болған. Ол 1923 жылы Бакуде өткен I түркологиялық конгреске арнайы қатысып алфавит жайында баяндама жасады. Онда латын әліпбиін қолайлы қазақ, өзбек, тәжік тілдерінде оқулық жазады. «Түркі халықтары кіндік баспасы» бас редакторы кезінде 12 тілде кітап ұйымдастырып, басып шығарып отырған. Сонымен қатар Нәзір Төреқұлов латын графикасы туралы 1924-1925 жылдары «Еңбекші қазақ» газетіне «Қазақ білімділерінң съезінде латын қарпі», «Бұл да сын», «Латын әрпін алу тартысының жаңа бет алысы» деген мақалаларын жазған. Оның 1924 жылы Мәскеуде басылып шыққан «Жаңа әліпби неге керек?», «Жаңа әліпби» деп аталатын еңбектерінде әліпбилердің тарихына шолу жасап, салыстырып, латын әліпбиіне көшудің тарихи қажеттілігін көрсетеді. Бұл

еңбекте Н.Төреқұлов латын әліпбиіне көшудің уақытша қиындықтары мен қатар оның қазақ ұлтына беретін мүмкіндіктерін талдап түсіндіреді[2,7]. Нәзір Төреқұлов СССР халықтарының Орталық баспасы басқармасының төрағасы болған. Орта Азия мен Қазақстанда баспасөз орындарын ұйымдастыру, газет-журналдар шығару, озық әдебиет туындыларын ұлт тіліне аудару және оларды редакциялау ісіне белсене араласқан. Шығыс халықтары тілінде кітап шығаратын редакциялық алқаны тікелей өзі басқарды. Қазақтар үшін «Темірқазық» атты айына бір рет шығатын саясат, шаруашылық, білім, әдебиет журналын ашып, оның бас редакторы, әрі белсенді авторы болды. Абай шығармаларын тұңғыш рет Ташкентте бастыру ісін тікелей жүзеге асыратын да Нәзір Төреқұлов болды.

Сонымен қатар Нәзір Төреқұлов Түркістан республикасы кеңестерінің X съезінде жер реформасы жайлы мәселе қозғаған. Онда қазақтардың дәстүрлі шаруашылықтың шаңырағы шайқала бастағанын, және көшпелі мал шаруашылығының бәсең дамып жатқандығын көрсеткен.

Өзінің қысқа өмірін Нәзір Төреқұлов толығымен ұлтына, оның болашағына арнады. Сол ірі аласапыран заманда одақтық деңгейде басшылық қызмет атқарды. Соның ішінде Түркістан Орталық Атқару комитетінің төрағасы ретінде халқымыздың жағдайын, әл-ауқатын жақсарту, мәдениет, білім ошақтарын көбейту, жастарды тәрбиелеудегі еңбегі ұшан-теңіз. Сонымен қатар Нәзір Төреқұлов мектепте білім беру мәселесінде назардан тыс қалдырмады. 1925 жылы өткен I бүкілодақтық мұғалімдер съезінде жасаған Н.Төреқұловтың «Ұлт мәселесі және мектеп» атты баяндамасы бойынша қабылданған қарарда айқын көрініс тапты. Оның басты қағидалары: 1.Ұлттық мәдени-ағарту мекемелерінің қолдағы бар жүйесі орнықтырылып, ол мемлекет бюджетінің есебінен біртіндеп кеңейтілсін.

2. Аса мұқтаж болып отырған аудандарда ұлттық мектептерге арналған ғимараттар салу туралы мәселе кезекке қойылсын.

3. Тұрмыстық салт-дәстүр салдарынан ортақ мектептерде әйелдер бірге оқи алмайтын ұлттық республикалар мен облыстарда әйелдерге білім беруді дамытуға айрықша көңіл бөлінсін.

4. Кеңес өкіметінің жергілікті органдары арқылы, ұлт мұғалімдерінің белсене атсалысуымен ұлттық мектепте көмектесетін әртүрлі қоғамдар ұйымдастыру жолымен бұқара халықтың оқу-білімге қазірдің өзінде байқала бастаған ынтасы барынша пайдалансын.

5. Ұлттық республикаларды, облыстарды және аз ұлттарды шаруашылық жағынан өрлетуде айрықша маңызы бар арнайы кәсіптік- техникалық және ауылшаруашылық мектептерін дамытуға ерекше көңіл аударылсын.

6. КСРО-ның барлық ұлт мұғалімдері орыстармен қатар ауылдардың қоғамдық өміріне белсене араласуға шақырды.

7. Ұлттық педагогикалық техникумдар мен мұғалімдер институттарының жаңа мұғалім кадрларын дайындаудағы жалпы жұмысымен қатар, қолдағы бар мұғалім кадрларын жыл сайын және жүйелі түрде қоғамдық-саяси тәрбие ғана емес, педагогикалық тәрбие беру тұрғысынан қайта даярлау курстары ұйымдастырылсын.

8. Таңдаулы ұлттық және аз ұлттар мектептері мен мұғалімдерін жүйелі өсіріп отырудың барлық шаралары қолданылсын; жергілікті баспасөзде ұлттарды ағарту ісіне қазіргі кеңестік жұртшылықтың өзекті мәселесі сипаты берілсін.

9. Орталық пен жергілікті жерлерде баспа жұмысын күшейтуге барынша көңіл бөлініп, мемлекеттік баспалармен қатар әрқилы ұлттық мектепті оқулықпен, кітаптармен, көмекші құралдармен, мұғалімдер басшылыққа алатын арнайы басылымдармен неғұрлым толық қамтамасыз етудің барлық шаралары қолданылсын. Міне осындай қағидалары арқылы білім жүйесіне деген қамқорлығын таныта алды[3,27].

Нәзір Төрекұлов КСРО Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Орталық баспа басқармасының төрағасы ретіндегі өз қызметінің жаңа кеңестік мемлекетте ұлттық мәдениетті дамытуда ерекше үлес қосты. 1928 жылы маусымда өткен мерекелік мәжілісте оның басшысы ризашылықпен былай дейді; «Орталық баспа әртүрлі ұлттардың сан миллиондаған бұқарасының кеңес мәдениетінен сусындауына жүйелі жол салып берді, өзі құрылған қысқа мерзімді бірде бір елде болып көрмеген кітап өнімдері базасын жасай алды. Бес жылда ол оқулық, ғылыми-бұқаралық, қоғамдық-саяси, көркем, ауыл шаруашылық және басқа әдебиеттің 50-ден астам ұлт тілдерінде шығарылған. Оның одақ халықтары үшін айрықша көмекші оқулық базасын жасау-ұлт тілдеріне орасан зор көлемде көрнекті құралдар, яғни артта қалған бұқараны мәдениетке тартудың неғұрлым жанды да төте жолы ретінде маңызы орасан. Орталық баспа қалың бұқара арасында жаңа түркі әліпбиін(латыншаланған) ендіруде де зор рөл атқарды. Ол латын негізінде түркі-татар тілдерінде әліппелер, оқулықтар және басқа әдебиет шығару жөнінде, сондай-ақ Орталық баспа шығаратын газет журналдарды латыншаға көшіруде көп жұмыс жүргізді». Нәзір Төрекұлұлы «Ер Тарғынның» Мырзабай жазып алған нұсқасын, Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған «Ер Сайын» жырын, «Кенесары-Наурызбай» жырының Нысанбай жырлаған нұсқасын, Ахмет Баржақсыұлы жинастырған «Мың бір мақал», Әлихан Бөкейханұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы құрастырған «Жиырма үш жоқтау», «Эзоп пен Толстой 77 мысал» сынды туындыларды кітап қылып басып шығарды. Оған қоса, Мағжан Жұмабевтың «Сұңқар жыры», «Жұртын сүйген жүрек», «Ана», «Темірді жұмсаған Ана», «Хан мен ұлы » сынды аудармаларының да басылуы Нәзірдің арқасы еді. Ол өз баспасы арқылы мүмкіндігінше дұрыс кітап шығаруға көңіл аударған. Бұндай кітаптар сол уақытта қазақ жұртшылығына ауадай қажет болатын. Нәзір Төрекұлұлы алғашқы қазақ баспагерінің бірі хәм бәрегейі еді.

Кеңестік дәуірде сыртқы саясат пен дипломатиялық жұмыс орталықтан басқарылғаны баршамызға мәлім. Сыртқы саясат ведомствосы мен шетелдегі елшіліктерде негізінен орыс, украин, белорусстар бірнеше кавказдықтар, ортаазиялықтар қызмет атқарды, ал қазақ ұлтынан өте аз елшілер болды. Ол туралы С.Батыршаұлы Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар деген еңбегінде: «Жетпіс жылдың ішінде тек бірнеше қазақ елші дәрежесіне жетті, олардың бірі - Нәзір Төрекұлов болды. 1928-1936 жылдары сол кездегі ең жоғары дипломатиялық атақ - КСРО Бас консулы, Төтенше және өкілетті өкіл деген лауазыммен Кеңес Одағының Сауд Арабиясындағы Елшісі қызметін

атқарды. Қазақтан тұңғыш шыққан жоғары мәдениетті, білімді, сегіз тілді жетік меңгерген өкіл өзінің ақыл-жігерімен Джиддада тіркелген Батыс Европа елдері дипломаттарының тілін тауып, туындаған мәселелерді Кеңес үкіметінің пайдасына шешіп отырды»[4,1426] деп атап көрсетті. Нәзір Төреқұлов сол кезеңде әлемдегі ең бір беделді, абыройлы дипломатия басшыларымен, елшілік қызметінің көрнекті қайраткерлерімен тіл табысып, қоян-қолтық араласып солардың құрметіне ие болды. Өзінің бойындағы дарындылығы арқасында сол елде қоныс тепкен шетелдік елшіліктер корпусының жетекшісі биігіне көтерілді. Екі мемлекеттің өзара қарым-қатынасындағы жемісті тұстар тап осы уақытта, Нәзір Төреқұловтың дипломатиялық миссиясы кезеңіне тура келеді. Ол дайындаған көптеген талдамалық құжаттар, анықтамалар және есептер кеңестік-саудтық қатынастардың қалыптасуы мен дамуының толық картинасын береді, сол кезеңдегі арабтар арасындағы саясаттың және ірі державалардың Таяу Шығысқа ықпал жүргізу үшін бәсекелестігінің мәнін ашады. Оның НКВД-тің орталық аппаратымен жүргізген дипломатиялық хат-хабарлары саяси талдау жасай білудің тереңдігімен, жоғарғы саяси шеберлігімен ерекшеленеді[5,4046]. Нәзір Төреқұлұлы 1930 жылы Меккедегі Фейсал ханзадаға өзінің КСРО-ның төтенше елшісі және өкілетті министрі екенін айғақтайтын сенім грамотасын тапсырады. Оның үстіне, Нәзірдің дипкорпустың дуайены (бір мемлекеттегі бүкіл елдің елшілерінің жетекшісі) болып тағайындалуы ағылшындармен арадағы «тарихи тартысты» өз пайдасына шешкендігінің нәтижесі еді. Ол елші қызметімен қатар Хиджаз, Неджи әмірлігі және оларға қосылған облыстарда тұратын халықтардың тұрмыс тіршілігі мен мәдениетін зерттеумен де айналысты. Нәзір Төреқұлов жайында Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Қазақстан Республикасының дипломатиясы» деген еңбегінде: «Сауда-саттық келісімдерінің жоқ екеніне қарамастан 1930 жылдың өзінде кеңестік дипломатиялық өкілдік мұнай өнімдерінің, ағаштың, ұнның, қанттың және басқа да тауарлардың Сауда Арабиясына жеткізілімі туралы жемісті келіссөздер жүргізді. Н.Төреқұловтың тікелей қатысуымен 1933 жылы КСРО-мен сауда-саттыққа қатысты саудтық өкімет орындарының шектеулерін толық алып тастауға қол жеткізілді, денсаулық сақтау саласында Корольдікке жәрдем беру ұйымдастырылды, сондай-ақ бірқатар маңызды жобалар, оның ішінде Ат-Тайф қаласында Сауд Аравиясындағы тұңғыш АТС-ты орнату жүзеге асырылды» деп жоғары баға береді[6, 10].

Нәзір Төреқұлов 1937 жылы «Кеңес Одағына қарсы насихат жүргізді, мұсылмандыққа бет бұрды» деген жалған айыппен өлім жазасына кесіліп, атылды. 1958 жылдың 28 қаңтарында өкілетті өкілге қатысты үкім КСРО Жоғарғы сотының шешімімен өзгертіліп, Нәзір Төреқұловтың жарқын есімі қайта қалпына келтірілді. Алайда, Нәзір Төреқұловтың шынайы тұлғасын тану Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін жүзеге асырыла бастады. Алғашқы жинақ Тайыр Мансұровтың «Нәзір Төреқұлов – КСРО-ның Сауд Арабиясы Корольдігіндегі өкілетті өкілі» деп аталынып, онда, негізінен, Ресей Федерациясы Сыртқы саясат мұрағатынан алынған құжаттар пайдаланылды. Нәзір Төреқұлов туралы кітаптардың жарық көруі қазақстандық, ресейлік және арабтық бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихатталды.

Мемлекетінің мүддесін шет елде биік деңгейде қорғау, жоғары деңгейде елші ретінде төңірегіндегілерді түсіне білу, сол мемлекеттің басшылығымен терезесі тең келісім сөз жүргізу, көрегендік, шешендік өнер, осы қасиеттердің барлығы Нәзір Төреқұлов бойынан табылды. Сауд Арабиясында кеңестік бірінші дипломат ретінде ол Кеңес одағының күшті қуатымен қатар өзін жоғары интеллектуал кеңес азаматы ретінде таныта білді. Оның дипломатия саласындағы қызметі тарихта үлгі ретінде қалады. Бүгінде Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында Төреқұлов Нәзір есімімен аталатын көшелер бар. Оның есімі Шымкенттегі, Түркістандағы және Шолаққорғандағы орта мектептерге берілген. Түркістан қаласында Төреқұлов Нәзір мұражайы жұмыс істейді. Қорыта келгенде тұңғыш кеңестік елші - Нәзір Төреқұловтың есімі қазақ халқының тарихында алтын әріптермен жазылған.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мансұров Т. Нәзір Төреқұлов. - Алматы: «Қазақстан», 2007. -238 б.
2. Сәрсен бек Сахаббат. Төреқұлдың Нәзірі. – Алматы: 2003. -27 б.
3. Амреев Б. Казахстан и Саудовская Аравия: от восстановления исторических связей к политическому партнерству (1992-2002 гг.). - Астана: Елорда, 2002. -280 с.
4. Батыршаұлы С. Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар. - Астана: 2011. -142б.
5. Нәзір Төреқұлов шығармалары // Алматы, 1997. -67 б.
6. Токаев Қ. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. - Алматы: «GAUHAR», 2002. -404б.

### **Алаштың ардақты азаматтары**

**Р.К.Аятбекова**

қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі  
№16 ЖББОМ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында әрбір азамат туған жерінің тарихын білуге, құндылықтарын қастерлеп, дамуына өз үлесін қосу қажет деген міндетті қойып отыр. Мақалада Елбасымыз «Бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. Бірақ, қандай да бір тарихи оқиғаны таңдамалы және конъюнктуралық тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды. Ақ пен қара – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Бұлар өзара бірлескенде жеке адамдардың да, тұтас халықтардың да өміріне қайталанбас реңк береді. Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси құғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ.» деп тарихымыздың естен кетпес ауыр кезеңдерін атап өткен. [1]

Кез келген халық, оның ұрпағы туған елінің тарихын, өзінің туған жеріне үлес қосқан ардақты азаматтары мен ұлы тұлғалары туралы білуі парыз деп есептеймін.

XIX ғасырдың соңғы ширегі, XX ғасырдың бастапқы жылдары Алаш қозғалысы рухани-әлеуметтік, қоғамдық-саяси өмірге сәуле шашқан, әр тараптағы қазақтың басын қосқан, әр кеудедегі жеке ел болсақ деген арманды бір мүддеге тоғыстырған жылдар. Ілгері дамуға қадам басқан ояну дәуірінде өмір сүрген қазақтың бір жақсысы Мұхамедхан Сейітқұлұлы болатын. Бұл есім жұртқа беймәлім, аты-жөні көпшілік ортаға, әлеуметке бейтаныс. Бірақ бұл азаматтың өзі көпке таныс болмаса да, тұяғы, асылдың сынығы бола білген біртуар ұлы – Қайым. Бүгінгі оқырманға есімі етене таныс, атақты профессор, түрмелі сүргінді көрген, КарЛаг азабын тартқан, Абай хәкімді зерттегені үшін сотталған, Мұхтардай данаға шәкірт болғаны үшін тақсирет арқалаған Қайым Мұхамедханов еді.

Қайым Мұхамедханов – көрнекті ғалым, мәтінгер, Семей қаласындағы алғашқы Абай мемлекеттік әдеби мұражайының негізін қалаушы, абайтану ғылымының негізін салушы, М.Әуезовтің адал шәкірті әрі серігі, ақын, жазушы, драматург, аудармашы, үздік тәлімгер ұстаз және қоғам қайраткері. Абай хәкімді зерттегені үшін сотталған, Мұхтардай данаға шәкірт болғаны үшін тақсиретінарқалаған еді. 1930-жылдардың аяғында Абай мұрасы, оның шәкірттері мен ізбасарларына жойылып кету қаупі туды. Абай сөзібұрмаланды, шығармалары ғылыми тұрғыда зерттелмеді. Қолжазбалары мен жеке заттары жоғалып, өмірінің куәгері болған қариялар азайды. [2:14]

Ғалымның елеулі еңбегі – ол алғаш рет Абайдың әдеби мектебіне ғылыми негіздеме қалады. «Абай мектебі» бұл – қазақ әдебиетіндегі бірегей мектеп. «Абай мектебі» – бұл абайтану ғылымындағы жаңа бағыт.

1951 жылғы 7 сәуірде ғалым Абай шәкірттерінің мектебі туралы диссертациясын қорғағаннан кейін, орынсыз айыптауға ұшырап, 1951 жылғы 1 желтоқсанда абақтыға қамалды. Ішкі істер халық комиссариатының абақтыларында физикалық және моральдық жәбір көре отырып, ол Абай мектебінен бас тартпады, Әуезовке сатқындық жасамады, сол үшін де 25 жылға бас бостандығынан айырылды. «Адам бір рет қана өледі. Мен сол кезде: алаштықтар сияқты адамдар қайтыс болып жатқанда, менің өлімім не?!». - деп ойлады. Қайымның бұл сөздерінде – адам рухының және туған жерінің патриот-азаматының күші бар емес пе?!

Ғылымға қосқан үлесі үшін, халыққа көрсеткен қызметі үшін ғалым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Сталиндік репрессия кезеңінде тарихи шындық үшін әзір болып, басынды тігетін жағдайлардың болғанын ешкім ашып айта алмады. Сондықтан, жастар ғылыми әділдіктің жеңілдікпен келмегенін білуі тиіс. Ғалымның адами моральдық қағидасы мен этикасы ғылыми-мәдени құндылықтарды сақтауда елеулі орын алады.

Қайымның әкесі Мұхамедхан Сейітқұлов 1870 жылы Семей қаласында туған. Ол – аса мейірімді, білімді, жомарт, алашордашы, ислам уағызшысы болған адам еді. Оның қазақ мәдениетінің белгілі қайраткерлерін қалыптастыру жолындағы еңбегі ерен.

М.Сейітқұлов XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың алғашқы үш онжылдығында қазақ халқының рухани дамуына ықпал етті. Ол көптеген

қолжазбалар мен тарихи өлең-жырларды жинақтаушы және мәдени мұраны сақтаушы. Алаш идеясын дамытуға және іске асруға Алаш париясының үйін ашқан, мәдениет қайраткері. Сол уақыттағы жазушылар мен баспагерлердің арасындағы қарым-қатынасты қолдайтын, жомарт меценат болды. Дүниенің тетігін тауып, мал өсіріп, дәулет жиған М.Сейітқұлов байлығын, қаржысын ұлт жолына бағыштап, Алаш қозғалысының дамуына материалдық қолдау көрсеткен.

Сталиндік қуғын-сүргін, жеке басқа табыну аласапыраны келгенде бұл азамат та сол зымиян саясаттың сойылын жеп, ақырында 1937 жылдың 2 желтоқсанында ату жазасына кесілген. Бар жазығы сол – Алаш ұранды топтың қолдаушысы болғаны және ислам дінін насихаттап, уағыздағаны.[3]

Семей семинариясында оқып жүрген кезінен бастап Мұхтар Әуезов М.Сейітқұловпен жақсы таныс болып, туған інісіндей болып екен. «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» пьесаларын сахнаға даярлау кезінде репетицияларын үнемі сол кісінің үйінде өткізген. Мұхтармен бірге Жүсіпбек Аймауытов, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев Сейітқұловтың үйінде жиі қонақ болып тұрған. Сонымен қатар, Мұхамедхан Сейітқұлов Мұхтар Әуезов пен Хасен Тұрлыхановтардың моральдық, материалдық және рухани жетілулеріне, белгілі тұлға болып қалыптасуларыда маңызды рөл атқарды. Әлихан Бөкейханов Семейдің сол жағалауында өткен жиында қалаға бастапқы «Алаш» атауын қайтару туралы мәселе көтерген кезде, М.Сейітқұлов оған қолдау беріп, қалаға «Алаш» атауын қайтаруды нақтылы дәлелдермен қорғаған. Осындай заманалар мен дәстүр жалғастығының мысалдары аз емес.

М.Сейітқұловтың қаржыландыруымен «Сарыарқа» газеті, 1918 жылдан бастап Ж.Аймауытов және М.Әуезовтың редакциясымен «Абай» журналы шығарылатын. Соған орай баласының әкесі туралы айтқан жүрекжарды сөзін келтіре кетсем: «Әкем Мұхамедхан – заманына сай көзі ашық, сауатты адам еді. Бойына біткен кісілігі шығар, ертеден ұлы Абай төңірегімен аралас-құралас болған. Бергі төңкеріс кезінде Семейде шыға бастаған Алаш үні «Сарыарқа» газеті мен Жүсіпбек пен Мұхтар шығарған «Абай» журналына, қазіргі тілмен айтқанда, меценат ретінде демеушілік көрсетуі сол ұлы ақынның өнеге-тәрбиесі емес деп кім айтады? Әкем қойын дәптеріне «бүгін ана газетке пәлен сом, мына журналға түген сом көмек жасадым» деп тіркеп қояды екен. 1937 жылы әлгі дәптер өзімен бірге тәркіленіп, қамауға алынды. Тегінде, әкем 1870 жылғы, яғни Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановпен құрдас. Әлекең 1938 жылдың мамыр айында, ал оның құрдасы, жолдасы Мұхамедхан 1937 жылдың желтоқсан айының басында атылған. Бұл жаза ол қамауға алынған соң небәрі 45 күн ішінде орындалған. Ал бізге ол кезде «әкеміз он жылға сотталды» деген хабар тиген. Негізгі шындықты еліміз тәуелсіздік алған соң, арада 55 жыл өткеннен кейін білдік...» . [4:6]

Енді бір қызығы сол, кешегі теріс саясаттың салдарынан «Абай» журналы көптеген жылдар бойы шықпай, жабылып қалғанда, еліміз егемендікке қол жеткізген беттен оның қайтадан жанданып шығуына бірден-бір себепкер болған адам – баласы Қайым Мұхамедханов.

Әдебиетке, өнерге бала жасынан құмар болған М. Сейітқұлов қазақтың көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған, тарихи-әдеби мұраларды хатқа түсірген, ескі жәдігерлерді сақтап, келешекке жеткізген. Халқымыздың ауыз әдебиеті, тарих пен шежірені жинастыра жүріп, Мұхамедхан білмекке құмар жандарды қолындағы рухани қазынасымен сусындата отырып, өзі де көшелі кісілерден ел мен жер тарихына қатысты құнды деректерді біліп алудан арланбайтын. Оның жеке басының өнегесі мен абзал қасиеттері, ұлт үшін басын бәйгеге тіге алатын қайраты мен ақылы алдыңғы толқын Алаш арыстарының соңынан ерген талай кейінгі жас буын өкілдері үшін үлгіге айналды.

Мұхамедхан Сейітқұлов ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырды байланыстыра отырып, халықты мәдениет пен тарихтың мәңгілік құндылығының айналасына біріктірді. Қайым Мұхамедханов Қазақстанның ғылымы мен мәдениетіне маңызды үлес қосты және әкесінің рухани-адамгершілік істерін жалғастыра отырып, ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырды біріктірді.

«Бақыт деген – бостандықта болу, шындықты айту және еш нәрседен қорықпау. Тек осылай өмір сүру керек. Адам үшін бұл басты нәрсе»-деген өмірлік ұстаныммен өмір сүрген ғалымның және ұлағатты әкесінің барлық өмірі мен ерен еңбектері жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін, Отанға деген ұлжандылығын қалыптастырудың даңғыл жолы іспетті.

Мен – анамын, ұстазбын өмір тәжірибем жеткілікті деп ойлаймын. Өзім сияқты аналар, ұстаздар, өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді дарыту мақсатында М.Сейітқұлов пен баласы Қ.Мұхамедхановтың бойындағы асыл қасиеттері арқылы тәрбиелеуіміз керек деп есептемін. Біз қоғамның қамын ойлайтын азамат тәрбиелеуіміз керек. Осы игі істе бізге жол көрсететін Алаштың ардақты азаматтарының даналығы болып табылады. Осындай ұлы тұлғалардың үлгі-өнегесі жастарды ізгілікке, имандылыққа, адамгершілікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелейді. Жалпы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу ісінде әке мен баланың ұрпақ сабақтастығындағы патриотизмнің ғылыми құндылығы мен тәрбиелік мәні жоғары асыл мұра екеніне көзім жетті.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Ә. Назарбаев: «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы 21.11.2018ж. egemen.kz
2. «Әке мен бала – Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қайым Мұхамедханов – Отан патриоттары. Отец и сын Мухамедхан Сейткулов и Каюм Мухамедханов-патриоты Отечества»: «Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қоры Алматы, 2017
3. <https://turkystan.kz/article/93937>
4. Қ. Мұхамедханов «Алаш арыстары аңсаған асыл армаңыңыз осы», «Егемен Қазақстан» газеті 26.09.2001ж.

**Отан үшін отқа күйген әке мен бала**

**А.Б. Бексултанова.**  
10сынып оқушысы

Семьей выписвалось много газет, журналов того времени на казахском, татарском и русском языках. Например, первый казахский журнал «Айқап» и газету «Қазақ», татарскую газету «Уақыт», журнал «Шура» и многое другое. Первыми издателями журнала «Абай», как известно, были М.Ауэзов и Ж.Аймауытов. Домашняя библиотека постоянно пополнялась новыми книгами. Среди них были произведения устного творчества, классиков мировой и русской литературы. Каюм вспоминает: «Мой отец создал в нашем доме благодатную атмосферу интеллектуального духовного общения. В нашем доме бывали известные представители казахской интеллигенции, деятели науки, литературы и искусства, такие как: Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсунов, Мыржакып Дулатов, Мухтар Ауэзов, Жусипбек Аймауытов, Султанмахмұт Торайғыров».

В 1928 году наступило страшное время для нашего народа: в начале это была конфискация скота у баев, насильственная коллективизация, массовые репрессии казахской интеллигенции. В эту страшную волну попали А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Ауэзов и другие.

Сейчас все знают о голоде и массовой гибели казахов 1930-х годов.

Репрессии 1937 года не обошли и их семью. Его отец был арестован органами НКВД 24 ноября 1937 года и 27 ноября постановлением тройки УНКВД приговорен к расстрелу. 2 декабря 1937 года – расстрелян [4].

Каюм был оставлен преподавателем кафедры казахского языка и литературы после окончания филологического факультета Семипалатинского педагогического института. Первое его выступление в печати относится к 1937-му году.

В 1940 году публикуется серия статей о творчестве поэтов-учеников Абая под общим названием «Литературная школа Абая».

В 1940 году был Каюм принят в члены Союза Писателей СССР. В этом же году принимал активное участие в создании литературного музея Абая в Семипалатинске. Затем он работал старшим научным сотрудником. А в 1947 году, когда музей был передан в ведение Академии наук, он был назначен его директором. Одновременно с этим был и уполномоченным Союза Писателей Казахстана по Семипалатинской области.

А когда в 1944 году был объявлен открытый конкурс на создание Государственного Гимна Казахстана, он решил принять участие в нем. Его

вариант текста гимна был одобрен конкурсной комиссией и в 1945 году утвержден Указом Президиума Верховного Совета Казахской ССР.

В сумме к 1945-1950 годам опубликовано 11 статей о литературной школе Абая и статьи: «Абай и Пушкин», «Абай и Лермонтов», «Абай и Крылов» и другие.

Каю в 1951 году защищает кандидатскую диссертацию на тему «Литературная школа Абая». Как известно, в 1950 годах вновь начались репрессии. Которые не прошли мимо него. Через несколько месяцев после защиты диссертации, а именно 1 декабря 1951 года Каюм был арестован органами МГБ и осужден на 25 лет лишения свободы.

После смерти Сталина в 1955 году он был полностью реабилитирован.

Каюм продолжает трудиться в литературном направлении и к 1955-1959 годам им было опубликовано 11 статей по абаеведению и выпущено две монографии: «Магауия Ибрагимович Кунанбаев. Жизнь и творчество» и «Текстология произведений Абая».

В 1984 году был издан сборник его пьес.

Из многих опубликованных работ назову лишь несколько:

-«Научно-творческая биография М.Ауэзова»; -«Биография и текстология произведений Бухар жырау»; -«Текстология произведений Махамбета».

В последние годы реабилитированы такие известные деятели литературы и науки как Шакарим, А.Байтурсынов, М.Жумабаев, Ж.Аймаутов, М.Дулатов, А.Букейханов. Жизни и деятельности которых изучал так же Каюм[5].

### **Заключение**

Сегодня спустя года, ужеживя в независимом Казахстане, мы можем говорить о том, что справедливость восторжествовала. Большинство тех, кто пострадали, в годы от репрессий были реабилитированы. Каждый из репрессированных получил компенсацию за конфискованное имущество, реабилитацию и как репрессированные, положенные льготы. Но наверно самое главное, что они получили это право называться просто человек, а не ребенок «врага народа». Конечно, спустя годы все это можно было восстановить, но кто же вернет потерянное детство у ребят. Вернет, те радостные минуты, которые должен прожить каждый в своем детстве, времени самом беззаботном и счастливым в человеческой жизни. Каждый из них сам давно решил для себя, как он относится к событиям того времени и кого он винит в том, что происходило в те нелегкие годы. Но что самое примечательное, что они не были сломлены режимом и системой.

А долг, нас сегодняшних знать и помнить о прошлом, не закрывая глаз, не делая вид, что былшем поросло прошлое. Современное человечество сегодня имеет целый пакет международных документов о защите детства, начиная с Конвенции о правах ребенка. Но современная практика говорит об обратном: гибнут, страдают, мучаются дети, будущее человечества: в войнах, межнациональных и религиозных конфликтах. Практический выход нашего исследования мы видим не только в том, что работа- методическое пособие для учителей истории, материалы для школьного музея. На основе нашей работы мы предлагаем учащимся нашей школы разработать социальный проект, целью

которого станет обращение к учащимся о информированности детей- жертвам политических репрессий.

М.Сейткулов сыграл большую роль в становлении многих знаковых фигур нашей истории, поддержав их материально, морально, духовно (Ауэзов, Турлыханов, др.), но в первую очередь он сыграл главную роль в воспитании своих детей.

#### **Список литературы:**

1. Каюм Мухамедханов: «Несколько слов о моих истоках...» / Қайым Мұхамедханов: Тағдыр және Қарлаг = Каюм Мухамедханов: Судьба и Карлаг.- Алматы, 2008.- с. 14-19
2. АЛЛАБЕЛЯКИНА ЧЕЛОВЕК - ЛЕГЕНДА THE HUMAN BEING AS A LEGEND Алматы 2009
3. Достойный след в культуре / ОФ Центр образования и культуры имени К.Мухамедханова // Вести Семей. — 2016. — 18 марта. — С.5
4. Мухамедхан Д. Не отрывать от корней // Казахстанская правда. — 2014. — 18 января. — С.5
5. Мухамедхан Д. «Счастье быть свободным, говорить правду и не бояться ничего // Казахстанская правда. — 2014. — 31 мая. — С.10

### **Әке мен Бала – Мұхамедхан Сейтқұлов және Қайым Мұхамедханов**

**Б.К.Исаинова**

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,  
№73 негізгі орта мектебі

*«Адам баласы адам баласынан ақыл,  
ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.»*

Абай Құнанбайұлы

**Мұқаметхан Сейтқұлов (1870-1937) аса мейірімді, білімді, жомарт, алашордашы, ислам уағызшысы болған адам.** Қазақ мәдениетінің белгілі қайраткерлерін қалыптастыру жолындағы еңбегі ерен. М.Сейтқұлов ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың алғашқы үш онжылдығында қазақ халқының рухани дамуына ықпал етті. Ол көптеген қолжазбалар мен тарихи өлең-жырларды жинақтаушы және мәдени мұраны сақтаушы. Мұқаметхан Сейтқұлов 1937 жылдың 2 желтоқсаны күні түнде атылды. Кейін ақталды.

СССР Прокуратурасы  
Семей облыстық  
ПРОКУРАТУРАСЫ  
490050, Семей қаласы  
Панфилов, 69, тел. 2-20-47



Прокуратура СССР  
ПРОКУРАТУРА  
Семипалатинской области  
490050, г. Семипалатинск  
ул. Панфилова, 69, тел. 2-20-47

„07“ февреля 1992 г.

На № \_\_\_\_\_ от \_\_\_\_\_

№13-19-92г.

### СПРАВКА

6 февраля 1992 года

г. Семипалатинск

СЕЙТКУЛОВ Мухаметхан, 1870г. рождения был арестован органами НКВД 24 ноября 1937г. и ему было предъявлено обвинение в том, что он является одним из активных участников антисоветской группы мусульманского духовенства, существующей в г. Семипалатинске.

Постановлением тройки УНКВД по Восточно-Казахстанской области от 27 ноября 1937г. Сейткулов Мухаметхан был приговорен к высшей мере наказания – расстрелу. Постановление приведено в исполнение 2 декабря 1937г. Место захоронения неизвестно.

Комиссией по применению ст. I Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989г. "О дополнительных мерах по восстановлению справедливости в отношении жертв репрессий, имевших место в период 30-40-х и начала 50-х годов" Сейткулов Мухаметхан был реабилитирован 25 апреля 1989г. и считается несудимым.



Первый заместитель прокурора  
Семипалатинской области

*Б. К. Кеңбеков*

Б.К. Кеңбеков

ВЫПИСКА из протокола № 26  
заседания Тройки УНКВД по Восточно-Казахстанской области  
от 27 ноября 1937 г.

СЛУШАЛИ:

дело УНКВД по Восточно-Казахстанской области № 752, по обвинению:

СЕЙТКУЛОВА Мухаметкана - 1870 года рожд., урож. Жана-Семейского р-на, ВК области, бая, в 1929 г. привлеченного по ст. 61 УК.

Обвиняется в том, что являлся одним из активных участников антисоветской группы мусульманского духовенства.

ПОСТАНОВИЛИ:

СЕЙТКУЛОВА Мухаметкана - РАССТРЕЛЯТЬ, личное имущество конфисковать.

Секретарь Тройки УНКВД по ВК области *Неугодов*

М.Сейтқұловтың үйіне Абай, Шәкәрім, Абай шәкірттері, белгілі мәдениет қайраткерлері, жазушылар мен баспагерлер жиналатын. Үйдің үлкен залының


бір бөлігін мазмұнға бай кітапхана алып тұратын, мұнда көптілді әлем классикасы, жаздырып алынған және әр жерден әкелінген сол заманның газет-журналдары болды. М.Сейтқұловқазақ, орыс, татар, араб тілдерін жетік меңгерген адам болған екен. М. Сейтқұловтың қаржыландыруымен «Сары-Арқа» газеті, 1918 ж. бастап Ж.Аймауытов және М.Әуезовтың редакциясымен «Абай» журналы шығарылған. Әлихан Бөкейханов Семейдің сол жағалауында өткен жиында қалаға бастапқы «Алаш» атауын қайтару туралы мәселе көтерген кезде, М.Сейтқұлов оған қолдау беріп, қалаға «Алаш» атауын қайтаруды нақтылы дәлелдермен қорғаған.

1911 жылы М.Сейтқұлов досы Міржақып Дулатовты кепілдік салып, тұтқыннан босатады. Сонымен бірге, М.Сейтқұлов Шәкәрімнің қамаудан босап шығуына көмектеседі.

Мұқаметхан Сейтқұловтың баласы Қайым Мұхаметханов Семей педагогика институтының филология факультетін 1941 жылы бітірген. Содан көп жыл әдебиет пәнінің мұғалімі, Абай мұражайының директоры қызметін атқарған, 1951 жылы «Абайдың әдебиет мектебі» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғаған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Әдебиетке 1930 жылдың орта шенінде келген. Ол алғашқыда өлең-жырлар, драматургия жанрында бірқатар шығармалар жазған. Әдебиет зерттеуші ғалым ретінде Абай мұрасының текстологиялық зерттеулеріне мол үлес қосқан.

Қайым жас кезінен әкесінің достары берген тапсырмаларды орындайтын – мысалы, Ыдырыс Мұстамбаевтың тапсырмасы – кітапты араб харпімен, көркем жазумен көшіру немесе түрлі тілдерге аудару. Қайым өзінің алғашқы өлеңдерін үйге келген әкесінің достарына оқитын. М.Сейтқұлов 1921, 1928, 1932 және 1937 ж.ж. қуғын-сүргінге және тәркілеуге ұшырады. М.Сейтқұловтың үлкен ұлы Қайымға отбасын асырау үшін 15 жастан бастап көп жұмыс істеуге тура келді. Ол кемежайда жүктасушы, жұмысшы, кадр бөлімі қызметкері, мәдениет қызметкері, мұғалімдік қызмет атқарды. Екі жылдық қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін әзірлеу курсынан кейін, Семей пединститутына түсіп, 1941 жылы экстернмен аяқтайды. Қайым 17 жастан бастап Семей қаласының әртүрлі мекемелерінде сабақ бере бастады. Үздік педагог-тәлімгер өмірінің 60 жылдан астамын жастарды тәрбиелеу және білім беру ісіне арнады.

Туған үйдің жылуы, қоршаған ортасы, білім өрісі өзінің елімен жерін шынайы сүйетін, сондай-ақ ғылыми-мәдени құндылықтарды сақтауды ниет еткен тұлғаны қалыптастырды. Қайым әкесінің жазушылар мен композиторлар, халық ақындары, өнер адамдары мен жақын байланысын байқады. Алашзиялылары Семейдегі (Заречная слободада, ескі атауы «Алаш») Сейтқұловтың үйін кездесу орны ретінде таңдады. Алты жастағы Қайым әкесінің үйінде алғаш рет М.Әуезовты көрді, ол мұнда жиі қонақта болатын. Қайымның әкесі Мұқаметхан Сейтқұлов М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек», «Қарагөз» және т.б. пьесаларының алғашқы репетициясын жасауға қолайлы жағдайлар жасаған адам болған.



Менің туған үйімнің қалдығы.  
 (Заречная слобода - Алаш - Жаңасемей,  
 бұрынғы Айтбай көшесі)  
 Кейін №20 бастауыш мектебі болған. Осы үйге  
 1924 - 28 жж. оқыдым. Қайым. 1978 ж. суреті.

Абайдың 100 жылдығын әзірлеу жөніндегі мерейтойлық үкімет комитетінің Ғылыми хатшысы жұмысын атқара отырып, Қ.Мұхамедханов сол кездегі биліктен қолдау болмаса да, ақын мерейтойын лайықты өткізді. Абайдың Жидебайдағы қыстауын қайта қалпына келтірді.

М.Әуезов қазақ мәдениетінің елеулі бөлігін сақтауға бағытталған бірқатар тапсырманы өзінің шәкірті Қайымға сеніп тапсырды.

Қайым Мұхамедханов (05.01.1916 – 30.06.2004) – ғалым, абайтануды ғылыми негіздеуші, шәкәрімтанудың негізін қалаушы, текстолог, Семейде Абай мұражайын ұйымдастырушы, ұстаз, ақын, жазушы, драматург, әдеби аудармашы, қоғам қайраткері.

Қазақ ССР Гимнінің авторы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының, Жазушылар одағы сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Халықаралық Абай академиясының (Лондон) Алтын медалінің иегері, профессор, КСРО және Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі. Семей, Аягөз қаласының, Жаңасемей, Абай аудандарының Құрметті азаматы. 1000-нан аса ғылыми еңбектің авторы.

Қайым Мұхамедханов – Мұхтар Әуезовтың шәкірті және ғылыми концепциясын жалғастырушы болды. Ол өзінің барлық саналы ғұмырын Абай шығармашылығын зерттеуге арнады, ұлы ойшылдың поэтикалық мектебі туралы ғылымды кеңейтіп, тереңдетті. Өмірінің ең бір қиын кезеңдерінде институтта оқыған дәрістерінде ұлттық мәдениеттің үздік өкілдері – Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов есімдері мен олардың шығармашылығын насихаттады.

Әке мен Бала – Мұхамедхан Сейтқұлов және Қайым Мұхамедханов XIX ғасырдан ХХІ ғ. дейінгі үш жүзжылдыққа созылған заманның рухани байланысын сақтап қалды.

Мұқаметхан Сейтқұлов пен баласы Қайым Мұхамедханов Абай атамyzдыңшығармаларымен тығыз байланыста болып, зерттеулер жүргізіп, Абайдың туындыларын осы күнге жетуге өзіндік үлес қосқан тұлғалар.

**Пайдаланылған әдебиеттер:** <https://abai.kz/post/42757>;

«Әке мен бала – Мұхамедхан Сейтқұлов пен Қайым Мұхамедханов – Отан патриоттары» Дина Мұхамедхан.

## **Мухамедхан Сейтқұлов и К. Мухаметханов - яркие представители духовной элиты казахского народа**

**Филончик Вячеслав**

ученик 9 класса

КГУ «СОШ №15»

Руководитель: **Шах Лидия Альбертовна**

Учитель истории и обществознания

В нашей жизни часто встречаются люди – которые как искорки, ярко горят, зажигая сердца окружающих, дарящие свет мудрости, тоски за судьбу своего народа, государства. И когда с ним разговариваешь, сразу понимаешь, что это человек не такой как все, он необычный, как будто он послан на этот свет не просто так, его предназначение везти доброе, светлое. Я считаю, что одним из таких людей был яркий представитель духовной элиты казахского народа рубежа 19 и первых трех десятилетий 20 века, был алашордынец, меценат культуры Сейтқұлов Мухамедхан.

Родиной Мухамедхана является город Семипалатинск. Имея огромный дом, который всегда был открыт для различных встреч и дискуссий о прошлом, настоящем и будущем, Мухамедхан практически сделал его домом для таких же как он, образованных писателей, ученых, издателей, обществоведов. За редким случаем в его доме не было гостей. К нему шли многие, потому, что знали, что получают помощь, поддержку, так как Мухамедхан слыл щедрым меценатом. Под его поручительством финансировались такие популярные издания того времени, как журнал «Абай», газета «Сарыарка», которые выходили под издательством Ж. Аймауытова, М. Ауэзова.

Немало было и тех, кто подхватывал горение сердца Мухамедхана, впечатляясь личностью нашего героя, которые впоследствии становились его ближайшими друзьями, соратниками и учениками: Турагул, Кокбай, Шакарим, алашордынцы, и многие другие.

Сплотили идеи национальной независимости и автономии Мухамедхана с видными представителями казахской интеллигенции, деятелями литературы и искусства: *Алихан Букейханов, Ахмет Байтұрсунов, Мағжан Жұмабаев, которые часто посещали библиотеку Сейтқұловых; Мыржакып Дулатов, Мұхтар Ауэзов, Жусипбек Аймауытов, Мухамеджан Тынышпаев – были активными посетителями литературных кружков, собраний; Халел Габбасов, Султанмахмұт Торайғыров, Ыдырыс Мұстанбаев, Сабит Донентаев – являлись*

соратниками Мухаметхана в решении вопросов организации Каз.съезда общественности по вопросам жизни в крае, этот список можно продолжать бесконечно, потому, что благодаря личностным качествам он был любим, уважаем, узнаваем не только в своем крае, но и далеко за его пределами.<sup>1</sup>

Мухаметхан был знатоком театрального искусства, первые сценические постановки «Енлик- Кебек», «Каракоз», были организованы в его доме, при поручительстве М.Ауэзова, который учился в Семипалатинской учительской семинарии, это стало первыми шагами в зарождении театра в крае.

Любовь к книгам прививалась еще отцом Мухамедхана, Каюмом. Уже тогда в его архиве состояло множество книг, журналов, научно-исследовательских трудов на разных языках: каз.яз, рус.яз. татарском яз.

Велико влияние на национальное самосознание степного народа, информирование о событиях в стране, которое осуществлялось через печатные издания: «Айқап», «Қазақ», «Шура», «Сарыарқа», которые пользовались интересом народа и выходили в свет, именно благодаря финансовой поддержке таких купцов-меценатов, как М.Сейткулов.

Знаменательным событием в жизни Мухамедхана стало рождение сына-Каюма. Его сын был воспитан в духе любви к своему народу, стремлении к просвещению, национальной идеи независимости своей страны. Каюм очень полюбил зданные в Семипалатинске в 1912г. поэмы Шакарима «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек»; а также «Қазақ айнасы», «Шежіре – происхождение и история казахов и казахских ханов»; «Книга о религии мусульман» и многие другие книги. Таким образом, все эти источники постепенно входили в круг чтения его сына — Каюма. Продолжал идеи своего отца, направленные на просвещение народа, на поддержание культурного наследия, одна из школ г.Семипалатинска получала финансирование от Каюма.

Оба, и сын и отец, постепенно стали активными участниками встреч представителей национальной интеллигенции, членами Алашорды, поборниками идей независимости, по формированию собственного правительства во благо интересов народа.

Являясь меценатом ученых, преподавателей, писателей, Мухамедхан являлся меценатом сердец и душ жителей края, изучая строки Корана, пытается донести их до слушателей на своих уроках в мечети Тыныбай г.Семипалатинска, а впоследствии служил имамом в мечети №6 (Ахмета Ризы).

**Заключение:** К сожалению, Мухамедхана постигла тяжелая участь алашордынцев.

Какое –то время ему приходится отбывать срок в тюремных затворах г.Семипалатинск, и по приговору «тройки» его расстреляли 2 декабря 1937 года в 2 часа ночи. Таких как он было еще около ста человек. Так произошло массовое убийство представителей национальной элиты, по ложным обвинениям, сфабрикованных государственными органами власти. Реабилитирован посмертно. Место расстрела и захоронения неизвестно. Но незыблем вклад Мухамедхана и Каюма в просвещение народа, в развитие литературы, культуры и образования казахского народа.

**Список литературы:** Мухтар Ауэзов в воспоминаниях современников [о посещении М. Ауэзовым дома отца Каюма Мухамедханова].— Алма-Ата: Жазушы, 1972. — 259 с.

Достойный след в культуре / ОФ Центр образования и культуры имени К.Мухамедханова // Вести Семей. — 2016. — 18 марта. — С.5

Мухамедхан Д. Не отрываться от корней // Казахстанская правда. — 2014. — 18 января. — С.5

Мухамедхан Д. «Счастье быть свободным, говорить правду и не бояться ничего // Казахстанская правда. — 2014. — 31 мая. — С.10

Мухамедханова Д. Источник доброты и чистоты // Вести Семей. — 2016. — 4 марта. — С.5

Мухамедхан Д. «Бывали хуже времена. Но не было подлей» // Казахстанская правда. — 2013. — 31 мая. — С.13

### **Қайым Мұхамедханов – Хакім Абайды зерттеуші**

**Айша Дәулетқызы**

7 сынып оқушысы

Жетекші: **Ш.М.Айтқожина**

тарих пәні мұғалімі

№95 мектеп гимназиясы

*«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» Абай*

«Алтынды шыққан жерден қаз» дейді ғой халық мақалы. Абайтану тұрғысынан алғанда Кәкең сол “самородный сары алтынды” кесек-кесегімен омырып жүрген кісі. Бұл саланың республикамыздағы асқан білгірі, жұрттың бәрін мойындатқан дара жүйрік...» - Герольд Бельгер [1].

Қайым Мұхамедханов (05.01.1916–30.06.2004) – ғалым, абайтануды ғылыми негіздеуші, шәкәрімтанудың негізін қалаушы, текстолог, Семейде Абай мұражайын ұйымдастырушы, ұстаз, ақын, жазушы, әдеби аудармашы, қоғам қайраткері.

Қайым Мұхамедханов 1916 жылы 5-қаңтарда қазіргі Жаңасемейде, бұрынғы «Заречная слободка» аталған жерде дүниеге келді. Кейін Жаңасемейдің бұл бөлігі Алаш қаласы аталғаны белгілі. Қайым Мұхамедханов бала кезінен қазақтың біртуар азаматтарының тәрбиесін көріп өсті. Оған себепкер болған ғалымның әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлыөз шаңырағына Алаш көсемдерінің басын жиі қосып, олардың ат басын тірейтін үлкен үйлері ретінде, кеңес құратын ордалары ретінде белгілі болған. Осындай үлкен басқосулар танымал ақындар мен әншілердің де өз өнерлерін сынайтын, танылатын жері болған. Қазақтың халық ауыз әдебиетінің мол мұралары күні-түні жырланып, әні шырқалып жатқан қасиетті ортадан жас Қайымның алар тәлім-тәрбиесі де мол болды. Мұхамедхан Сейітқұлұлының шаңырағында Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов жиі келіп, отырыстың мәнділігін

арттыратын. Қайым Мұхамедхановтың өмір жолындағы ұлтжандылық, нағыз ұлтшылдық бағыттың қалыптасуына осындай мағыналы басқосулардың да себебі болғандығын ғалым естеліктерінен білеміз. Қайымның әкесі – М.Сейтқұлов (1870-1937) – аса мейірімді,білімді,жомарт, алашордашы, ислам уағызшысы болған адам еді. Оның қазақ мәдениетінің белгілі қайраткерлерін қалыптастыру жолындағы еңбегі ерен.

Қ.Мұхамедханов әріптесі Р.Мусинмен бірге 1922 ж. «Абай» журналын жандандырды, ол редколлегияның Құрметті басшысы және көптеген мақалалардың авторы болды. Журналдың жекелеген нөмірлерінде оның бірнеше мақаласы жарияланды.1918 жылы Қайым Мұхамедхановтың әкесі Мұхамедхан Сейтқұлов Ж.Аймауытов және М.Әуезовтың редакциясымен шығарылған «Абай» журналын қаржыландырған.

Қолжазбалар мен мұрағат материалдарын анықтап, сақтап және зерттей келе Қ.Мұхамедханов Абай, Шәкәрім, Әуезов, алаш зиялыларының шығармашылығын зерттеудің тұтастай ғылыми бағытына жол салды.

Қайым Мұхамедханов 1924-1928 жылдары Жаңасемей қаласындағы бастауыш қазақ мектебінде оқиды. 1929-1932 жылдарда Семей қаласы колхоз жастары мектебінде білімін жалғастырады. 1936-1937 ж мұғалімдер даярлайтын курста оқиды. Ал 1938-1941 жылдары Семей педагогикалық институтында оқиды. Ғалымның еңбек жолы да педагогикалық оқу орнымен тығыз байланыста дамыды. Ұзақ жылдар (50 жылдан астам уақыт) болашақ әдебиетші мамандарды дайындауға талмай еңбек сіңірген ғалымның аға шәкірттерінің өздері де бүгін үлкен ғалымдар мен ұстаздар қатарында. Қ.Мұхамедхановтан білім алған шәкірттерінің кез келгені ғалым ағаның адамгершілікке толы ақ жүрегінің лүпілін қазірге дейін сезінеді десем, артық айтқандық болмас.

Әсіресе, Семей өңірінде әдеби өлкетану мәселесіне, оның ішінде Абайдың ақындық мектебіне байланысты ғылыми-зерттеумен айналысып жүрген кейінгі буын ғалымдардың түгеліне дерлік Қайым Мұхамедханов салған жолмен жүруді дәстүрге айналдырған. Бұл ғалымдардың өз ғылыми тұжырымдарының жоқтығынан емес, қайта аға ұрпақ ретінде Қайым ағаның М.Әуезов үлгісімен салған ғылыми концепциясының дұрыстығында демекпіз. Осы орайда ғалымның қазақ әдебиеттану ғылымындағы іргелі мектеп болып саналатын Абайдың ақындық айналасына арналған «Абай айн-ласындағы ақындар» (1950ж.) атты монографиясы, «Абайдың ақын шәкірттері» (1993-1997) деген ғылыми-зерттеулері әдебиет тарихы ғылымының жаңа бір беттері болып ашылды. Абай мектебінің талантты өкілдері Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Көкбай, Уәйіс, Әріп, Әсет және тағы басқа қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларының жиналып, баспаға дайындалуына және іргелі ғылыми-зерттеулердің нысанына айналуына Қайым Мұхамедхановтың тікелей ықпал еткені рас. [2]

Қайым Мұхамедханов – қазақ әдебиетінің абайтану мектебінің негізін қалаушылардың бірі, шәкәрімтанушы және Шәкәрім шығармаларын алғашқы насихаттаушылардың бірі, әрі жарыққа шығарушы, мұхтартанушы ғалым. Сондай-ақ, Қ.Мұхамедхановтың әдебиеттану саласындағы көптеген мақалалары қазақ әдебиетіндегі жаңа белесті айқындап, қазақ әдебиеті даму бағыттарын

белгіледі. Ғалымның ғылыми еңбектерімен қатар ақындық, жазушы-драматургтық, аудармашылық таланты да ерекше көзге түседі. Сонымен, ақын, аудармашы, қазақ әдебиеті тарихы мен теориясын терең білетін ғалым, Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармашылықтарының білгір маманы, бір сөзбен айтсақ, нағыз энциклопедист Қайым Мұхамедхановтың өз шығармашылық белестері үлгі-өнеге екенін айта кеткен жөн болар

Қазақ ССР Гимнінің авторы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының, Жазушылар одағы сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Халықаралық Абай академиясының (Лондон) Алтын медалінің иегері, профессор, КСРО және Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі; Семей, Аягөз қаласының, Жаңасемей, Абай аудандарының Құрметті азаматы; 1000-ден аса ғылыми еңбектің авторы.

Әкесі тұтқындалғаннан кейін Қайым Педагогикалық институттан қуылады. Сол кезде жасөспірім жігітке әкесінің досы Мұхтар Әуезов моральдық тұрғыдақолдау береді, ол Қайым үшін ғұмыр бойы тәлімгер және ұстаз болып қалды. Шәкірт ұстазына өмірінің соңына дейін адал болды. Адамдарды жақсы танытын М.Әуезов Қайымның бойынан ерекше дарын, имандылық пен адалдықты байқайды. М.Әуезов Қайымды Абай туралы роман-эпопея жазу барысында түрлі тапсырма орындайтын ғылыми тілші етіп алады. Ол бұл кезде Алматыда еді, ал нақтылайтын жағдайлар тек шалғай ауылдардағы ақсақалдармен әңгіме кезінде, мұрағаттарда, түрлі қалаларға хат жазып, хабар алмасу арқылы ғана нақтыланатын.

Сейтқұлов XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың алғашқы үш онжылдығында қазақ халқының рухани дамуына ықпал етті. Ол көптеген қолжазбалар мен тарихи өлең-жырларды жинақтаушы және мәдени мұраны сақтаушы. Мұхаметхан Сейтқұлов 1937 жылдың 2 желтоқсаны күні түнде атылды. Кейін ақталған.

1930-жылдардың аяғында Абай мұрасы, оның шәкірттері мен ізбасарларына жойылып кету қаупі туды. Абай Сөзібұрмаланды, шығармаларығылымитұрғыда зерттелмеді. Қолжазбалары мен жеке заттары жоғалды, өмірінің куәгері болған қариялар азайды. М.Әуезов қазақ мәдениетінің елеулі бөлігін сақтауға бағытталған бірқатар тапсырманы өзінің шәкірті Қайымға сеніп тапсырды:

- Абайдың тұңғыш мұражайын ашуға негіздеме қалау
- Абай шәкірттері мен ізбасарларының мектебін құру және сақтау
- Ойшыл-ақынның құнды сөзін текстологиялық талдау әдісімен сақтап қалу

Қайым жүк көлігімен шалғай ауылдарға айлап сапар шекті. Абайды көзі көрген қариялармен, өмірі мен шығармашылығынан хабардар адамдармен әңгімелесіп, тұрмыстық заттардың, киімдер мен кітаптардың, Абай қолжазбаларының шынайылығын нақтылады. Қайым Мұхамедханов 1940 жылы Қазақстанда, Семей қаласында тұңғыш Мемлекеттік әдеби-мемориалды Абай мұражайын ұйымдастыруға өлшеусіз еңбек сіңірді. Көшбасшылық идея. Десек те, идеяны өмірде іске асыру – көшбасшы болудан да артық. Мұражайды жаңадан бастап құру – әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Қ.Мұхамедханов ұстазы М.Әуезовпен бірге Семей қаласында алғашқы ғимаратты таңдады. Сол

кезеңде 500 жәдігер нақтыланды, барлық жәдігерлерге ғылыми сипаттама беріліп, мұражай бойынша толық «Жолбасшы» құрал жазылды. Мұндай негіздемесіз мұражайдың құрылмасы анық еді.

Қызметін мұражайда аға ғылыми қызметкер болыпбастаған Қайым, жоғары оқу орнында сабақ беруін жалғастырды, ал 1947 жылы Мұражай ҚазССР-і Ғылым Академиясы қарамағына өткізілген кезде және ғылыми қызметті сақтап қалу мақсатында, Академия Президенті Қ.Сәтпаевтың бұйрығымен ол Мұражай директоры болып тағайындалып, 1951 ж. репрессияға дейін басшылық етті. Қайым сонда да педагогикалық қызметін ешқашан тастамады. Профессор Е.Исмаилов сол кездің өзінде: «Қ.Мұхамедханов мемлекеттік Абай мұражайын алғашқы ұйымдастырушы және ғылыми қызметкердің бірі ретінде қазақ әдебиетінің классигі Абайдың өмірі мен шығармашылығына тікелей қатысы бар ерекше құнды қолжазбаларды, мұрағаттық, фольклорлық материалдарды жинақтады».(1945ж.)[3]

Абайдың 100 жылдығын әзірлеу жөніндегі мерейтойлық үкімет комитетінің Ғылыми хатшысы жұмысын атқара отырып, Қ.Мұхамедханов сол кездегі биліктен қолдау болмаса да, ақын мерейтойын лайықты өткізді. Абайдың Жидебайдағы қыстауын қайта қалпына келтіру, ақын және туған-туысқандарының зиратын жақсарту қажет болды. Абай бейнесін мүсін және бейнелеу өнерінде мәңгілік есте қалдыру жұмыстарын ұйымдастыру; заводтарға хат жазып, материалдар іздеу; Абайға және оның айналасына қатысты жерлерде мемориалдық тақта орнату туралы іздену қажеттілігі туындады, - қазір бәрін тізбелеу мүмкін емес. Қайым соның бәрімен айналысты. Сол жылдардағы хаттар мен мұрағат құжаттары – соның айғағы.

Карлагта «Туған ел – алтын бесік», «Балаларыма», «Жұбайым Фархинурға», «Отырдық тар қапаста күнді санап», «Шерубай станциясы» т.б. өлеңдерін жазды. 1952 жылы жазылған өткір және мұңға толы өлеңінен үзінді:

«Туған ел – алтын бесік, ұшқан ұям,  
Көз жұмылмай тұрғанда қайтіп қиям?  
Тарта гөр, Семейімнің топырағы,  
Төстіктей жеріңе мен еркін сыям...»

Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов Қ.Мұхамедхановтың текстологиялық зерттеулерінің маңыздылығын, оның Абай мектебін зерттеуге қосқан үлесін, оның М. Әуезовтың ең жақын досы болғандығын атап өтті. Эпопеяны жазу кезінде М.Әуезов Мұхамедхановтан көп материал алған еді:« ..... Кәкең Абайтану ғылымының ең білгірі болды. Бүкіл саналы ғұмырын абайтану ғылымын дамытуға жұмсады. Абай шығармаларының текстологиясы туралы тамаша зерттеу еңбегін жазды. Соңына«Абайдың ақын шәкірттері» деген төрт томдық қымбат қазына қалдырды. «Абай» энциклопедиясын шығаруға аянбай атсалысты. Кәкең ұлы Мұхтар Әуезовтің ең жақын досы болды. «Абай жолы» эпопеясына байланысты көптеген деректерді Мұхаң Кәкеңнен – Қайым Мұхамедханұлынан алды». [4]

Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында атқарылған ірі-ірі ғылыми-зерттеулер мен абайтану саласындағы тың жаңалықтар да Қайым Мұхамедханов есімімен байланысты. 1995 жылы Абай шығармаларының екі

томдық академиялық жинағы текстологиялық жағынан дұрысталған нұсқасымен шығуына да ғалым аға өз үлесін қосты. Осы жылы жарыққа шыққан «Абай» энциклопедиясының редакциялық алқасын басқарған Қайым Мұхамедханов бұл басылымның да мағыналы, мәнді болуы үшін көп тер төкті. Өмірінің соңына дейін Абай мектебі мен абайтану мәселесіне байланысты талмай еңбектенген ғалым үшін энциклопедияның әр мақаласы маңызды болды. Мақалалардағы мәселелердің тарихилығы мен нақтылығы, Абайдың ақындық мектебінен тәжірибе алған әр ақын мен жеке тұлғалардың шығармашылық өмір жолы туралы тың деректердің сарапталып, баспаға түсуіне аса мән берген ғалым еңбегі нақтылы бағасын алды.

Абайдың мерейтойы кезінде ғалымның ұзақ жылғы еңбегі бағаланып (1996 жылы) Халықаралық Абай академиясының «Алтын медалы», Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы беріліп, ең бастысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды Қайым Мұхамедхановтың ғылыми-зерттеу еңбектерінің көбі әдеби өлкетану бағытында болды.

Қазақ әдебиетінде өлкелік әдебиет тарихының қолға алынып, зерттеле бастауына М.Әуезов ұйытқы болса, Қ.Мұхамедханов өзінің ғылыми шығармашылық жолында үнемі осы бағытты назарда ұстаған ғалым. Оның тарихи шындықты бұрмаламай, деректерді нақтылы дәлелдермен берген мақалалары 400-ден астам. (Ал, жалпы ғылыми еңбектерін есептесек 500-ден асады екен). Мысалы, «Халық ақыны Сапарғали Әлімбетов шығармашылығы жайында», «Мақы Шыңғысұлы Уәлиханов – алғашқы кәсіби қазақ суретшісі», «Қ.Еркебаев және С.Әлім-бетов поэмаларындағы азамат соғысының батыр әйелдері Айқыз және Білісай бейнелері», «Тағы да Айқыз туралы», «І.Бораганский», «Қаракерей Қабанбай», «Бұқар жырау», «Шешен Сабыржан», «Сабыржан Ғаббасов» және тағы басқа мақалаларындағы тарихи тұлғалар ғалымның көркем шығармаларынан өз орнын алып жатты. Ал, «Абайдың бұрын жарияланбаған өлеңдері», «Түзелгені қайсы? Түсініктері қайсы?», «Қазақ әдебиетінің адал досы», «Саади Ши-рази», «Құдай деген сөзден құдай сақтасын» және т.б. мақалаларындағы әдеби-танымдық, тарихи ой-түйіндер көптеген ғалымдардың болашақ зерттеулерінің ғылыми дінгегіне айналды. Қазақ әдебиеттану ғылымы, абайтану, өлкелік әдебиеттану, қазақ әдебиетіндегі текстология мәселелерін Қ. Мұхамедханов еңбекте-рінсіз елестету мүмкін емес. Бұл туралы белгілі әуезовтанушы ғалым Т.Жұртбай өзінің «Қайсар ғалым» (1989, «Жұлдыз») деген мақаласында: «Қ.Мұхамедханов – Абай өлеңдерін жинаушы, Абай мұрасының жазылу, басылу тарихын зерттеген историограф, үш-төрт басылымына түсініктеме жазған библиограф, Абай шығармаларының дұрыс жазылуын жүйелеген текстолог, Абай және оның ақындық дәстүрі хақында монографиялық еңбек жазған теоретик, сол замандағы қоғамдық қарым-қатынастарды зерттеген тарихшы, сол дәуірдегі әдеби нұсқаларды, ел аузындағы өлең-жырды, әңгімеаңызды қағазға түсірген фольклорист», – деп ба-ға-лай-ды. Ғалым ағаға берілген бұл бағадан шы-ғар-машылық еңбектерінің сан тарау, сан салалы екенін байқауға болады. Әсіресе, Абай шығармаларының тарихы мен

текстологиясы туралы сөз еткенде, Қ.Мұхамедханов еңбектерін назарда ұстамау мүмкін емес. [5]

Мәселен, Абайдың үш поэмасының бірі «Өзім әңгімесі» туралы Қ. Мұхамедханов өз ойын білдіреді. Ол шығарманың Абай қаламынан шықпағаны туралы айтады. Және оған бірнеше дәлелді пікірлер келтіреді де поэма Ырсайдың Ысқағы деген Абай айналасындағы ақындікі дейді. Бірақ, әлі күнге дейін бұл мәселеге үңіле назар аударып, зерттеген ғалымдар жоқ. Мұның өзі абайтануда алынбай жатқан белестердің мол екені мен Қ.Мұхамедхановтың ғылыми ой-тұжырымдарының терең де мағыналығын білдіреді. Бұл бір мысал ғана («Абай шығармаларының текстологиясы». 1959ж., 77-бетте). Абай өлеңдерінің текстоло-гиялық зерттеулерінде де Қ.Мұхамедханов өзінің телегей білімі мен ғалымдық парасатын танытты. Ғалым Абайдың «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сегіз аяқ», «Қансонарда», «Сап-сап көңілім», т. б. көптеген өлеңдерінің текстологиясымен қатар кімге арналғаны, қайда шыққанының тарихын да нақтылы, тың тұжырымдар арқылы дәлелдейді. Абай өлеңдер жинағының академиялық басылымдарында Қ.Мұхамедханов дайындаған түсініктемелерде де нақтылық пен ғылыми талдаудың жаңа қағидаларын көреміз. Бұл зерттеулер болашақ әдебиет теориясы мен әдебиет тарихын зерттеушілерге дайын зерттеу нысандары деуге болады.

Абай мектебі – бұл абайтану ғылымындағы жаңа бағыт. Бұлар Абайдан оқыған, кеңесін тыңдаған, Абай арқылы орыс, әлем және шығыс мәдениетімен танысқан бір топ ақын-жыраулар, сазгерлер мен ертегішілер, әншілер. Абай шәкірттері ұлы ойшыл, ақынның гуманистікжәне философиялық көзқарасының әсерінде болды. Олар – ақынның өз ұлдары және жас ақындар – Әубәкір, Әріп, Әсет, Баймағамбет, Көкпай, Мағауия, Тұрағұл, Шәкәрім, алаш зиялыларытәріздіізбасарлары. Қ.Мұхамедханов Абай мектебі ақындарының есімдерін қалпына келтірді, олардың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер жинап, толық өмірбаяндарын жазды. Бәрінен бұрын, ол Абай шәкірттері мен ізбасарларының шығармаларын қалпына келтіру бойынша ірі іздестіру-зерттеу жұмысын жүргізіп, ғылыми түсініктер беріп, баспаға әзірледі. Абай шәкірттері мен ізбасарлары мектебі – ғылымдағы жаңа бағыт, оны, нақты айтқанда, мәдениеттің бір кезеңінанықтап және сақтап қалған Қайым. Қ.Мұхамедханов 1940 жылы тапқан Абай шәкірттерінің еңбегі ғылыми айналымға енгізілген. Қазір Абай шәкірттерінің шығармалары көпке белгілі, бұл еңбектер мектептер мен оқу орындары бағдарламасына енген: Ақылбайдың- «Дағыстан», «Зұлыс», «Хисса Жүсіп», Мағауияның - «Медғат-Қасым», «Еңлік-Кебек», Көкбайдың -«Сабалақ», «Кенесары-Наурызбай», Әсеттің- «Салиха Сәмен» және«Евгений Онегин» аудармасы,Әріптің- «Біржан-Сара», Тұрағұл, Мұқа, Әубәкір және тағы басқа шәкірттері мен алашшыл ізбасарларыныңшығармалары мен аудармалары. Қайым Абай шәкірттерінің шығармаларына әсерін тигізген орыс, батыс және шығыс әдебиеті және мәдениетімен байланыс орната білді. Мысалы, Пушкиннің «Бақшасарай фонтаны» және «Кавказ тұтқыны», Лермонтовтың «Мцыри» және «Демон» поэмалары Ақылбай мен Мағауияның«Дағыстан» және «Медғат Қасым»

шығармаларын жазуға;Хаггардтың «Копи царя Соломона» романы Ақылбайдың «Зұлыс» және т.б. шығармаларына әсер етті. Кейіннен, ғалымның әрекет етуімен осы шығармалар мектеп және оқу орындары бағдарламасына енгізілді. Десек те, 1950 жылғы сталиндік репрессия кезеңінде тарихи шындық үшін әзір болып, басыңды тігетін жағдайлардың болғанын ешкім ашып айта алмады. Сондықтан, жастар ғылыми әділдіктің жеңілдікпен келмегінін білуі тиіс. Ғалымның адами моральдық қағидасы мен этикасы ғылыми-мәдени құндылықтарды сақтауда елеулі орын алады.

Ғылым жолындағы қуғын-сүргін. «Абайдың әдеби мектебі» диссертациясын (1951 жылы 7 сәуір) қорғау еліміздің тарихындағы елеулі оқиғаның бірі болды. Диссертация қорғалды, бірақ ұстаз бен шәкірт – Әуезов пен Мұхамедхановты айыптау тоқтамады. Диссертацияны қорғау кезінде басталған айыптаулар, абайтану барысын талқылауда, сондай-ақ 1951 жыл бойы баспасөзде тапсырыс бойынша жазылған мақалалармен жалғасын тапты. Мұның соңы Мұхамедхановты Абай мұражайы директоры және оқытушы қызметінен босатумен аяқталды. Соңынан Қ.Мұхамедханов 1951 ж. 1 желтоқсанда тұтқынға алынды, ол Семей және Алматы қ. НКВД түрмесіне, Қарағанды лагеріне қамауға алынды. Шектен шыққан азаптаулар – ыстық және суық камера, тырнақ астына ине жүгірту, басқа су тамызу, моральдық қысым және өлім жазасымен қорқыту Қайымның ерік-жігерін сындыра алмады: ол «Абай мектебі бар» деп жауап берді. Ғалым ғылыми идеяларынан бас тартпады, қазір халық мақтанышына айналған Абай мектебін сақтап қалды. Қазақтың қайсар ұлдарының бірегейі Қайым Мұхамедханов өмірі мен ғылыми қызметі бүгінгі жастарға үлгі, өнеге. Оның еңбегін насихаттау Қайым үшін емес, болашақ жастар үшін керек. Ендеше, бұл іс-шаралар жалғасын таба бермек.

Әдебиеттанушы және журналист Еділ Асылбек былай дейді: «Қайым Мұхамедханов әдебиеттанудың, абайтанудың тұтас мектебін ұсынды. Ол жетекші абайтанушы болды және қала береді. Ол өзінің саналы ғұмырында Абай мұрасын зерттеуші ғана емес, оны сақтау жолындағы жанқияр күрескер болды десек, артық айтқанымыз емес. Айта кетсек, тіпті 1990 жылдары, алғаш рет ақынның 150 жылдығына Абай шығармаларының екі томдығын Қайым түсініктемелерімен шығару кезінде, жекелеген ғалымдар түрлі редакциямен бұрмаланған, оқырманға «үйреншікті» қалпында шығаруға әрекет жасады. Абай үшін күресу және жеңіп шығу Қайымға осы кезде де керек болған еді». [6]

Әке мен бала – Мұхамедхан Сейтқұлов және Қайым Мұхамедханов XIX ғасырдан XXI ғ. дейінгі үш жүз жылдыққа созылған заманның рухани байланысын сақтап қалды. Елдің тағдыры ғалымның өмірінде өзіндік ізін қалдырды. Қайымның қиындыққа толы тағдырымен бақытты ғұмыры Ж.Саин, Естай ақын, В.Иванов, Қажымұқан, Жамбыл; халық ақындары, театр қайраткерлері, әртүрлі ұлттардың ғылым және мәдениет қайраткерлерімен; Абай, Шәкәрім, Әуезов, алаш зиялыларымен әсерлі шығармашылық кездесулермен есте қалды. Әкенің үйі осындай кездесулердің қайнар бұлағы болса, осы дәстүрді ұлы жалғастырды.

Абайтану – Әуезовтану – Шәкәрімтану – Қайымтану – бұл өзара логикалық байланыстағы және қалыптасудың күрделі жолының, күрес пен

мәдениетті қорғаудың, ғылым мен халық рухының бір-біріне өзара тәуелді үрдісінің тарихи ақиқаты. Бұл – халықтың бірегей мәдени кеңістігі.

Қайым Мұхамедхановтың есімі көптеген энциклопедияларға енді. Ғалым-патриоттың отаны Семей қаласында ескерткіш орнатылды (2010 ж.), ал, өзі өмір сүрген және еліміз тарихының көрнекті қайраткерлері бас қосқан үйге Мемориалдық тақта қойылды (2004 ж.).

Биыл ер Мұхамедханның туғанына 150 жыл. 1937 жылғы 2-желтоқсанның түнінде атылған ердің ажал құшқан жері, оны кімнің атқаны, қандай себеппен атылғаны әлі күнге дейін жұмбақ күйде. Мұхамедхан туралы айтылмаған сөз көп. Тарихи тұлға өз зерттеушісін күтіп-ақ тұр. Біз тұлға алдындағы парызымыз деп білгенімізді ортаға салдық. Енді өзге де тарихшы, алаштанушыларды осы Мұхамедхан Сейітқұлұлы туралы жазуға, насихаттауға шақырамыз. Мұхамедхан туралы жазбасақ, айтпасақ, ер-теңгі ұрпақ Қайымдай қайраткер ұлдың қандай ортада өскенін, кімнің ұрпағы екенін бағамдай алар ма екен?..

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Достойный след в культуре / ОФ Центр образования и культуры имени К.Мухамедханова // Вести Семей. – 2016.- 18 марта. – С.5
2. Қайым МҰХАМЕДХАНОВ: «Алаш арыстары аңсаған асыл арманыңыз осы [Электрондық ресурс]: [Сейітқұлов М. туралы] // i-news.kz Последние новости Казахстана: сайт. – Режим доступа: [https://i-news.kz/news/2012/04/17/6383793-kaiym\\_myhamedhanov\\_ash\\_arystary\\_ansaga.html](https://i-news.kz/news/2012/04/17/6383793-kaiym_myhamedhanov_ash_arystary_ansaga.html)
3. Қайым Мұхаметхановтың әкесі жайлы деректер [Электрондық ресурс]: өмірбаян // shyn.kz: сайт. – Режим доступа [http://shyn.kz/article/view?id=1489\(03.02.2017\)](http://shyn.kz/article/view?id=1489(03.02.2017))
4. Мұхамедхан, Д. Әке жолымен [Мәтін]: [Сейітқұлов Мұхамедхан, абайтанушы, ғалым Қ. Мұхамедханов туралы] / Д. Мұхамедхан; сұхбат: Б. Тұрсынбайұлы // Қазақ әдебиеті. - 2014. - 27 маусым. - Б. 3.
5. Қайым МҰХАМЕДХАНОВ: «Алаш арыстары аңсаған асыл арманыңыз осы» [Электрондық ресурс]: [Сейітқұлов М. туралы] // old.abai.kz: сайт. – Режим доступа: <http://old.abai.kz/node/13249>
6. <https://turkystan.kz/article/93937-o-y-an-azamat> гиперсілтемесі.

### **"Мұхамедхан Сейітқұлов-меценат"**

**Петрова Т.А**  
учитель истории  
КГУ СОШ № 25

*«Неиссякаемый родник нашей независимости — это многовековая борьба казахского народа и его несгибаемая воля к свободе».*

*Н.А.Назарбаев.*

История как известно, движется по спирали. Народные восстания «окольцовывают» историю нации и государства. Являя собой пики в духовном развитии этноса. Постоянные взрывы случаются в переломные моменты истории – и народные вожди являются живым олицетворением Духа Нации. Один из таких народных деятелей духовной элиты казахского народа рубежа XIX-XX веков Мухамедхан Сейткулов, объединивший народ вокруг вечных ценностей культуры и истории, духовно связав век XIX и XX.

Актуальность моей статьи, заключается в том, что каждая эпоха рождает своих героев — деятелей, которые несомненно, оставляют свой след в жизни, свой опыт. В эту эпоху появились яркие личности. Мухамедхани его соратники жили в то время, которое можно определить как интеллектуальный взлет казахской нации.

Задачи, я поставила вытекающие из цели: показать, какую роль сыграл Мухамедхан как меценат в истории; ознакомиться с его ценностями, как общественного деятеля, учителя; проанализировать полученную информацию и сделать выводы.

Мухамедхан Сейткулов был образованным человеком владеющим и мусульманской и русской грамотами в совершенстве знал татарский и арабский языки. Свою жизнь он посвятил сохранению культуры и истории своего народа. Являясь патриотом своей страны он стремился сохранить духовность для будущих поколений, он служил своему народу, потому что, искренне любил свою страну. [2] Мухамедхан Сейткулов был благородным, умным, честным человеком, воспитав целую плеяду талантливых ученых многие из которых составили цвет казахской интеллигенции. Он имел хорошую домашнюю библиотеку в ней была предоставлена вся мировая классика, редкие рукописи и произведения народного творчества.

В период XX века Мухамедхан был одним из меценатов, которые поддерживали национальные издательства Казахстана, такие как "Сарыарка", "Абай", "Айқап", "Таржиман", "Казах". [1] В дом к Мухамедхану шли знакомые и незнакомые, чтобы прочитать новинки литературы и периодики, послушать рассказы и пообщаться. Сейткулов был отзывчивым человеком, поэтому люди к нему тянулись, он не только был меценатом, но и сподвижником алашардиновцев. Мухаметхан сыграл большую роль в становлении многих знаковых фигур в нашей истории. Его трижды арестовывали, конфисковали имущество, но он никогда не допускал мысли покинуть свою Родину и в 1937 году в ночь на 2 декабря его расстреляли. [4] Легендарный человек прожил сложную, наполненную надеждами и разочарованиями, победами и поражениями жизнь.

Изучая историю этого деятеля, я узнала, что он еще был и педагогом и преподавал ислам. В некоторых источниках о нем пишут как о чистоте души и совести, о его справедливости и открытости. [3] Все это вызывает особую гордость во мне как в человеке, который родился я в стране где жили такие личности.

Мы должны беречь память о таких людях, как Мухамедхан Сейткулов и стараться, чтобы в нашей стране и на нашей земле было больше таких граждан, верных сынов Отечества.

Изучая сына казахской земли, я поняла, что он сделал небывалый вклад в развитие нашей страны, сохранив культуру, историю, а также боролся за национальное возрождение и развитие родной земли.

Сегодня в стране идет целенаправленная работа по возрождению исторического самосознания общества. Только зная историю своего народа и страны, начинаешь понимать особую ценность обретенной в конце прошлого столетия независимости.

Обретают ли Независимость без подвига сильных духом? Добиваются ли Свободы без борьбы и страданий? Какова их цена, коль они достаются легко? Долог ли бывает век малозначимых случайных приобретений?

Н.А.Назарбаев

### **Список литературы:**

1. Сейткулов Мухамедхан - Алматы, 2019. - С. 266-267.
2. Энциклопедия «Шакарим», Семей, 2008. Б. 555
3. МұхтарӘуезов [Мәтін]: энциклопедия / М. Әуезов. - Алматы: Атамұра, 2011. – Мұхаметхан Сейітқұлұлы: б. 440-441.
4. Мухамедхан, Д. Бывали хуже времена, но не было подлей [Текст]: [о политических репрессиях и судьбе М. Сейткулова, отца К. Мухамедханова] / Д. Мухамедхан // Казахстанская правда. - 2013. - 31 мая. - С. 13; Шәкәрім. - 2013. - № 2. - С. 26-31.

### **Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қайым Мұхамедханов – ұлт жанашырлары**

**Рымкулова Рабина**

10 «Ә» сынып оқушысы

Жетекшісі: **Г.Е. Аяфова**

тарих пәнінің мұғалімі

«№3 гимназия» КММ

Қазіргідей жаһанданған заманда қарулы күштері ең мықты елдер ғана басқаларға өз айтқанын істетіп, оларға өз үстемдігін жүргізе алады. Екінші әлемдік тарих сахнасында ұлт тарихы тереңде жатқан мемлекеттер ғана ең мықты ұлтқа айнала алады. Осыдан бір ғасыр бұрын ұлт тарихында ойып тұрып орын алған, алты Алаштың арманын ұлттық идеяларымен Алаш ұранды қазақтың басын біріктіргісі келген бірден-бір үкімет – Алаш Орда. Елбасымыз: «Ұлттық идеяны қалыптастыру біздің өз тарихымызды жаңадан оқу негізінде ғана мүмкін болады. Сондықтан ұлттық идеяның формуласы ұлттық тарихта жатыр», – деген еді. Ендеше Ұлт тарихы, Қазақ хандығының тарихы, Алаш Орда үкіметінің тарихы бүгінгі жаңа тұрпатты Қазақстан мемлекеттінің қалыптасуына маңызды рөл атқарды. Жоғарыда айтқанымыздай мықты мемлекет болу үшін әскері қуатты, қилы заманды бастан кешкен тарихы қатпарлы, саяси элита да

ұлттық партиясы мен ұлттық идеясы ұштасқан, ұлтын бір шаңырақтың астында ұлттық бірігуге ұйыстырған болуы қажет. Қазақ халқының тарихында есімдері алтын әріптермен жазылып қалған тұлғалар аз емес. Әсіресе, алмағайып аласапыран кезеңдерде туған еліне ес болып, бағыт-бағдар көрсеткен жандардың орыны тым ерекше. Олар болмаса біздің бүгінгі жарқын күндеріміз дәл осындай қалпында болар ма еді? Халқымыздың басына түскен қиын сағаттарда ерекше жаралған перзенттерінің жанкештілігінің арқасында қазақ жері осы бүтіндігін сақтап қалды. Өткенді бағаламай, тарихты терең білмей, ертеңгі күнге дайын болу мүмкін емес.

Менің қорғағалы отырған «Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қайым Мұхамедханов – ұлт жанашырлары» тақырыбындағы ғылыми жұмысым қазақ тарихында өзіндік орыны бар – әкелі балалы Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қайым Мұхамедханов арналып жазылып отыр.

Менің осы тақырыпты зерттеудегі мақсатым – есімі жұртқа беймәлім, аты-жөні көпшілік ортаға, әлеуметке бейтаныс, мектеп бағдарламасында есімі атала бермейтін – алашордашы, ислам уағыздаушысы, Алаш қозғалысының дамуына материалдық қолдау көрсеткен жомарт меценат, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың алғашқы үш онжылдығында қазақ халқының рухани дамуына ықпал еткен, көптеген қолжазбалар мен тарихи өлең жырларды жинақтаушы және мәдени мұраны сақтаушы Мұхамедхан Сейітқұлов пен ол кісінің ұлы Қазақ ССР Гимнінің авторы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының, Жазушылар одағы сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Халықаралық Абай академиясының (Лондон) Алтын медалінің иегері, профессор, КСРО және Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі; 1000-ден аса ғылыми еңбектің авторы - Қайым Мұхамедхановтың ерлік істерін өзімнің замандастарыма зерттеулерім арқылы таныстыру. Халқымыз үшін аянбай еңбек еткен азаматтарымыздың есімдерін мәңгі ұлықтау біздің міндетіміз және парызымыз деп ойлаймын. Мұхамедхан Сейітқұлов – Абайбастаған ұлылардың, Әлихан бастаған Алаш арыстарының шын мәніндегі қамқоршысы болған адам. Оның үстіне, кешегі сұрқия заманның нәубатында «жолсыз жазаға» ұшыраған Мұхамедханның өмірге келгеніне биыл – 150 жыл толып отыр. Мұхамедхан Сейітқұлов 1870 жылы Семей қаласында туған. Ол кісі – өте мейірімді, білімді, жомарт, алашордашы, ислам уағызшысы болған адам еді. Оның қазақ мәдениетінің белгілі қайраткерлерін қалыптастыру жолындағы еңбегі ерен. М.Сейітқұлов XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың алғашқы үш онжылдығында қазақ халқының рухани дамуына ықпал етті. Ол көптеген қолжазбалар мен тарихи өлең-жырларды жинақтаушы және мәдени мұраны сақтаушы. Алаш идеясын дамытуға және іске асруға Алаш партиясының үйін ашқан, мәдениет қайраткері. Сол уақыттағы жазушылар мен баспагерлердің арасындағы қарым-қатынасты қолдайтын, жомарт меценат болды. Оның үйі кездесулер және «Алаш» партиясы мүшелерінің талқылаулары үшін ашық болатын. М.Сейітқұловтың үйінде Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж. Аймауытов, М.Тынышпаев, Х.Ғаббасов, С.Торайғыров, Ы.Мұстамбаев, С.Дөнентаев және т.б. болған.

«Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген Әлихан Бөкейхановтың асыл болмысы мен ұлттық идеяға суарылған алып ойлары ақиқатқа айналып, атылып кеткенге дейінгі ғибратты ғұмыр жолдарында тек жаны да, ойы да тек «қазақ» деп өріліп, көкірегіндегі терең күрсінісі мен жүрегі де тағы «қазақ» деп соқты. Әлихан Бөкейхановтың жеке басына қатысты емес, ел мен жер мәселесіне қатысты негізгі бес ұстанымы болған екен. Ол жайында белгілі әдебиеттанушы-ғалым Тұрсын Жұртбай былай деп баяндайды: «Әлихан Бөкейхановтың бес ұстанымы болды. Ең бірінші – Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін ең алдымен «жер, жер және жер» болуы керек. Жерсіз Отан жоқ. Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша, қазақтың байырғы жерін қашан қазақтың өзі ғылым мен техникаға сүйеніп, толық игермейінше, жер жекеменшікке, қоныс аударушыларға берілмеуі керек.

Екінші ұстанымы – Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. Ә.Бөкейхановтың сөзімен айтсақ: «...қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс». Үшінші

ұстанымы – Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек. Яғни, мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс болған. Төртінші ұстанымы – қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, менталитеті өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек дегенге сайды. Бұл идеологиялық ұстаным болатын. Ал, бесіншісі – ең негізгі ұстанымы бойынша ғылымға, соның ішінде тәуелсіз ғылымға, ұлттық дәстүрге негізделген, заңға сүйене отырып, Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құрылуы керек еді».

Алаш зиялыларының іс-әрекетінен бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге бола алатыны, тіпті болуға тиісі –ең алдымен, Алаш зиялыларының туған халқына, еліне кіршіксіз адал әрі жан-тәнімен қызмет етуі, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүріне, кең сахара жеріне деген шексіз құрмет пен сүйіспеншілік.

Таусылмас табандылық пен жасымас жігерін көрсеткен дана болмысты, озық ойлы Алаш көсемдеріне сол үшін баршамыз қарыздармыз, олардың азаматтығы, ұлтына деген адалдығы мен қайсар қаһармандық үлгісі – бүгінгі ұрпаққа өшпес өнеге, ғажайып ғибраттың қайнары. Далалық дархандық пен мәрттікті болмысына сіңіріп, өр мінезі, айбынды мысымен жауының бетін қайтарып, жанарын жасытқан Алаш көшбасшыларының ерен еңбегі.

Отанына адал қызмет еткісі келетін, жүрегі қазақ деп соққан әр азамат Алаш тарихын, соның ішінде Алаш азаматтарының атқарған қызметін жете білуі тиіс. Олардың мақсаты тәуелсіз мемлекет құру еді. Сол тәуелсіздікке жеттік, оның 28 жылдығын тойлайын деп жатырмыз. Сол тәуелсіздік жолында күрескен қайраткерімізді дұрыс білмеу – ұят нәрсе.

«Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы атты мемлекет – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Біз осы мемлекетті көздің қарашығындай сақтауымыз керек» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып кеткендей. Алаш зиялылары абақтыға жабылып, атылғанымен, олардың артына қалдырған асыл сөздері мен арман арқалаған ойлары ел жадында, халық жүрегінде мәңгі сақталады. Кейінгі ұрпақ оның істерін жалғастыруда, оның армандаған тілектері жүзеге асырылуда. Себебі, Қазақ елі қазірде өркениетті елдер қатарына қосылып, мәдениеті жоғары дәрежеде дамуда.

«Ата-бабаларымыз аңсаған азаттық пен тәуелсіздікті алдық. Ендігі мәселе – соны ертеңге жеткізу, келесі ұрпаққа, болашаққа Қазақстанның осы тәуелсіздігін аманаттау» деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай, қазіргі біздің осындай бейбітшілікте өмір сүріп, өзіміздің тілімізде сөйлеп, дінімізді ұстануымыз, басқа елге тәуелді болмай, еркін өмір сүруіміз, «ұлтым-арым, халқым-жаным» деп өткен осындай арыстарымыздың арқасында. Сондықтан әрқашан да ұлы тұлғаларымыздың аруағына тағзым етуіміз керек.

Мәңгілік Ел болуға қарышты қадам жасаған Тәуелсіздіктің қадірін тереңнен түсінген тәуелсіз елде азат ой бостандығымен өткенімізді саралап, Алаштық асқақ рухымызды көтеріп, келешектің кемесінде бостандықтың байрағын желбіретіп, алып мұхиттың арнасына жол салдық. Талай-талай тар

жол, тайғақ кешулерден өтіп, өмір айдынындағы қытымыр қыс пен саясат ызғырығында сан мәрте қалтырап, сонда да қайсар рухымызды сындырмай, кешегі Алаш көсемдерінің көрегендігі мен ерен еңбегі нәтижесінде қазіргі тәуелсіздігімізге қол жеткіздік.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ә. Бөкейхан «Тандамалы» Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 1995, 31-б.
2. Әшкеев Н. «Ә.Бөкейхановтың ұлттық мемлекет құрудағы ұстанған негізгі принциптері» // Ақиқат, 2002, №3, 50-55 б. 3.
3. Қазақстан тарихы очеріктері. Алматы, 1994 ж.
4. Қойгелдиев М. «Ұлттық саяси элита» Алматы, Жалын, 2004, 170-178 бет 7. Сонда, 163-165 бет 8.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995.
6. Нұрпейісов К. «Алаш Һәм Алашорда» Алматы, Ататек, 1995, 156 б. 5
7. Тұрсын Жұртбай «Ұраным-Алаш» Алматы, Ел шежіре, 2011, 9.
8. Аңыз адам №24.12.2014 жыл

### **Каюм Мухамедханов основоположник научного Абаяведения и Шакаримаведения**

**Павлова Е.А.**

Руководитель: **Майлыбаева Д.Д.**

Учитель истории,  
КГУ "СОШ № 63"

Каюм (Габдулкаюм) Мухамедханов родился 5 января 1916 года в городе Семипалатинске. Его отец Мухамедхан Сейткулов был достаточно обеспеченным человеком, имел хороший особняк в Жана-Семее, где на литературных разговорах бывали такие известные личности, как Абай, Шакарим. В разное время мальчик Каюм видел рядом со своим отцом М.Ауэзова, К.Жанатаева, С.Торайгырова, А.Баймуратова, М.Дулатова. Здесь молодой М.Ауэзов проводил репетиции любительских спектаклей, поставленных участниками кружка «Ес-аймак».

В 1924 году мальчик Каюм поступает в казахскую школу первой ступени. Затем обучался в школе колхозной молодежи и сельхозтехникуме. А с 1932 года начинается трудовая деятельность. Был принят на работу, культработником в Семипалатинский заводоуправление «Союзмука». В 1940 году Каюм Мухамедханов с отличием окончил Семипалатинский педагогический институт имени Н.К. Крупской и остался преподавателем на том же факультете [1,14].

Актуальность работы заключается в том, что на современном этапе основной и самой важной задачей воспитания, является формирования среди учащихся патриотического отношения к своей Родине, уважения и почтения к событиям прошлых лет, через изучение трудов Абая и его учеников.

Практическая значимость работы выражается в следующем статью можно использовать на уроках истории, при проведении классных часов, внеклассных мероприятиях.

Отец Каюма, Мухамедхан Сейткулов (1870-1937) был образованным, начитанным человеком, изучал историю и культуру казахского народа, читал на казахском, русском, татарском, арабском языках. Он имел хорошую домашнюю библиотеку, которая занимала целую комнату. В библиотеке были редкие книги: первый сборник произведений Абая, изданный в Петербурге в 1909 году, изданные в Семипалатинске в 1912 году поэмы Шакарима «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», а также томики «Қазақ айнасы», «Шежире -происхождение и история казахов и казахских ханов», «Книга о религии мусульман». Также многотомное издание «Россия». Полное географическое описание нашего Отечества(редактор Семенов-Тянь-Шанский), 18-й том которого назывался «Киргизский край» и был посвящен истории казахского народа (издан в 1903 году) [2, 21].

Но с 1928 года наступило страшное время для казахского народа и его передовых людей: это была полная конфискация скота у всех и принудительная коллективизация, массовые репрессии казахской интеллигенции. Многие из друзей Мухамедхана были арестованы и убиты и сам он был расстрелян в декабре 1937 года. Каюм тогда закончил филологический факультет Семипалатинского педагогического института (его как сына «врага народа» исключали, но он сумел восстановиться) и был оставлен преподавателем кафедры казахского языка и литературы. Он занялся абаеведением и в 1940 году опубликовал серию статей о творчестве поэтов-учеников Абая под общим названием «Литературная школа Абая». Был принят в члены Союза Писателей СССР, принял активное участие в создании литературного музея Абая в Семипалатинске и был назначен его директором.

Каюм Мухамедханов был призван в первый же день войны 22 июня, в 1941-1942 гг. - старшина роты Свердловского и Магнитогорского Военного округа. Ученый выполнял задания по сопровождению военных грузов, строил укрепительные оборонные рубежи, подорвал здоровье, госпитализирован.

В 1943 году был объявлен закрытый конкурс на создание Государственного Гимна Казахской ССР. 27 летний юноша К. Мухамедханов в 1943 г. выиграл конкурс -он создал Гимн своей республике, первые строки которого звучали так: «Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған» («Героический казахский народ издревле мечтал о свободе»).

Вариант текста гимна Мухамедханова был одобрен конкурсной комиссией и в 1945 году утвержден Указом Президиума Верховного Совета Казахской ССР. Музыку на текст Каюма написал молодой композитор Мукан Тулебаев. Вместе они провели много часов, работая над гимном. Однако, в итоге «соавторами» текста вдруг стали писатель Габит Мусрепов и поэт Абдильда Тажибаев, а музыки - композиторы Латиф Хамиди и Евгений Брусиловский [1, 12].

Наследие Абая, наследие учеников Абая и его последователей в конце 1930-х годов было под угрозой. Нужно было сохранить существовавшие и уже исчезающие письменные отрывки их произведений и ту часть наследия, которая

передавалась устно. Уходили очевидцы их жизни и творчества. С 1939 по 1951 годы К. Мухамедханов провел научное исследование по теме «Литературная школа Абая». Школа учеников Абая – это единственная школа в казахской литературе. Ученый установил более 30 имен и на достоверных фактах написал научно-творческие биографии учеников Абая. А главное, он по крупицам, по кусочкам нашел отрывки их произведений и научным методом текстологического анализа доказал принадлежность каждого произведения каждому ученику Абая. Работа с очевидцами жизни и творчества Абая и его учеников была важной в восстановлении части текстов, передававшихся из устно.

Уже в 1940-е годы установленные Мухамедхановым труды учеников Абая были введены в научный оборот. Произведения учеников великого поэта изучают в школах и в вузах: Акылбая – "Дагестан", "Зулус", "Хиса Жусуп", Магавьи – "Медгат Касым", "Енлик-Кебек", Кокбая – "Сабалак", "Кенесары-Наурызбай", Асета – "Салиха Самен" и его перевод "Евгения Онегина", Арипа – "Биржан и Сара", произведения и переводы Турагула, Муки, Аубакира, многих других, а также алашордынцев – последователей Абая. К. Мухамедханов выявил взаимосвязи с русской, западной и восточной литературой и культурой, которые повлияли на их творчество. Например, влияние кавказских поэм А. Пушкина и М. Лермонтова – "Бахчисарайский фонтан", "Кавказский пленник", "Мцыри", "Демон" – на творчество Акылбая и Магавьи ("Дагестан" и "Медгат Касым"); влияние западной литературы – "Копи царя Соломона" Хаггарда на "Зулуса" Акылбая.

На протяжении нескольких десятилетий оригинальное слово Абая во многих редакциях искажали. В 1923 г. по указанию Сталина начались нападки на наследие Абая. Из произведений Абая удаляли религиозные термины, заимствования из персидского и других восточных языков, старо-казахские слова и т.д. Это делалось из идеологических соображений, а также по незнанию и небрежности в вольном обращении с текстами поэта. Ученый К. Мухамедханов с 1940 по 1990 гг. провел тщательное исследование по сохранению оригинального слова поэта. Он написал научные комментарии ко всем стихотворениям и поэмам Абая. Зная все рукописные списки текстов Абая, исторический контекст, события из жизни Абая и его окружения и др., используя научный метод текстологического анализа, он вернул оригинальное слово Абая. Кроме этого, он нашел и доказал принадлежность Абаю более 30 стихотворений, ранее неизвестных [3, 44].

Ученый написал научно-творческие биографии и текстологическим методом восстановил произведения Махамбета, Кабанбай батыра, Богенбай батыра, Бухар жырау, Алашордынцев и др. деятелей культуры казахского народа.

В конце 1930-х гг. Мухтар Ауэзов доверил своему ученику Каюму создать фундамент для открытия первого Музея Абая. С этой целью К. Мухамедханов совершил ряд экспедиций в отдаленные аулы для установления и сбора оригинальных экспонатов для музея. В конце 1930-х – в 1940-х гг. в экспедициях им было собрано более 500 экспонатов для музея Абая – личных вещей Абая и его окружения, предметов мебели и быта, книги, рукописи и т.д. Начав работу в

музее старшим научным сотрудником, Каюм продолжал преподавать в вузе, а в 1947 г, когда Музей был передан в ведение Академии наук КазССР для усиления академической направленности и развития музея Президент Академии наук КазССР К.Сатпаев издал Приказ о назначении Каюма Мухамедханова его директором, которым он руководил до репрессий 1951 г. Профессор Е.Исмаилов отмечал тогда: «Являясь одним из первых организаторов и научных работников государственного музея Абая в Семипалатинске, Мухамедханов собрал исключительно ценные рукописные, архивные, фольклорные материалы, имеющие непосредственное отношение к жизни и творчеству классика казахской литературы Абая Кунанбаева» (1945 г.).

В период с 1940-х по 1980-е годы ученый постоянно обращался в различные органы государственной власти с письмами-ходатайствами, подкрепленными собственными исследованиями научно-творческой биографии Шакарима. Вот лишь некоторые примеры неутомимой борьбы Мухамедханова за восстановление исторической справедливости в отношении Шакарима.

Каюм Мухамедханов настоятельно рекомендовал сыну Шакарима Ахату Кудайбердиеву обратиться с письмом-ходатайством к Н.С.Хрущеву и оказал существенную помощь в составлении этого письма. Оригинал документа, датированный августом 1964 года, был передан семьей К.Мухамедханова в научно-исследовательский центр Шакарима при Семипалатинском государственном педагогическом институте в январе 2005 года.

В 1950- 1960-е годы XX века Каюм Мухамедханов неоднократно обращался в Семипалатинский обком КП Казахстана и Абайский райком КП Казахстана. И наконец, в 1964 году Абайский райком КП Казахстана информировал Семипалатинский обком КП Казахстана о результатах работы Комиссии по изучению жизни и творчества Шакарима. Работа этого органа основывалась на исследовательских материалах, представленных Мухамедхановым. Одно из свидетельств тому -приложение к письму Абайского райкома КП [4, 13].

В 1970-е годы ученым-литературоведом были направлены письма-ходатайства о реабилитации Шакарима в редколлегии казахстанских и всесоюзных изданий, а также в партийные органы Казахстана. Все письма К.Мухамедханова сопровождалось его же научными статьями о Шакариме.

Борьба за реабилитацию творчества Шакарима продолжилась и в 1980-е. Так, в 1982 году Каюм Мухамедханов обратился с письмом в ЦК КПСС и ЦК Компартии Казахстана. А 24 июня 1987 последовал его запрос в Семипалатинский обком Компартии Казахстана. Обком, в свою очередь, направил докладную записку в ЦК КП Казахстана.

6 июля 1987 года Мухамедханов отправил письмо-ходатайство Первому секретарю ЦК КП Казахстана Г.В.Колбину и Первому секретарю правления Союза писателей СССР В.В.Карпову. Письмо сопровождалось объемным литературоведческим исследованием, выполненным Мухамедхановым, а также фотографией Шакарима, документом о его реабилитации 1958 года и другими

архивными материалами. (см. книгу «Шакарим и Каюм. Сплетение судеб» и др. документы по Шакариму).

31 января 1988 года последовало повторное обращение Каюма Мухамедханова в Союз писателей СССР на имя В.В.Карпова.

23 февраля 1988 года неутомимый ученый обратился с письмом к редактору журнала “Огонек” В.А.Коротичу, сопроводив его опубликованными к тому времени собственными статьями о Шакариме, фотографией поэта и копией документа о его реабилитации.

7 апреля 1988 года К.Мухамедханов получил телеграмму от известного писателя Ади Шарипова: “Поздравляю, Шакарим реабилитирован директивными органами”. И это не было случайностью. Это было признанием того, что львиная доля в деле реабилитации имени и творчества Шакарима принадлежит ученому К.Мухамедханову.

14 апреля 1988 года в “Казахстанской правде”, а затем и в других республиканских изданиях был опубликован материал “В Центральном Комитете Компартии Казахстана. О творческом наследии поэта Шакарима”. Мало кто знает, но основой текста этого исторического документа стало обстоятельное письмо К.Мухамедханова Г.В.Колбину.

На следующий же день после выхода документа в “Казправде” (то есть 15 апреля 1988 года) началась публикация серии научно-исследовательских статей ученого о Шакариме и произведениях поэта, впервые подготовленных Мухамедхановым к печатив далекие годы 1940-70-е годы [5, 10].

В канун празднования 150 летнего юбилея Абая Кунанбаева К.Мухамедханов по приглашению Правительства РК работал старшим научным сотрудником отдела абаяведения Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова. Дорога жизни Каюма Мухамедханова при всех трудностях и терниях неуклонно вела вперед и выше, на подъем. К.Мухамедханов - признанный историк литературы, абаявед, ученый, почетный гражданин Семипалатинска, Аягуза, Абайского и Жанасемейского районов.

#### **Список использованной литературы:**

1. Мұхамедханов, Қ. Хаттар сөйлейді = Письма говорят / Қ. Мұхамедханов. - Алматы, 2016. - 336 б.
2. Бельгер, Г. Постфактум: книга рецензий. - Алматы: Искандер, 2007. - 380 с. - Таким он мне запомнился: с. 241.
3. Смағұлова, А. Ғалым мұраты / А. Смағұлова. - Семей, 2007. - 166 б.
4. Қазақстан жазушылары XX ғасыр: анықтамалық. - Алматы: Ана тілі, 2004. - 392 б. - Мұхамедханов Қайым (Ғабдулқайым) (1916-2004): б. 217.
5. Писатели Семипалатинского региона: био-библиографический указатель / Семипалатинская универсальная научная библиотека им. Абая. - Семипалатинск: Талант, 2006. - 84 с. - Каюм (Ғабдулқайым) Мухамедханов: с. 51.

**«Достойный сын Великой степи»**

**Николаева В.**  
Ученица 7 «Г» класса

Рубеж XIX – XX вв. период, насыщенный историческими событиями и деятельностью ярчайших личностей. В это время формируется национальная, культурная элита, истинные патриоты, сыны Великой степи, которые в дальнейшем сделает все от них зависящее, чтобы их край стал свободным и процветающим. Мухамедхан Сейткулов яркий представитель духовной элиты этого периода. Так совпало, что родившись 22 апреля 1870 г., в один день и один год с человеком, который в один момент изменил судьбу не только целой империи, но и многочисленных народов ее населявших, Владимиром Лениным, Мухамедхан Сейткулов прошел свой, более тернистый путь, чем его современник.

Детство его прошло Кокенском районе Семипалатинской области. Он был образованным человеком. В совершенстве знал казахский, русский, арабский и татарский языки. Являясь имамом в медресе Ахмета Ризы, одновременно учительствовал. Сейткулов давал уроки по основам ислама в мечети Тыныбай Семипалатинска. Привозил из поездок, выписывал новинки мировой классики, книги по истории, религии, философии, газеты и журналы того времени - «Таржиман», «Айкап», «Шура», «Абай», «Уакыт», «Дала уалаяты», «Казах», «Записки императорского географического общества».

Стремление к знаниям и гостеприимство сделали дом Сейткуловых в Семипалатинске центром культуры и искусства. Особое место, в котором занимала богатейшая, семейная библиотека. Она постоянно пополнялась новыми книгами. Например, в библиотеке было и многотомное издание “Россия. Полное географическое описание нашего отечества”, 18-й том которого назывался “Киргизский край” и был посвящен истории, культуре, экономике казахского народа (издан в 1903 г.). Здесь хранились первые издания произведений Абая и Шакарима, редкие рукописи и архивные материалы, составившие основу для исследований истории и культуры народа.

Царившая в доме атмосфера, создаваемая хозяевами и гостями, располагала к беседам и размышлениям. Там велись дискуссии о прошлом и будущем народа. Вели дискуссии представители казахской интеллигенции и алашордынцы - Алихан Букейханов – основатель партии «Алаш», Ахмет Байтурсунов, Магжан Жумабаев, Мыржакып Дулатов, Жусипбек Аймауытов, Мухамеджан Тынышпаев, Халел Габбасов, Султанмахмут Торайгыров, Ыдырыс Мустамбаев, Сабит Донентаев, Манен Турганбаев, Амре Кашаубаев, Алмагамбет Капсалемов, Иса Байзаков, Исаин Жанбырбаев и многие другие. Мухтар Ауэзов с молодых лет был частым гостем в доме Сейткуловых. Ауэзов в то время учился в Семипалатинской учительской семинарии. Сейткулов предоставил Ауэзову возможность проводить в собственном доме первые репетиции пьес «Енлік-Кебек», «Қарағөз», «Бәйбіше тоқал», «Ел ағасы». Так зарождался первый казахский театр. В их доме останавливались, приезжая в Семипалатинск, Абай и его ученики.

Отдельное внимание заслуживает деятельность Мухамедхана Сейткулова как мецената. Он был одним из немногих, кто финансировал журнал «Абай», выходящий под редакцией Ж. Аймауытова и М. Ауэзова, и газету Шакарима «Сары-Арка». Он стал духовным учителем целой плеяды талантливых ученых, многие из которых составили цвет казахской интеллигенции и сделал много добрых дел, чтобы не оборвалась связь времен.

Ситуация стала меняться с середины 20-х гг. XX века. Политика, проводимая в государстве советской властью, изменила судьбы многих людей. Начались гонения на представителей знати и интеллигенции. В 1928 году началась конфискация имущества купцов и баев, и семья Сейткуловых в числе первых подверглась репрессиям.

Мухамедхан Сейткулов дважды был арестован - в 1930г. и 1937г. Волна массовых политических репрессий 1937-38 гг. оказалась для него роковой. Постановлением «тройки» НКВД по Восточно-Казахстанской области был приговорен к смерти, 2 декабря 1937 года расстрелян по обвинению в «активном участии в антисоветской группировке мусульманского духовенства». Место расстрела и захоронения неизвестно. Реабилитирован посмертно. Пережив на 13 лет Владимира Ленина, Мухамедхан Сейткулов и целый ряд достойных сынов Великой степи пали жертвами политики развязанной, созданной им, политической партии большевиков.

Сын Мухамедхана Сейткулова Каюм Мухамедханов продолжил дело отца. Основатель первого государственного музея Абая в Семипалатинске. Основоположник научного абаеведения и шакаримоведения, преданный ученик и соратник М.Ауэзова, член Союза писателей СССР с 1940 года, автор текста Государственного гимна Казахской ССР 1945 года, поэт, писатель, драматург, переводчик, непревзойденный педагог-наставник и общественный деятель, Каюм Мухамеджанов, как и отец, не избежал репрессий. Прошел Карлаг и впоследствии тоже был реабилитирован. "Счастье - быть свободным, говорить правду и не бояться ничего. Только так надо жить. Это - главное для человека", - считал Каюм Мухамедханов.

Изучение исторического наследия не только обогатит знания о прошлом, но и даст толчок к будущему. Мухамедхан Сейткулов был предан тем вечным ценностям, в которых сегодня мы нуждаемся больше всего: любовь к Отечеству и своему народу, бескорыстие, честность и честь, уважение к труду и знанию, верность долгу, жертвенность во имя высоких идеалов.

### **Меценат-халық қамқоршысы**

**А.Қ. Онгарбек**

11 сынып оқушысы

Жетекшісі: Смакова А.Ш

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі

№18 ЖББОМ КММ

Қазақшылығы тасыған сонау Семей, Алтай баурайында дүниеге келген, бойындағы қасиет туған жердің топырағынан дарыған дарын иесі Мұхаммедхан Сейітқұлұлы, Абай шәкірттері – Көкбай, Тұрағұл, Шәкәрімдермен замандасы, алғаш рет Семей жерінде Абай атындағы кітапхананы ашып үлгерді. Қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегі тек кітапханамен шектеліп қалмаған-ды. Жарқыраған бес арысымыздың бірі Жүсіпбектің редакторлығымен құрылған «Сарыарқа» газетіне, Хакім Абайдың іргелес көршісі мен шәкірті бола білген Мұхтар жетекшілігімен жарыққа шыққан «Абай» журналына қаржылай көмек көрсеткен. Шәкәрімтанушы ұстаздың алғашқы қызметі Семей қаласындағы Тыныбай медресесінен бастау алып, кейінірек Ахмет Риза медресесінен өз жалғасын тапты. XIX ғ. дүрбелеңіне қарамастан қазақ зиялыларының бірі бола білген Сейітқұл-немересі театр шымылдығын ашуға арналған салтанатты жиынға өз үйінде репетиция жүргізген деседі. Тіпті, зиялы қауым өкілдері де Сейітқұловтар шаңырағына жиі ат басын бұрып тұрған екен. Бұл, әрине, сол кездегі зиялы қауымның бір-бірімен қарым-қатынасының зор екенін танытады. Осы шынайы қарым-қатынастың негізінде халыққа тигізетін пайданың, рухани азықтың мәселелері қаралып, шешіліп жататыны көз алдыма елестейді. Мұхамедхан Сейітқұловтың халыққа тигізген пайдасын сараптай отырып, сонда бүгінгі меценат кім деген сұраққа жауап іздедім. XX ғасырдың меценаты мен XIX ғасырдың меценатын салыстырғым келді.

Меценат дегеніміз кім? Меценат деп білім мен өнердің дамуына материалдық көмек көрсеткен тұлғаны айтамыз, меценаттық қызмет деп ғылымды, білімді, мәдениетті, өнерді, спорттық шеберлікті дамытуға, қоғам мен мемлекеттің тарихи және этномәдени игілігін сақтауға өзінің ізгілік еркі негізінде қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қызметі болып табылады. Қазақ даласында меценаттар аз болмаған. Бөкей ордасында Жәңгір өзінің билік еткен кезеңінде мектеп салдыртып, метариалдық қажеттілігімен қамтамасыз етіп отырды. Абай әкесі Құнанбай 1824 жылы мешіт салдыртып, адам баласының рухани дамуына өз үлесін қосқан-ды. Ендеше, Мұхамедхан Сейітқұлов өз дәуірінің атақты меценаты. Қазіргі меценаттар сол дәуірдің меценаттары сияқты қызмет етіп жүр ме, халықтың рухани азығы болатын мұражайлар мен кітапханалар салдыруға қаншалықты үлес қосып жатыр екен деген оймен біраз іздендім. Өкінішке орай, ондай ақпарат таппадым. Осы кісі меценат болар-ау деген оймен халық аузына ілігіп жүрген біраз тұлғалардың іс-әрекетімен таныстым. Кітап шығарып, тренинг өткізуден әрі аспай жатыр. Сондықтан да, әр облыста «меценаттар қауымдастығын» құрып, халықтың рухын көтеретін, салт-дәстүрімізді дәріптейтін, жастардың демалатын мәдени- сауықтыру орталықтарын ашуды алға қоюды ұсынамын.

Таяқтың екі ұшы бар демекші, ол кезеңмен бұл кезеңді салыстыру ақылға сыйымсыз деп пікір айтушылар да табылар. Дегенмен, өз тамырымыздан ажырамайтындай жағдай туғызу қалталылардың санасының биіктігін көрсетеді. Расы керек, бүгінгі таңда өнер-білімге, спортқа қолдау көрсетіп жатқандар жоқ емес, сонымен қатар, азды көпті жасаған жақсылығын жер-көкке сыйғызбай мақтанып, қайырымды істерін өзінің атақ-абыройын көтеру үшін пайдаланатындар да аз емес. Менің ауыз толтырып айтқым келгені Қордайлық

танымал меценат Сәрсекбек Салыбаев жайында. Ол кісі 2017 жылы ол бес отбасының баспаналы болуына көмектескен, 2018 жылы үш мұқтаж отбасыға пәтер сыйлады. Сәрсекбек Салыбаев Жамбыл облысының құрметті азаматы, белгілі кәсіпкер. Міне осындай айналасына шуақ шашып, мейірімге мұқтаж адамдарға қуаныш сыйлайтын меценаттардың халық арасынан көп шығуы үшін не істеуіміз керек? Жоғарыда айтып кеткен «меценаттар қауымдастығының» жұмысын күшейтіп, әр түрлі бағытта жұмыс жасау түрін анықтасақ сауапты іс тындыратын едік. XIX ғасыр меценаттары халқына өз пайдасын оқу-білім арқылы тигізген болса, XX ғасыр батырлары әлеуметтік жағдайды көтеру арқылы дәрежелері биіктеп отыр. Дегенмен де, меценаттар қатарына қосылатын біраз адамдарымыздың бойынан патриоттық сезім табылмағандықтан, қаржыны елге емес, сыртқа құюы қынжылтады. Сөзімді Абай атамның жиырма екінші қара сөзімен аяқтағым келеді: «...Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, (пайда үшін) мал бергіш мырза иттен көп. Мықтыны сыйлайын десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ.» [3:107]

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. adilet.zan.kz Қайырымдылық туралы
2. almaty.tv Жаңалықтар
3. Абай Құнанбаев «Қара сөздері»

**Ұлыларды ұлықтайық**

**Н.А. Сәйду**

11 сынып оқушысы

Жетекшісі: **Смакова А.Ш**

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі

№18 ЖББОМ КММ

Құшағы ең даласындай кең өлкеміз – қазақ елінде ұлы тұлғаларымыздың бірі әрі бірегейі – Мұхамедхан Сейітқұловтың 150 жылдық мерейтойы атап өтілуде. Қазақ мәдениетінің белгілі қайраткерлерін қалыптастыру жолындағы ерекше, ерен еңбегімен тарихқа өшпес із қалдырған Мұхамедхан атамыз бен ұлы – Қайым Мұхамедхановтың ұлылығын ұлықтау ендігі біздің міндетіміз.

Өзінің қара шаңырағында зиялы қауымның бастарын қосып, оларға мол көлемде жәрдемдесу арқылы қаймана қазақты қараңғылықтан шығаруды қолдаған Мұхамедхан Сейітқұлов, тіпті, Семейде жарық көрген «Сарыарқа» газеті мен Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезовтің басшылығымен шыққан «Абай» журналын да қаржыландырып отырған екен. Сол қазақ зиялыларының сұқбаттарын тыңдай жетілген Қайым Мұхамедханов өз заманының ірі меценаты, абадан мінезді, зиялы кісілерінің қатарынан болған әкесін ерекше ардақ тұтады. Әкесінің еңбегін ұмытпай, салып кеткен дара жолынан жаңылмай, қазағының қасынан табылып келген Қайымды да дәл солай өз балалары асқар тауға балайды.

«Осындай басқосулардың бірінде ол тұңғыш рет өзінің келешек ұстазы Мұхтар Әуезовті кезіктірді. Осылайша Алаш рухы Қайымның бойында жастайынан қалыптасты», - дейді қызы Дина Мұхамедханова. Алайда 1937 жылы Сталиннің қуғын-сүргіні басталып, алаштықтар атылады. Оның әкесі Мұхамедхан Сейітқұлов та ату жазасына кесіліп, сол сұрапыл саясаттың құрбандары тізіміне ілігеді. Репрессия салдарлары жас ғалымға да тиіп, Педагогикалық институттан кетуіне тура келеді. «Алайда ол «Алаш» идеясын сатпады. Өзінің ұстазы М.Әуезовпен бірге ол зерттеу тақырыбына мүлдем тың бағытты таңдайды. Ол уақытта Абай шәкірттерінің шығармалары жоғалып бара жатты. Қайым ұстазының ақылы бойынша, Абайдың барлық шәкірттерінің аттарын жаңғыртып, олардың өмірбаяндарын тірнектеп жинайды, машақаты зор текстология әдісі арқылы олардың бүкіл шығармаларын қалпына келтіреді». Қазір олар мектеп бағдарламаларында қолданылып келеді. Осы шығармалар оқушыларға, жас буынға аталмыш еңбектердің қандай күшпен, қандай құрбандықтармен келгендігін түсіндіруге, оның қадірін жеткізуге жол ашады десек те болады. Сонымен қатар, зерделі әкенің, өнерлі ананың отбасында бүгіндері аты аңызға айналған талай марқасқалардың дидарын көріп, әңгімесін тыңдап, ұлы Абайдың үй-іші, ет бауыр туысқандарымен араласып, рухына мықты жігер, қуат алып өскен бала Қайымды туған ұлы Дегдар Қасымұлы мақтаныш сезіммен еске алады. Кітап көрмесіне әкесінің зерттеу монографиялары, ол жайлы кітаптар мен бейне таспалар және құжаттарының көшірмелерін қойғызған. Қайым Мұхамедхановтың әкесіне деген ыстық махаббаты осылай жалғасын тапқан. Бір өкініштісі, осындай ерлікпен пара пар іс тындырған тұлға жайлы біздің еш хабарсыздығымыз. Расы керек, бұл тұлғалар жайында баяндама тақырыбын оқығаннан кейін ғана қанық болдым. Оқуға, салыстыруға келетін материалдардың да тапшылығын байқадым. Мұхамедхан Сейітқұловтың көрмесіне қойылған монографиялары, бейне таспаларын көбейтіп, қазіргі меценаттар халықтың рухын көтеретін істермен неге айналыспайды екен деген ой еріксіз мазалады. Қазіргі қалталылар кітаптарын шығарып, тренинг өткізуді сәнге айналдырып жатқаны ақиқат. Сондықтан, осы конференцияның аясында көтерілген мәселелерді аяқсыз қалдырмай, нақты бағдарлама құрып, арнайы ұсыныстарымызды тиісті орындарға жолдап ұлыларымызды ұлықтауда ат салыссақ ұлыларымызға көрсетілген құрметтің аз да болса өтеуі болар еді-ау!..

Ал осы тілге тиек болып отырған әке мен баланың тартқан азабы ментындырған еңбектері қазақ еліне қалай септігін тигізді? Мұхамедхан Сейітқұлов – меценат. Ұлы Қайым Мұхамедханов – Абай есімін тарихта мәңгі қалдыру үшін орасан зор іс тындырған тұлға. Нағыз пір тұтуға тұрарлық жандар деп айта аламыз. Бірақ, қазіргі заманның жақсылығын жырлауға тіл жетпей тұрған емес, өкініштісі сол – осы кісілердің ізін басар меценат та, Абайды ұлы дейтін ұлдарымыз да қалмады. Бай манаптарымыз ақшасын қайда құртарын білмей байбалам салып, желіні желіктіріп жүрсе, ақындарымыз Абайдан асып түстім деп әлек. Алайда, Абайдан асырып айтатын адам алты Алашта тумалы әлі. Өзімізді жалғандағы жалғыз жарық жұлдыздай көрмей, оданша, неліктен, тасып бара жатқан табысымызды жақсы іске жұмсамасқа? Неліктен, Қайым

Мұхамедханов секілді Абайды ұлыыптап, ескерткіштерін көбейтпеске, Абай музейлерінің санын арттырып, Абай жайлы фильм түсірмеске? Абай жайлы білу ешқашан ешкімге артық болмайды. Неліктен, осы ұлы тұлғаларымыздың бір ауыз сөзіне құлақ түріп, қазақтың өткеніне үн қоспасқа?..Және де, барлық зиялалардың елі үшін еткен еңбектерін ескерсек деймін. Сонда ғана, Алаш үшін ажал құшқан Мұхамедхан Сейітқұлов пен Абай сөзінің сәулесі көкейіне қонған, Мұхтар алақаны маңдайын сипаған Қайым Мұхамедханұлының ғалымдық қажыры, азаматтық болмысы ешқашан жадымыздан шықпас.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақ үні» интернет сайты
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы
3. «Қазақ әдебиеті» сайты / «Абай сөзінің сәулесі қонған»
4. <https://turkystan.kz/article/93937-o-y-an-azamat>
5. <https://qazaqadebieti.kz/23331/alah-metsanaty>

**«Қазағымыздың ұмытылмас жанаһыр тұлғалары»**

**К.С. Акатова**

10 сынып оқушысы

Жетекшісі: **М.Е. Уксукбаева**

тарих пәнінің мұғалімі

ЖББ №81 орта мектебі

**1.1. Қазақ халқының мақтанышы болған Отан патриоттары.**

Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қайым Мұхамедхановтың атын естігенде әр қазақтың жүрегі елжірейтіні сөзсіз. Себебі Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қайым Мұхамедхановтың қазақ үшін істеген жақсылықтарын тізбектесек өте көп. Оның мақсаты ұлттық сана мен ұлт намысын ояту, білімді ұрпақтың көбеюіне ат салысқан, әділетті қоғам мен қауымның құрылуын, Қазақтың автономиясын құру болып табылады. Жаңа кезеңде күреске жаңаша ойлайтын адамдар шықты. XIX ғасырдың соңынан бастап Батыс пен Ресейде капитализмнің даму ықпалымен көптеген қазақ қайраткерлері дәстүрлі қоғамды реформалау және заманауи ұлттық мемлекетті – алдымен болашақ демократиялық Ресейдің құрамындағы автономия түрінде құру туралы армандай бастады. Солардың қатарында қазақ халқының саяси көшбасшыларының бірі бола білген десекте болады. Қазақ халқы үшін өте көп еңбегі сіңген қайраткеріміз, қазақтың мақтанышы, қазақтың ұлттық сана-сезімін өсіргендердің бірі.

Мұхамедхан Сейітқұлов та, Қайым Мұхамедхановта ұлтымызды өзге халықтармен тең дәрежеде даму жолына бағыттаған болатын. Ұлы тұлғамыз қазақтың қоғамы үшін, алға ұмтылуын, халықтың басын көтеріп оянуына ықпал етіп, көзқарастары мен ой-өрісінің артуына көмектескен. Әке мен бала қазақтың Ұлы дала баласы атануына толық лайық. Орыстың құрамынан шығуына

көптеген іс-әрекеттер жасағаны бәрімізге мәлім. Мұхамедхан Сейітқұлов Алаш идеясын дамытуға және іске асыруға Алаш партиясының үйін ашқан, мәдениет қайраткері, Алаш идеясының жалпыұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбегін сіңірді, Алашорда үкіметінің төрағасына көмектескен, XX ғасырдың басындағы белгілі қайраткер. Көріп тұрғанымыздай Мұхамедхан Сейітқұлов және Қайым Мұхамедханов өте керемет білімді, көзі ашық, қазақ халқы үшін шынайы жанашырлық танытқан, озық ойлы ұлы даланың балалары. Әке мен бала өте көп еңбектенген, білім жолын қуған, көп іздеген адамдар. Оған дәлел болатын, ағамыздың қатысқан ғылыми-әдеби атқарған қызметтері болып табылады, сонымен қатар қазақ халқының өмірін жан-жақты зерттеп, өз нұсқаларын жасап, сипаттама берген, тарихи, әдеби, этнографиялық, ғылыми-шығармашылық еңбектерді көп жазып қалдырған. Ағаларымыз көптеген мемлекет істеріне, қоғамдық жұмыстарға жиі араласқан қайраткер, ұзақ жылдар бойы өз жүрегінің қалауымен қоғамның белгілі бір саласында игілікті, ерікті қызмет еткен азамат. Сонымен қатар қоғамдық-саяси істермен айналысқан болатын. Мұхамедхан Сейітқұлов патша үкіметінің отаршылық саясатына байланысты өз көзқарастарын білдіре алды, тіпті қазақтың өз қоғамының арасында болып жатқан әділетсіз істерді, билік басындағылардың талас-тартыстарын, пайда көру жолдарымен жүретіндерді, яғни пайдакүнемдіктердің іс-әрекеттерін сынға алған қайраткер болған десек әбден дұрыс. Патша үкіметінің қазақ жерінде жүргізген отаршылдық саясаты Қазақ халқының саяси көшбасшыларының бірі Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов т.б. секілді Мұхамедхан Сейітқұловты да қатты қыңжылтты. Кезінде қазақтардың ата-баба жері үшін ерліпен қорғаған жерлеріне отаршылдық саясаттың күшеюіне қалай жол бермеу керектігін түсінгендердің бірі осы тұлғамыз болатын.

Мұхамедхан Сейітқұлов жас кезінен бері қазақтың тағдыры, олардың білімі мен мәдени өмірі қатты алаңдатты, сол себепті өз елін өзге мемлекеттердің алдыңғы қатарынан көру үшін, мәдени өмірі мен білім деңгейін көтеру үшін халқына қызмет етуін бірінші кезекке қойған болатын. [1: 23-24б]

1.2. Мұхамедхан Сейітқұловтың қазақ халқының рухани дамуына қосқан үлесі

Өз халқының қазақ мемлекеттілігін қалпына келтірудің жолдарын қарастырып, қазақтың отаршылдық езгіден азаттық алу жолындағы күресін басқаруға ұмтылған ұлы тұлғамыздың бірі 1870 жылы Семей қаласында туған. Ол – аса мейірімді, білімді, жомарт, алашордашы, ислам уағызшысы болған адам еді. Оның қазақ М.Сейтқұлов XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың алғашқы үш онжылдығында қазақ халқының рухани дамуына ықпал етті. Ол көптеген қолжазбалар мен тарихи өлең-жырларды жинақтаушы және мәдени мұраны сақтаушы. Алаш идеясын дамытуға және іске асыруға Алаш партиясының үйін ашқан, мәдениет қайраткері. Сол уақыттағы жазушылар мен баспагерлердің арасындағы қарым-қатынасты қолдайтын, жомарт меценат болды. Оның үйі кездесулер және «Алаш» партиясы мүшелерінің талқылаулары үшін ашық болатын. М.Сейтқұловтың үйінде Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж. Аймауытов, М.Тынышпаев, Х.Ғаббасов, С.Торайғыров, Ы.Мұстамбаев, С.Дөнентаев және

т.б. болған. Ол Ж.Аймауытов және М.Әуезов редакциясынан шығатын, «Абай» журналын және «Сары Арқа» газетін қаржыландыратындардың бірі болды. Сол кезде шығып тұратын газет, журналдарды түгел дерлік алып отырған. «Дала уалаяты» газеті, «Айқап», «Шора», «Абай» журналдары, «Қазақ», «Сарыарқа», «Уақыт», «Тәржіман» газеттері, Абайдың (1909) кітабы, Шәкәрімнің, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың, С.Торайғыровтың, тағы басқа қазақ ақын-жазушылардың кітаптары, қисса-дастандары жеке кітапханасынан табылған.

Семей семинариясында оқып жүрген кезінен бастап Мұхтар Әуезов Мұхамедханмен жақсы таныс болып, туған інісіндей болып кеткен. «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» пьесаларын сахнаға даярлау кезінде репетицияларын үнемі сол үйде өткізген. Мұхтармен бірге: Жүсіпбек Аймауытов, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Әлмағамбет әншілер де Сейтқұловтың үйінде жиі қонақ болып тұрған. Сонымен қатар, Мұхамедхан Мұхтар Әуезов пен Хасен Тұрлыхановтардың моральдық, материалдық және рухани жетілулеріне, белгілі тұлға болып қалыптасуларыда маңызды рөл атқарды. Әлихан Бөкейханов Семейдің сол жағалауында өткен жиында қалаға бастапқы «Алаш» атауын қайтару туралы мәселе көтерген кезде, М.Сейтқұлов оған қолдау беріп, қалаға «Алаш» атауын қайтаруды нақтылы дәлелдермен қорғаған.

М.Дулатовтың қызы Гүлнар Дулатова әкелерінің дос болғанын еске алады. 1911 жылы М.Сейтқұлов Міржақып Дулатовты кепілдік салып, тұтқыннан босатады. Ал Шәкәрімнің белгілі фотосуреті Сейтқұловтың үйіне келген кезде түсірілген. Сонымен бірге, Сейтқұлов Шәкәрімнің қамаудан босап шығуына көмектеседі.

Мұхамедхан Тінібай мешітінде ислам дінінен сабақ берді, кейіннен №6 мешітте, халық арасында Ахмет Риза мешіті аталып кеткен мешітте имам болып қызмет атқарды.

Қазақ халқы тарихында зұлматты жылдар қатарынан саналатын саяси репрессия, сойқанды зұлмат, қаралы кезең Мұхамедханның да тағдырын айналып өтпеді. Алаш арыстары түгелге дерлік атылып, айдалып кеткен шақта Мұхамедхан Сейтқұловты да мұсылмандардың кеңес үкіметіне қарсы тобынын белсенді мүшесі деген жаламен ұсталғаннан кейін, үш күннен соң ешқандай арнайы тергеу, сот үкімінсіз ату жазасына кеседі. Мұхамедхан Сейтқұловты 1937 жылдың 2 желтоқсаны күні түнде атқан. Фотосуреттері сақталмаған. Жерленген жері белгісіз. Қайтыс болғаннан кейін ақталды [2]

Мұхамедхан Сейтқұлов ұлтымызды өзге халықтармен тең дәрежеде даму жолына бағыттаған болатын. Ұлы тұлғамыз қазақтың қоғамы үшін, алға ұмтылуын, халықтың басын көтеріп оянуына ықпал етіп, көзқарастары мен ой-өрісінің артуына көмектескен. Мұхамедхан Сейтқұлов қазақтың Ұлы дала баласы атануына толық лайық. Орыстың құрамынан шығуына көптеген іс-әрекеттер жасағаны бәрімізге мәлім. Байқанымыздай Мұхамедхан Сейтқұловөте керемет білімді, көзі ашық, қазақ халқы үшін шынайы жанашырлық танытқан, озық ойлы ұлы даланың баласы. Мұхамедхан Сейтқұловөте көп еңбектенген, білім жолын қуған, көп іздеген адам. [3: 16-17]

1.3. Қайым Мұхамедхановты әдеби шығармашылығы

Мұхамедханов Қайым жазушы, драматург, әдебиет зерттеуші, аудармашы. Филология ғылымының кандидаты, профессор. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1996). 1939 жылы Әуезов Семей қаласына барып, Мұқаметхановтың үйінде бір ай жатып, Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы деректерді жинады. Осыдан бастап ғалымның бүкіл өмірі мен ғылыми зерттеуі абайтану саласымен тікелей байланыста өтті. Мұқаметхан Семейдегі Абай мұражайының директоры, педагогикалық институтының оқытушысы, Қазақстан Жазушылар одағының Семейдегі бөлімшесінің өкілі қызметтерін атқара жүріп, Әуезовтың тапсырмасымен Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты мұрағат деректерін, естеліктерді, ақынның өлеңдерін жинастырды. 1951 жылы Әуезовтың тапсырмасымен Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты мұрағат деректерін, естеліктерді, ақынның өлеңдерін жинастырды. 1951 жылы Әуезовтың жетекшілігімен «Абайдың ақын шәкірттері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бірақ ұлы жазушының ғылыми идеясын жалғастырғаны және оның сенімді шәкірті болғаны үшін «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылып, халық жауы ретінде 25 жылға сотталды. Ғылыми дәрежесі алынып тасталды. Түрмеден қайтып келгеннен кейін тағы да Әуезовтың жетекшілігімен «Абай шығармаларының тестологиясы» деген тақырыпта екінші рет кандидаттық диссертация қорғады. Ғалым абайтану саласындағы зерттеулерін жалғастыра береді. Соның нәтижесінде «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт кітаптан тұратын еңбегін (1992-1997), «Абай мұрагерлері» (1995) атты монографиясын жарыққа шығарды. Әуезов туралы «Мұхтар Әуезов және Семей театрының тарихы», «М.Әуезов және В.Иванов» сияқты естелік-мақалалар жарияланды. Ал «Мұхаң туған жерінде» атты естелігінде жазған.[4: 440-441]

Сонымен ғылыми жобамды қорыта келетін болсам, Мұхамедхан Сейтқұлов және оның ұлы Қайым Мұхамедханов қазақ халқы үшін көшбасшы бола білген қайталанбас тұлға болды. Ұлт намысын барынша қорған тұлғамызды әрдайым мақтан тұта отырып, ауызымыдан тастамай, өсіп келе жатқан ұрпаққа айтып отыру біздің парызымыз. Көрнекті қоғам мен мемлекет қайраткері бола білген, ғұлама ғалым, тұңғыш саяси партияны ұйымдастырып, Алашорда үкіметіне еңбегі сіңген, Ұлы Даланың перзенті атанған, тұңғыш әдеби зерттеулер жүргізген, ғылыми назарын әдеби сынға, жомарттыққа арнаған тұлғамыз.

Бар өмірін қазақ халқының азаттық алып, емін-еркін ел болып өмір сүруі үшін алдына мақсат қойып тыңбай еңбек еткен, сол мақсатқа жету үшін көптеген қызмет атқарған біздің көшбасшымыз.

Мұхамедхан Сейтқұлов және оның ұлы Қайым Мұхамедханов ұлтымызды өзге халықтармен тең дәрежеде даму жолына бағыттаған болатын. Ұлы тұлғамыз қазақтың қоғамы үшін, алға ұмтылуын, халықтың басын көтеріп оянуына ықпал етіп, көзқарастары мен ой-өрісінің артуына көмектескен.

Бүгінгі ұрпаққа айтар едім, Мұхамедхан Сейтқұлов және оның ұлы Қайым Мұхамедханов секілді елімізге, халқымызға еңбек ету үшін, көп білім алып, ізденіп, еңбектену қажет. Халқымызға, жұртымызға, елімізге біздің жанымыз

ашып, басқа кім жаңашырлықтанытты. Сондықтан сіздерге ұсынарым өз еліміздің болашағын ойлайық, әр қайсымыз үлесімізді қосып, пайдамызды тигізейік!

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Айгүл Ісімақова Тәуелсіздік және Алаш ғылымы. «Дәстүр» 2015, «ҚаратаумКБ» 2015;
2. [https://inews.kz/news/2012/04/17/6383793kaiym\\_myhamedhanov\\_alash\\_arystary\\_ansaga.html](https://inews.kz/news/2012/04/17/6383793kaiym_myhamedhanov_alash_arystary_ansaga.html);
3. Рымғали Нұрғали. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Күлтегін баспасы 2002 Астана;
4. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы – Алматы: Атамұра, 2011 – Сейітқұлов М: 6 440-441.

**Мұхамедхан Сейітқұлов- меценат**

**Ж.Е. Шауен,  
Б.Д. Кенжебаева  
№16 ЖББОМ КММ**

«Әрбір кейінгі ұрпақ өз жолын алдыңғы ұрпақтардың жеткен жерінен бастайды, жақсыдан үйренеді, жаманнан жиренеді. Өзінің алдына қойған міндеттеріне сай, әр кезеңнен өткендегінің қайсы бір қарекетін мансұқ етеді, қайсы бір қарекетін қасиеттеп дамытады», деп ғалым Ш.Елеукенов айтқандай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлғалардың еңбектері, жүріп өткен жолы ұрпақ санасында мәңгі сақталары анық. Есте қалу үшін ағаларымызды танып білуіміз қажет. Біз сол ағаларымызды таныту үшін бүгін Мұхамедхан Сейітқұлов ағамызды дәріптеп отырмыз. Біздің негізгі ойымыз барлық қазақ жастарына бұл кісіні барынша дәріптеп, таныту. Бұл мақаланы жазудағы мақсатымыз Мұхамедхан Сейітқұловтың шығармашылығына жастардың қызығушылығын арттыра отырып, олардың ой өрісін, әдебиетке деген көзқарасын дамыту. Мұхамедхан Сейітқұловтың өмірі, еңбектерімізге бағдарламасында қаншалықты маңызды екеніндігі өзекті болып отыр.

**Қайым Мұхамедханов (05.01.1916 – 30.06.2004)** – абайтануды ғылыми ізденуші, шәкәрімтанудың негізін қалаған, текстолог, Семейде Абай мұражайын ұйымдастырған, мұғалім, ақын, жазушы, драматург, әдеби аудармашы, қоғам қайраткері, мұхтартанушы ғалым. Қазақ ССР Гимнінің авторы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының, Жазушылар одағы сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Халықаралық Абай академиясының (Лондон) Алтын медалінің иегері, профессор, КСРО және Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі; Семей, Аягөз қаласының, Жаңа Семей, Абай аудандарының Құрметті азаматы; 100-ден аса ғылыми еңбектің авторы[1].

Қайым ағамызға қарап қайран қаламыз. Өте білікті, білімді адам болып өсуі үйдегі тәрбие мен санаға байланысты деп ойлаймыз. Жалпы жастайынан еңбек еткен, есейе келе алды - артын танып, қазақ қоғамына зор еңбек

сіңірген.Жастайынан ел көзіне түкен ағамыз,жау қолына да түскені айқын.Әрине қазақ қоғамындағы мәселелерді шешу соның ішінде сол жылдары ТӘУЕЛСІЗДІК деген ұғымды арман қылып емес,мақсат қылған азамат.Сол мақсатына жетті,тәуелсіздікті алып берген қазақ жанашыры мәңгі есімізде қалмақ.Өлмейтұғын артына із қадырған ағамызды бәріміз жыл сайын есімізге аламыз.Мәңгі есімізде қалатын тұлғаға келешегіміз қарап өссе дейміз.Мағжан ағамыз «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты,Мен жастарға сенемін» деп айтып кетті емес пе? Болашақ жастар яғни бізге сеніп отырған ағамыздың сенімін ақтауымыз керек.Бірақ сенімін ақтау үшін осындай тұлғалар жайлы білуіміз керек емес пе?Интернет желісінде мәліметтолы болса да қазіргі қоғам интернет желісін ашып, бұл кісіні іздеуі кем де кем.Сол себепті бұл кісі туралы газет жуналдарда, кітаптарда, жаңалықтарда айтылсаекен дейміз. Ағамыз ұлы тұлға болған. Өзім жеке бір кітабын оқып шықтым, Қайым Мұхамедханов –өте білікті маман екенін білдім. Әсіресе химияға, тарихқа үлкен үлесін қосыпты. Ең білікті маман болу үшін ағамыз туралы көп білгіміз келеді. Ізденістен жалықпайтын мына біз , бұл кісі жайлы өте көп іздестірдік. Боласын ғалым егерде, балалықты қисаңыз деген керемет сөз бар емес пе. Осы сөзге сүйене отырып барлық жас мамандарға, оқушыларға, барлық қауымға Қайым Мұхамед ағам жайлы кітап оқуға кеңес береміз. Зиян жағынан қарағанда пайдасы өте көп. Жастарымыз интернетке уақыт қиғандай сәл кітап оқуға да уақыт бөлсе екен. Әсіресі осы ұлы тұлғалар жайлы. Тәуелсіздік сөзінің мағынасын түсініп оны қадірлей бастар еді. Кітап қызықты болғаны сонша екі күнде дереу аяқтадым. Осындай тұлғаның барына, бізге еркіндікті әперіп кеткеніне қатты риза болдым. Тұлғамыз ешқашан ұмытылмау керек!

Осы орайда ағама арналған жыр шумағымды оқып берсем:

### **Ұлы тұлға**

Сағынамыз жыл өткен сайын біздер,  
Толқын жуып, қаншама шайылды іздер...  
Бұл күндері әр елге келген әр бірадам  
Ең алдымен елеңдеп Қайымды іздер.

Іздемеске бола ма аға сізді?  
Бар ерлік жігерменен тәнті қылған,  
Қазағым деп елі үшін шырылдаған  
Мәңгі өшпес артынан із қалдырған.

Ауыр жүкті мойнына артып алып,  
Тәуелсіздік болған мәңгі мақсаты,  
Ұрақтарын жетімсіретпей жеткізген ,  
Аға сізді ұмытпаймыз ешқашан.  
Мектептерде жылына бір еске алатын –

Қайым Мұхамедов әдеби кітаптарда жоқ. Оны өзімізде байқаған болатынбыз.Бастауыш немесе ортаңғы сынып оқушылары арасынан білетін бала

саусақпен санарлықтай қана екен. Қазағыма тәуелсіздігін алып берген жанды неге келешек жастар танымайды деген ой бірден келді. Сараптама жасағымыз келіп басқа мектеп оқушыларынан да сұрастырып көрдік. Ол балаларда саусақпен санарлықтай болды. Бұған кім кінәлі? Келешек жастар ма? Әлде әдебиет кітаптарында бұл тұлға жайлы айтылмағаннан ба? Сөз сүйектен өтеді демекші бұның барлығын жоғарыдағы адамдарға жолдағымыз келеді. Мектептің қаншалықты жоспарында бар бұл кісі? Қазір жаңа бағдарлама бойынша оқып жатқан оқушыларымыз Қайым Мұхаммедхановтың өмірі мен қызметі жайлы білу керек деп ойлаймыз. Біліп қана қоймай еңбектері жайлы, ерліктері жайлы өте көп дәріптеу сабақтары жүргізілуі тиіс. Тек оқушыларға ғана емес ұстаздар да бұл кісі жайлы толық ақпарат білуі қажет емес пе? Тәрбие басы – бұлақтан демекші ұстаздар қауымы да осы кісі жайлы толық білсе дейміз. Сирек кездесетін ақпараттар өте көп екен. Соның бірін айтып кетсек. Бұл кісінің отбасы жайлы интернет желісінен табу біз үшін қиынға соқты. Қалалық кітапханалардан та таба алмадық. Іздестіре жүре туыс інісін таптық. Қатты жақын емес. Өзі жайлы мағлұмат айтпауын өтінгенімен, ол кісінің не айтқанын мен сіздерге айтайын. Қайым ағамның алыс туысы болғандықтан өмірінде көрмеген екен. Тек ауылдастарынан, туыстарынан естігені бар екен. Қайым ағам жастайынан ақындардың жанында өскен. Балалары да бар шылық. Балалары қазір бөлек отбасы. Біреуі басшы, біреуі директор барлық баласы еңбекке жақын. Осындай ерекше тұлғаның балалары да өзі сияқты еңбекқор екен.

Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен ғылыми қызметі еш уақытта ұмытылмауы керек. Ғасырлар өткен сайын оның бейнесі тұлғаланып, келер ұрпақтың алдынан шығады.

Сан қырлы талант иесі, қайсар да, рухты ғалым Қ. Мұхамедхановты жас ұрпақ біз ешқашанда ұмытпауға тиіспіз!

Қорыта келе, «Халық жауы» ретінде бес адам 25 жылға кесіліп айдалдық. Олар: Е. Бекмаханов, Е. Ысмайылов, Б. Сүлейменов, Қ. Жұмалиев және мен – Қ. Мұхамедханов. Мұхтарды да түрмеге апарды, ғылыми диссертацияның күшін құртып, жинаған- терген, жазған дүниелерімді жоғалтып жіберді. Осы тәуелсіздікті, Абайдың айналасындағы ақындардың бостандығын өмір бойы аңсадым ғой. Арманым жеттім!»- деп Қайым ағамыз өзінің соңғы сөзін жазып кетті [2]. Арманына жеткен ағамыздың сөздері сондай жылы көрінді. Оқып отырып елжірейсіз. Өте керемет болған тұлғаның жүрегі бұл өмірден жұлдызы сөнгенше қазақ деп соқты. Біз де келешек жастарымыз осындай қайсар, сен тұр мен айтайын дейтін азамат болып өссе екен дейміз. Бірақ ең алдымен жастарымыз бұлкісіні танып білу қажет. Біз саралай келе ағамыз жайлы қандай кітаптар бар екен деп іздестірдік. Абай атындағы кітапханада Қайым Мұхамедханов туралы кітаптар бар. Алайда, саны аз. Оның өзін үстіндегі мұрағат бөлімінен ғана таба аласыз екен. Онда Қайым Мұхамедханов туралы, Карлагтағы тағдыры туралы кітаптарды есептегенде бар – жоғы 14 кітапты құрады. Осыған орай Жеке папкаға жинақталған газет қиындылары, фото-суреттер бар. Мәліметтер өте аз екен. Ішімнен өте қатты қынжылдым. Неге нағыз майталманымыз, әр қазақтың аузында жүруі керек тұлға бір қуыста қалып қойған? Ол кісіде Абай мен Мұқағали секілді жылдан-жылға еске алынып, бұл

кісінің де мерейі неге тойланбаса? Мұражайлар мен көше аты былай тұрсын кітаптардың аздығына қатты қынжылдық [3].

Келешек ұрпақ, біз сіздерді Қайымның шығармалары мен әңгімелерін сүйсіне оқып тыңдауға шақырамыз. Біздің ұлы тұлғамызды ешкім ұмытпауы тиіс. Келешек ұрпақ және біз осы кісіні өмірімізге мысал етіп алсақ, болашақта білікті, алғыр болып шығамыз. Қайымның сөздерінің астында ұлы сөздер жатыр соны меңгеруіміз керек. Қазақта «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген сөз бар. Біз және келешек ұрпақ осы сөзге қалмайық!

**Біздің мынандай ұсыныстарымыз бар:**

- 1) Кітаптар шығарылса;
- 2) Жыл сайын мектептерде концерттер мен еске алу кеші өткізілсе;
- 3) Оқушыларға ғылыми жоба, зерттеулер жарасын ұйымдастырса;
- 4) Қайымтану курсы ашылса немесе насихатталса;
- 5) Әр түрлі іс-шаралар және Қайым оқулары өткізілсе;
- 6) Қайым атауына газеттер, журналдар шығарылса;

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мұхамедханов Қ. Қазақ ССР 4- том. Қысқаша энциклопедия.- Алматы, 1989.- 442 б.
2. Мұхамедханов Қ. Советтік Қазақстан жазушылары.- Алматы: Жазушы, 1987.- 423 б.
3. Кітапханалар мен интернет желісі.

**Алашпартиясының мүшесі – Мұхамедхан Сейітқұлов және  
ұлы - Қайым Мұхамедханов.**

**А.Ж. Әнуар**

11- сынып оқушысы

С.Саттаров атындағы

№57 мектеп-лицей

Жетекші: Г.С. Жапабаева

Биылғы жылы, ел аузына көп ала қоймайтын Алаш партиясының беделді мүшесі Мұхамедхан Сейітқұловтың туғанына 150 жыл болып отыр. М. Сейітқұлов 1870 жылы сәуірдің 22-інші жұлдызында Семейдің бір бөлігі Көкентау елінде дүниеге келген. Белгілі ислам уағызшысы болған Мұхамед білімді, өз халқының әдебиетіне аса қызыққан және оның қанат жаюына барынша қолдау көрсеткен жан. Тек қана халық әдебиеті емес, дүние жүзіндегі сирек кездесетін кітаптар осы тұлғаның үлкен залында болған. Сондай-ақ тілдерді де жақсы көрген, бірнеше тілдерді жетік білген. Алаш партиясының мүшелерімен жақсы қарым-қатынаста болған, оларға көп көмектескен. Көптеген отырыстар, жиналыстар Мұхамедханның үйінде болған. Осы партияға орталық ашуға қолдау көрсеткенде осы Мұхамедхан. Ол кісі “Қазақ”, “Сарыарқа” газеттерін қаржыландырып отырған меценат.

Өзінің жомарттығымен сыйлы болған Мұхамедханның ұлы ақын Абай, шәкірттері Көкбай, Мағауия және Мұхтар Әуезов, Сұлтанмахмұт Торайғыров,

тағыда басқа ұлы тұлғалар үйіне келіп тұрған. Алашидеясын дамытуға, іске асыруға аса көп үлес қосқан мәдени тұлға.

Мұхамедхан Сейітқұловтың есімімен қатар жүретін, баласы – Қайым Мұхамедхановта еліміздің айтарлықтай көрнекті тұлғасы. 5 қаңтарда Семей қаласында туған. Кішкене кезінен бастап әдебиетті көп оқыған. Әдебиет зерттеуші ғалым ретінде Абай мұрасының текстологиялық зерттеулеріне мол үлес қосты. Қайым Мұхамедханов ғалым, абайтануды ғылыми негіздеуші, әрі алғашқы текстологы, ұстаз, ақын, жазушы, драматург. Шәкәрімтанудың негізін қалаушы. Қазақ КСР Гимнінің авторы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі. Семей педагогика институтының филология факультетін 1941 жылы бітірген. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Өмірінің көп жылдарын ұстаз болумен және зерттеуші болумен өткізген. 1996 жылы «Абай» энциклопедиясын шығарудағы еңбегі үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Жазықсыз жазаланған әкесі туралы бір берген сұхбатында былай дейді: «Алаш арыстары туралы сөз қозғайтын болсақ, әкем Мұхамедхан Сейітқұлов туралы айтпай кете алмаймын. Мұны енді оқырман қауым дұрыс түсінуін өтінемін. Менікі кейбіреулер сияқты көрпені өзіме қарай тарту емес. Ал әкем туралы айтатын болсам, оған оның Алаш арыстарымен жақын сыйластығы себепкер.

Әкем Мұхамедхан – заманына сай көзі ашық, сауатты адам еді. Бойына біткен кісілігі шығар, ертеден ұлы Абай төңірегімен аралас-құралас болған. Бергі төңкеріс кезінде Семейде шыға бастаған Алаш үні «Сарыарқа» газеті мен Жүсіпбек пен Мұхтар шығарған «Абай» журналына, қазіргі тілмен айтқанда, меценат ретінде демеушілік көрсетуі сол ұлы ақынның өнеге-тәрбиесі емес деп кім айтады? Әкем қойын дәптеріне «бүгін ана газетке пәлен сом, мына журналға түген сом көмек жасадым» деп тіркеп қояды екен. 1937 жылы әлгі дәптер өзімен бірге тәркіленіп, қамауға алынды. Тегінде, әкем 1870 жылғы, яғни Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановпен құрдас. Әлекең 1938 жылдың мамыр айында, ал оның құрдасы, жолдасы Мұхамедхан 1937 жылдың желтоқсан айының басында атылған. Бұл жаза ол қамауға алынған соң небәрі 45 күн ішінде орындалған. Ал бізге ол кезде «әкеміз он жылға сотталды» деген хабар тиген-ді. Негізгі шындықты еліміз тәуелсіздік алған соң, арада 55 жыл өткеннен кейін білдік. Мұның өзі бергі әңгіме. Ал әкем айтқан арғы әңгіме төмендегідей:

Төңкеріс болған жылы сен аяғыңды енді ғана басқан сәби едің. Сонда Семейге Әлекеңнің келгені ерекше салтанатқа ұласқан. Бүкіл қазақ қауымы үлкен қуанышпен оны ханнан кем қарсы алған жоқ. Шындығында, Әлекең – ұлт көсемі еді ғой. Мұны енді сол шақта Сұлтанмахмұт та келістіріп жырлады емес пе! Ахаң мен Жақаң – Ахмет пен Міржақыпты айтамын, сондай-ақ Мағжан мен Сұлтанмахмұттар Әлекеңнің қасынан табылатын. Біздің үйде қона жатып әңгіме-дүкен құратын, сөйтіп ел болашағын алыстан болжайтын сол ұлылардың сен тізесінде отырып өстің ғой, шырағым! Соны ұмытпа! - дейтін әкем жарықтық,» - дейді, әкесі туралы сындарлы ойын ашық айтып.

Халқымызда «би болмасаң да, би түсетін үй бол» деген сөз бар. Бұл арада би деген сөзді тура мағынасында емес, «игі жақсылар мен жайсаңдар» деп

түсінгеніміз дұрыс. Солардың басы болып, ағалы-інілі Абай мен Шәкәрім Мұхамедханның қадірлі қонағы атанып, жаңа үйінің төріне жайғасқан. Одан сәл кейініректе қадірлі қонақтардың тізімі Көкбай, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сұлманмахмұт, Мұхтар, Иса, Әміре, Әлмағамбет, Жүсіпбек, Мұхамеджан (Тынышбаев) болып жалғасып жатты. Солайша Мұхамедхан отызында орда бұзып, қырқында қамал алуға дайын тұрды. Осы шақта ол түрменің тар қапасынан Шәкәрім мен Міржақыпты кепілдікпен босатып алған.

Мұхамедханның Мұхтар мен Жүсіпбектің бастамасымен 1918 жылдан бастап Семейде шыға бастаған «Абай» журналына Көкентаудың арғы жағындағы Ши өңірінен шыққан өз заманының атақты меценаты Қаражан Үкібаевпен бірге демеушілік жасағанын тағы да қайталап айтайық. Мұның сыртында «Сарыарқа» газетіне қол ұшын беріп, қолтығынан демескендердің бірі – осы Мұхамедхан. Енді бір қызығы сол, кешегі солақай саясаттың салдарынан «Абай» журналы сандаған жылдар бойы шықпай, жабылып қалғанда еліміз егемендікке қол жеткізген беттен оның қайтадан жанданып шығуына бірден-бір себепкер болған адам – Қайым Мұхамедханов. Сейітқұлдың Мұхамедханы тек атаның ғана емес, адамның баласы бола білген кең азамат болғаны енді бізге мәлім. Алаштың нар тұлғасы Совет үкіметі орнаған шақтан бастап жайлы өмір сүрмеген деуге болады. 1921 жылы бірінші рет «алашшыл» ретінде тергеуге алынды. Сосын 1928 жылы дәулетті бай ретінде мал-мүлкінен тегіс тәркіленді. 1932 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, түрмеден-түрмеге ауыстырылған. Артында қалған жары, бала-шағасы да советтік биліктің зорлық-зомбылығын көрудей-ақ көрген.

Есімі көпшілікке тансық Мұхамедхан атамыздың атына қаламыздакөше берілді. Шын мәнінде бүгінде туғанына 150 жыл болып отырған Мұхамедхан Сейітқұлов туралы айтылмаған сөз көп. Біз тұлға алдындағы парызымыз деп білгенімізді ортаға салдық. Енді өзге де тарихшы, алаштанушыларды осы Мұхамедхан Сейітқұлұлы туралы жазуға, насихаттауға шақырамыз.

Тоқсан сөздің тобықтай түйіні, білмейтініміз білгенімізден көп. Ізденуге ерінбей, тек алға жылжиық! Тарихымыдың алдындағы өзіміздің парызымызды өтейік!

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

- <https://turkystan.kz/article/93937-o-y-an-azamat>
- <https://qazaqadebieti.kz/23331/alash-metsanaty>
- [http://alash.semeylib.kz/?page\\_id=1243](http://alash.semeylib.kz/?page_id=1243)

#### **Алаш меценаты – Мұхамедхан Сейітқұловтың дара жолы**

**Ж.Т.Жансагимова, Г.А.Ахметова**

№62 ЖББОМ қазақ тілі мен  
әдебиет пәнінің мұғалімдері,

Мұхамедхан Сейітқұлов - Абай бастаған ұлылардың, Әлихан бастаған Алаш арыстарының шын мәніндегі қамқоршысы болған адам. Кешегі сұрқай

заманның нәубатында «жолсыз жазаға» ұшыраған Мұхамедханның өмірге келгеніне биыл – 150 жыл. Биылғы Абай жылында Абаймен, төңірегіндегі басқа да ұлт мақтаныштары болған асыл азаматтармен тығыз қарым-қатынаста араласып, соларға қатысты игі шараларды атқаруда еш аянбаған Мұхамедханның мерейлі 150 жылдығының аталып өтуі, ол да ең алдымен хакім ақынға құрмет деп білеміз. Бұл тұрғыдан алғанда, ұлы Қайым Мұхамедхановтың деректеріне жүгінген жөн. Соған орай баласының әкесі туралы айтқан жүрекжарды сөзін тұтасымен келтіре кетсек: «Алаш арыстары туралы сөз қозғайтын болсақ, әкем Мұхамедхан Сейітқұлов туралы айтпай кете алмаймын. Мұны енді оқырман қауым дұрыс түсінуін өтінемін. Менікі кейбіреулер сияқты көрпені өзіме қарай тарту емес. Ал әкем туралы айтатын болсам, оған оның Алаш арыстарымен жақын сыйластығы себепкер. Әкем Мұхамедхан – заманына сай көзі ашық, сауатты адам еді. Бойына біткен кісілігі шығар, ертеден ұлы Абай төңірегімен аралас-құралас болған. Бергі төңкеріс кезінде Семейде шыға бастаған Алаш үні «Сарыарқа» газеті мен Жүсіпбек пен Мұхтар шығарған «Абай» журналына, қазіргі тілмен айтқанда, меценат ретінде демеушілік көрсетуі сол ұлы ақынның өнеге-тәрбиесі емес деп кім айтады? Әкем қойын дәптеріне «бүгін ана газетке пәлен сом, мына журналға түген сом көмек жасадым» деп тіркеп қояды екен. 1937 жылы әлгі дәптер өзімен бірге тәркіленіп, қамауға алынды. Тегінде, әкем 1870 жылғы, яғни Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановпен құрдас. Әлекең 1938 жылдың мамыр айында, ал оның құрдасы, жолдасы Мұхамедхан 1937 жылдың желтоқсан айының басында атылған. Бұл жаза ол қамауға алынған соң небәрі 45 күн ішінде орындалған. Ал бізге ол кезде «әкеміз он жылға сотталды» деген хабар тиген-ді. Негізгі шындықты еліміз тәуелсіздік алған соң, арада 55 жыл өткеннен кейін білдік.

Семейлік орыс қызы, жергілікті филолог журналист Алла Белякинаның айтуынша, 2005 жылы біздің әріптесіміздің әкелі-балалы ұлт зиялылары туралы жазған ғұмырбаяндық көлемді хикаяты арада бес жылдан соң белгілі қаламгер Ғаббас Қабышұлының еркін аудармасымен «Аңыз адам – ақиқат тұлға» деген атпен жарық көреді. Кейініректе бұл дүние ағылшын тіліне де аударылған екен. Ал одан кейінгі жерде, нақтылап айтсақ, 2017 жылы жоғарыда аталған білім және мәдениет орталығының бастамасымен әкелі-балалы Сейітқұлов, Мұхамедхановқа арналған «Әке мен бала» деп аталатын деректі дүниесі және жарыққа шығады. Ал бұдан бір жыл бұрын ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Президент әкімшілігі тарапынан Ыбырай Алтынсариннің –175, Әлихан Бөкейханұлының – 150, Қайым Мұхамедхановтың 100 жылдық және басқа да көрнекті тұлғалардың түрлі деңгейдегі мерейтойларын атап өту мәселесі мақұлданған. Осыған сәйкес еліміздің өңірлерінде олардың мерейтойлары лайықты түрде аталып келді. Алматы қалалық әкімшілігінің ішкі саясат басқармасы «Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қайым Мұхамедханов – Отан патриоттары» атты жобасын бекіткен. Ал 2017 жылы Қайым атындағы орталық қоғамдық қорының ұйытқы болуымен «Әке мен бала – Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қайым Мұхамедханов – Отан патриоттары» атты кітапша жарық көрді.

...Мұхамедхан Сейітқұлов тегінде Семейден соншалықты алыс емес Көкентау елінің қазағы. Алғыр да сабырлы, байыпты да байсалды, оның үстіне

жасынан жүрегіне имандылық ұялаған Мұхамедхан дінге жақын болған. Бірақ өз оқығанын өзі түсінбейтін кейбір діндарлар секілді емес, дін, діл, тіл мәселелерін қоса меңгеруге тырысқан. Осылайша өзінің ана тілімен бірге орыс, татар, араб тілдерін меңгерген. Өз бетімен ізденіп оқығанның арқасында заманынан қалыс қалмаған. Сол шақта қазаққа жат болып көрінетін сауда, кәсіппен де айналысқан. Алғашқыда Тінібай мешітінде ислам тарихынан дәріс оқыса, одан кейініректе Абай оқыған Ахмет Риза мешітінде имам болған.

Мұхтар мен Қайым Мұхамедханов арасында аға мен іні, ұстаз бен шәкірт секілді үлкен сыйластық болған. «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Бәйбіше-тоқал», «Ел ағасы» атты драмалық шығармаларының дайындығы М. Сейітқұловтың үйінде өткен екен. Ал оны қазірге дейін біреу білсе, біреу білмейді.

Тегінде, Мұхтар мен Қайымның жас айырмашылығы жиырма жылға жуық болса, ал Мұхамедханның жасы Мұхтардан бақандай жиырма жеті жыл үлкен. Бірақ ниеттес, тілектес жандар арадағы жас айырмашылығына еш тосырқамаған. Әкелі-балалы Мұхамедханмен, Қайыммен Мұхтардың бірдей дос-жар болғандығы кімді болсын сүйсіндірмей қоймайды. Сондай -ақ, көрнекті абайтанушы, алаштанушы Тұрсын Жұртбай ұстазы Қайымға «Абайдың інісі, Алаштың ірісі» деп баға бермей ме! Ал оның Абайдың інісі, Алаштың ірісі болуына ұлыларды ұлықтай білген әкесі Мұхамедханның бірден-бір себепкерлігіне кім дау айтады!

Осы арадашегініс жасасақ, алдымен төңкерістің зобалаңына, әрине жаңа өкімет үшін ағартушы, ұлт жанашыры емес, үстем тап өкілі болып есептелген Мұхамедхан іліккен. Оның ақ сарайдай үйі кеңес өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде, нақтылап айтқанда, 1921 жылы тәркіленіп, нақты иесіне екі бөлмесі ғана қалдырылған. Ал басты бөлігі жиырмасыншы жылы мектепке берілген. Бала Қайым мектеп табалдырығын солайша өз үйінің бір бөлмесінен екінші бөлмесіне өтіп аттайды. Алайда арада жеті жылдан соң Сейітқұловтар бұл «кеңшіліктен» де біржола қол үзіп тынған. Яғни, 1928 жылы Абайдың ұлы Мекайыл, Сейітқұлдың ұлы Мұхамедхан жазықсыз тұтқындалған жүздеген адамның қатарынан табылды. Жергілікті билік бұлардың екі бөлмесімен бірге, дүние-мүлкін, малдарын да тәркіледі. Сонда жат жандардың жетегінде кетіп бара жатқан жылқылар жасөспірім Қайымның көзіне бейне артына жалтақтап, жылап қарағандай көрініпті. Сонымен бірге бұлардың Көкен тауындағы жаз жайлаулары, сары қымызды сапырып ішкен алаңсыз күндері де осы шақтан бастап көзден бұлбұл ұшқан екен.

Отызыншы жылдардағы зұлматтан Сейітқұловтар әулеті көз ашпағандай. Айталық, Мұхамедхан 1932 жылы қайтадан кәмпескеге ілігеді. Сол жолы бозбала Қайым да әкесімен бірге он күнге қамауға алынған. Ал 1937 жылы тағы да кәмпескеге іліккен Мұхамедхан қараша айының 24-і күні тұтқындалып, желтоқсанның екісінде түнгі сағат екіде атылады. Інісі Әбілқасым Беломорканалға қара жұмысқа айдалып, ал педагогика институтында оқып жатқан баласы Қайым оқудан шығарылады.

Төрт жылдан соң Мұхамедхан ақсақалдың бәйбішесі Мақыпжамал бақилық болады. Мұхамедханның екі ұлының бірі – Мәулетхан кешегі сұрапыл соғыста хабарсыз кетсе, екінші ұлы Құрманғали майданнан аман-есен

оралғанмен, соғыста алған жарақаты салдарынан көп ұзамай дүние салады. Мұның бәрі қалың елдің басына түскен ауыртпалық десек те, биыл туғанына 150 жыл толатын Мұхамедхан Сейітқұлдың сүйегінің қайда қалғаны күні бүгінге дейін белгісіз екені ұрпақтарын қынжылтуда. Олар осы мәселемен биліктің ең жоғары сатыларына дейін хат жазып, өтініш білдіргенмен қолдарына тиянақты жауап тиер емес. Текті ата ұрпақтары сонда да бір оңды хабардан күдерін үзбей келеді. Ондай ақжолтай хабар ғасырға жуық алаң көңілмен келе жатқан Мұхамедхановтар әулетінің қолына алдағы Абай тойына дейін тиіп жатса ғой, шіркін! Мұхамедхан ақсақалдың суреті сақталған екен. Бәйбішесі Мақыпжамалдың ғана суреті бертінде табылған. Ол тұтқындалған күннің ертеңінде бүкіл мүлкі, өмір бойы жинаған рухани асыл қазынасы тып-типыл тәркіленіпті. Ойраны шыққан отбасында ата жасындағы қарт адамнан қалған жалғыз белгі – КСРО Жоғары кеңесі президиумының 1989 жылғы көкек айының 25-күні «Репрессия құрбандарына қатысты қалпына келтіру» жарлығының 1-бабы негізінде «Мұхамедхан Сейітқұлұлы ақталды» деген бір жапырақ қағаз ғана. Енді оның сүйегі қай жерде жатқаны нақтыланса, артындағы ұрпағы сандаған жылдан бері асыға күткен әділеттілік салтанат құрған болар еді!....

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ әдебиеті журналы, Дәулет Сейсенұлы «Алаш меценаты» 29.01.2020
2. Д. Мұхамедхан «Не отрывать от корней» Казахстанская правда 18.01.2014
3. «М. Әуезов в воспоминаниях современников» Алматы «Жазушы» 1972

**Алаш зиялылары**

**Г.О. Кульмаганбетова**

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
№32 жалпы білім беретін орта мектеп

Ұлт мұраты мен тарихын, мәдениеті мен әдебиетін танымаған ұрпақты ертең өз Отаны үшін күресіп, қолына қару алып қорғайды деп айта алмаймын. Бүгінгі ұрпақтың кешегін білуі, бағалауы ұлтымыздың болашағы үшін қажет. Соның ішінде, халқымыздың рухани өміріндегі ең қасиетті мол қазына алаш зиялыларының мұралары. Алаш зиялыларының еңбектері туралы бүгінгі күнде жазылып та айтылып та жатыр. Олар насихатталып, бүгінгі ұрпаққа пайдасы тиюі керек. Бізге қойылар негізгі міндет – ғалым Д. Қамзабекұлы атап көрсеткен: «Алаш рухын насихаттау сол зиялылар секілді тәуелсіз ойлауға кез-келген нәрсені салмақтап, оған ұлт мүддесі тұрғысынан баға беруге үйрену» [1:86]. Дәл қазіргі күні ана тіліміздің көсегесі көгермей тұрғаны, дініміздің мүшкіл халі, рухани құндылықтары мен адами қасиеттеріміздің биіктен көріне алмай жатқаны ұлттық рухтың оянбай, жетіспегендігінен деп түсінемін. Сондықтан біз сөз еткелі отырған бүгінгі күні ең өзекті мәселе – ұлттық рухты ояту, туған халқын өрге сүйреуге бар күш жігерін жұмсаған Алаш зиялыларының бізге артқан аманаты еді. XX ғасырдың бас кезінде қазақ өлкесінде ұлттық саяси

партияларының алғышарттарының қалыптасып, одан әрі дамуы қазақ халқының ұлт – азаттық қозғалысының маңызды кезеңі болып табылады.Отарлаушылар қазақ халқының жері мен оның табиғи байлығының айтарлықтай бөлігіне иелік етіп қана қойған жоқ, олар қазақ халқын рухани жағынан да отарлады: тілінен, ділінен біртіндеп айыру бағытында қатыгездікпен ойластырылған шараларды жүзеге асырды. Сөйтіп Қазақстанда ең алдымен отаршылдыққа қарсы ұлттық сұраныстарға жауап беруге бағытталған идеялар, одан туындаған қозғалыстар мен саяси партиялар құрыла бастады.

XX ғасыр – қауырт қоғамдық құбылыстар мен метаморфозалар ғасыры. Алаштың ардақты ардагерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар қазақтың бас ақынының мұрасы жөніндегі терең танымдық шығармаларын жариялатты. XIX ғасырдың соңында қазақ әдебиетінің бұрын – соңды болмаған асқар биігіне көтерілген Абай дәстүрі, реалистік көркемдік таным дүниесі осыдан кейінгі ұлттық сөз өнерінің мұратын, мақсатын, бітім –пішінін біржолата айқындап, бекітіп кетті. Абайдың соңғы әдебиеті реалистік сипатын тапты, жаңа бағытта өріс кеңейтті. XX ғасырдың алғашқы он – жиырма жылындағы қазақ әдебиетіне Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов шығармалары жоталанып көзге түседі. Міржақыптың «Оян, қазақ!» кітабы «Қалың елім, қазағым» деп тебіренген, іші қанжылай еміренген Абайдың өзекжарды мұңының жалғасы сынды, ұлт жігерін одан әрі қарай қайтару іспетті шықты. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Мұхамеджан Сералин, Бернияз Күлеев, Спандияр Көбеев сында тұлғалы таланттардың ақындық шабытты шаттары мен қоғамдық қайраткерлерінің белсенді күндері осы кезеңге тұспа – тұс келді.

Алаш зиялыларының басым көпшілігі ұлт мүддесі үшін аянбай күрескен, сол жолда жандарын қиған ерлер. Олар қоғамдағы маңызды жұмыстармен айналыса жүріп, қуғын-сүргін азабына қарамастан, әдебиет, публицистика, журналистика, сын, ғылым, аударма салаларында бай мұра қалдырды.

Осындай зиялылардың бірі, алашордашылардың жақтасы, ірі меценант, ағартушы, көрнекті мәдениет қайраткері – Мұхамедхан Сейітқұлов та болды. Ол 1870 жылы Семей облысының Көкен болысында дүниеге келгентұлға. Ол XIX ғасырдың орта тұсы мен XX ғасырдың алғашқы үш онжылдығында рухани-адамгершілік даму жолына нақты іс-әрекеттерімен үлес қосып, қазақ халқының көптеген мәдени құндылықтарын сақтап қалды. Мұхамедхан Сейітқұлұлы халықты ағартып, өз үйінде мәдени құндылықтар төңірегінде адамдардың басын қосты. Оның үйі білім мен мәдениет ошағына айналды, онда адамдар рухани қарым-қатынас орнатып, мәдени шындалды. Үй иесінің көптеген тілдердегі бай кітапханасы өз халқының мәдениетіне қызығушылық танытқандардың барлығына ашық, қолжетімді болды. Мұхамедхан Сейітқұлұлы қазақ, татар және орыс тілдерінде шыққан сол кездегі көптеген газеттер мен журналдарды жазғызып алып, жан-жақтан әкелетін, мәселен, алғашқы қазақ журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті; татардың «Уақыт» газеті, «Шура» журналы және т.б. Сонымен қатар, ол 1917-1918 жылдары Семейде шыққан «Сары-Арқа» газеті мен «Абай» журналын жазғызып алды. Жомарт меценат болған ол Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтың редакциясымен шыққан «Абай» журналын,

«Сары-Арқа» және «Қазақ» газеттерін қаржыландырды. Ол қолжазбаларды, халықтық тарихи поэмаларды, эпостарды жинап, сақтаған. Мұхамедхан Сейітқұлов осылай қазақ халқының көптеген тарихи тұлғаларының қалыптасуы мен оларды қолдауда үлкен рөл атқарды.

Мұхамедхан Сейітқұлұлы Әлихан Бөкейхан идеяларын қолдап, онымен бірге Семейдегі Заечная ауылының тұрғындарының жиналысында қалаға өзінің алғашқы «Алаш» атауын қайтару туралы үндеуімен бірге сөз сөйледі. Ол Шәкерім мен Міржақып Дулатұлын қамаудан құтқарып, алашордашылардың көптеген істеріне қол ұшын созды.

Мұхамедхан Сейітқұлұлы төрт рет тәркілеуге ілікті: 1921; 1928-1929 жылдары; 1932 және ол үшін қайғылы болған 1937 жыл. Қуғын-сүргін мен қудалауға қарамастан, ол ешқашан туған жерінен кетуді мүлде ойламады.

Алғаш рет Мұхамедхан Сейітқұлұлын 1930 жылы қамауға алды. 1937 жылы 24 желтоқсанда Мұхамедхан Сейітқұлұлы атылды. Қай жерде және қайда жерленгені белгісіз. Суреттері сақталмаған. Мұхамедхан Сейітқұлов және оның тарихи үйі туралы «Шәкерім», «Әуезов» энциклопедияларында, «Мұхтар Әуезов замандастар естеліктерінде», «Тінібай мешіті», «Әке мен бала: Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қайым Мұхамедханов – Оттан патриоттары» т.б. кітаптарды кездеседі.

XX ғасыр басындағы ұлттың ояну кезеңінің жалынды жаршысы, С.Торайғыров Алаштың ардақты азаматтарына жан дауысымен Алаш деп ұран салды. Ол барлық ерлерді бостандық, еркіндік, ел қамы үшін күресуге, бірігіп тізе қосуға, бір тудың астында бірігуге шақырды.

Алаш туы астында,  
Біз-алаштың баласы.  
Күніміз туып көгерді,  
Сарыарқаның даласы.  
Құрт аурудай жайлаған,  
Құртпаққа бізді ойлаған,  
Қанымызға тоймаған,  
Қолымызды байлаған,  
Ерімізді айдаған,  
Елімізді лайлаған.  
Жерімізді шимайлаған,  
Өшті залым қарасы.  
Жасасын, алаш, жасасын! [2:6].

Ақынның бұрыннан бері ішінде қайнап жүрген бүкіл арманы осылай ұран болып шығады. Ол Алаш партиясының ұранын құптап, бостандық жолындағы алдағы күнге жасаған жоспарына шаттана қосылады. «Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, бірлікке, ел тұтастығы үшін күреске шақырады» [3:125].

Алаш қайраткерлері ұлт тағдыры жастардың қолында екенін ескеріп, сол жолда аянбай еңбек етуге шақырды. Аталған кезең әдебиетін «Алаш ұранды әдебиет» деп анықтаған ғалым академик Р.Нұрғали Алаш зиялыларының көздеген мақсаты мен ұстаған бағытын былай түсіндіреді: «Алаш қозғалысына

қатысып, «Алаш» партиясын құрысып, Алаш орда үкіметін жасаған қайраткерлері ішінен қазақ әдебиетінің алтын дінгек, сом тұлғалары шықты. Отаршылдық пен шайқас, артта қалушылыққа қарсылық, надандықты мансұқ ету, азат, тәуелсіз, демократиялық, дербес мемлекет құруды биік нысана ету, белгілі бір тап мүддесі емес, жалпы ұлт мақсаты үшін күресу, өркениетті нысана тұту - бұл Алаш ұранының астына жиылған ұлылы-кішілі азаматтардың баршасының дүниетанымына ортақ, етене қасиет, сапалары еді»[4:12].

Елінің ұлттық мүддесін көксеген, ұлтының өркениетке жетуіне бар күш – жігерін жұмсаған халқымыздың қайратты қамқор азаматы А.Байтұрсынов биік пафостағы азатшыл рухты қазақ әдебиетіне алғаш болып алып келді. Ахметтің өлеңдеріндегі ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – «Маса» жинағындағы басты сарын. «Ақын елін маса болып шағып, оның намысын, жігерін оятуға бет алған. Сондықтан болар, азаматтық сарыны басым бұл өлеңдер сол кездегі зиялыларға ерекше әсер еткені белгілі» [5:18].

Сонымен, XX ғасырдың басында қазақ қоғамында түрлі саяси ағымдар, көзқарастар өрістеді. Түркішілдік, исламшылдық, ұлттық-демократиялық, социал-демократиялық қозғалыстар қалыптасып, дамыды. Бұл ағымдардың саяси өзегін интеллигенция өкілдері, соның ішінде ұлттық интеллигенция өкілдері құрады. Интеллигенция өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметінің негізгі түрлері: саяси баспасөзді дамыту, петициялық қозғалыстарды жетілдіру, бүкіл қазақ съездерін шақыру, мұсылман съездеріне қатысу, қазақ халқының мүддесін барлық жерде қорғау болды.

Ең маңыздысы Ұлы дала Алаш ұлдарының салып кеткен дара жолынан бүгін және әрқашанда таймау, біздің перзенттік борышымыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Атамекен», 1995.340 бет.
2. Өскембаев Қ.С., Мусина А.Н. және т.б Қазақстан тарихы. – Алматы: «Мектеп», 2011.13-14бб..
3. Қозыбаев М. Қазақстан тарихы. – Алматы: «Мектеп», 1997. III басылым, 240 бет.
4. Әбдәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1997.403 бет.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том.- Алматы: «Атамұра», 2010.

#### **Тарихқа тағзым, М.Сейітқұлына тағзым.**

**А.О. Урамаева**

10 сынып оқушысы

**С.Т. Елікбаева**

Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі

№62 ЖББОМ

Іздемеске келе ме бұл ағаны-  
«Бар Семейді жеке алған» ғұламаны.  
Қайым десе, кең дала дүбір салып,  
Құлағына келеді бұлақ әні.  
Үңілгеннің өткенге көзі жетпек,  
Надан болсаң кімдерге сөзің өтпек.  
Академия бір өзі Семейдегі  
Өзі музей,  
Өзі архив,  
Өзі мектеп –

деп белгілі ақын Несіпбек Айтұлы «Іздемеске бола ма?» атты Қайым Мұхамедхановқа арнау өлеңін арнаған. Алаш арыстарын қолдаған, қолындағы дәулетін Алаш жолына бағыштаған, қазақ халқының қиын қыстау кезінде халық ұғымына күштеп енгізілген «Сараң бай» ұғымымен емес, «Жомарт, мәрт, меценат» деген ұғым туғыза білген, өз кезінде Алаш қозғалысына үлкен демеушілік, қолдау көрсеткен алайда бұл еңбегі ұзақ уақыт, көпшілік назарынан қалыс қалып, жасырулы келген бір есім бар. Ол – Қайым Мұхамедхановтың әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлы еді. «Әкем Мұхамедхан соншалықты оқымысты кісі болмағанмен, заманына сай көзі ашық сауатты адам еді. Бойына біткен кісілігінің арқасы шығар, ертеден ұлы Абай төңірегімен аралас-құралас болған. Бергі төңкеріс кезінде Семейде шыға бастаған Алаш үні "Сарыарқа" газеті мен Жүсіпбек пен Мұхтар шығарған "Абай" журналына қазіргі тілмен айтқанда меценат ретінде демеушілік көрсетуі сол ұлы ақын өнеге-тәрбиесі емес деп кім айтады.» деген екен Қайым Мұхамедхан. [1]

Бүгінгі оқырманға есімі етене таныс, атақты профессор, түрмелі сүргінді көрген, КарЛаг азабын тартқан, Абай хәкімді зерттегені үшін сотталған, Мұхтардай данаға шәкірт болғаны үшін тақсирет арқалаған Қайым Мұхамедханұлы еді. Қайымның әкесі Мұхамедхан өз заманының талабына сай оқыған азамат, көзі ашық зиялы, дала білгірі болыпты. Дүниенің тетігін тауып, мал өсіріп, дәулет жиған Мұхамедхан байлығын, қаржысын ұлт жолына бағыштап, Алаш қозғалысының дамуына материалдық қолдау көрсеткен меценат, жомарт. Сталиндік қуғын-сүргін, жеке басқа табыну аласапыраны келгенде бұл азамат та сол зымиян саясаттың сойылын жеп, ақырында 1937 жылдың 2 желтоқсанында ату жазасына кесілген. Бар жазығы сол – Алаш ұранды топтың қолдаушысы болғаны және ислам дінін насихаттап, уағыздағаны. Мұхамедхан Сейітқұлұлы 1870 жылы туған. Әлихан, Барлыбек, Ахмет, Жақып, Айдархан сынды арыстармен бірге жасаған, идеялас, мұраттас арыс. Әдебиетке, өнерге бала жасынан құмар болған Мұхамедхан қазақтың көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған, тарихи-әдеби мұраларды хатқа түсірген, ескі жәдігерлерді сақтап, келешекке жеткізген. Ақеділ азаматтың дәулетті де, бай-қуатты шағы туралы ұлы Қайым естелік ретінде жазып қалдырған. Естелік жазбаға қарағанда, әкесі орыс, татар, араб тілдерін жақсы меңгерген, сол тілдерде басылып шыққан әдеби кітаптарды еркін оқып, оны аударып, айналасындағы жақындарына мазмұнын айтып отыратын кісі болған екен. Кең сарайдай үйінің бір бөлмесі үлкен кітапхана болыпты. Қазыналы әкенің кітапханасында XIX, XX ғасырдағы

кітаптар, журналдар, басылымдар сөре-сөре болып тізіліпті. Бұл үйге заманында хәкім Абай да, оның ұлдары Әбіш пен Мағауия, Ақылбай мен Тұрағұл да қонақ болып келген екен. Тарихи дерекке сүйенсек, бұл үй – Семей шаһарындағы ең көрнекті әрі бай, зәулім, көзтартар үй болған. 1915-1920 жылдары бұл үй Алаш арыстарының бейресми штаб-пәтеріне айналған кездесу үйі болған. Абай әлеміне деген сүйіспеншілік осы өз үйіндегі игі жақсылардың әңгімелерінен басталған. Мұхтар Әуезов ең алдымен ұстазы ғана емес, әкесінің жақын араласқан досы болған. Ғұлама Мұхтар бала Қайымды шәкірт деп емес, туған баласы, бір құрсақтан шыққан інісіндей көріп, жақын тартқан. Қайым 1921 жылдан бастап, дұрысы бала күнінен советтік идеологияның қасіретін тартқан, заманы оны шынықтырып, Алаш мұраты оны үнемі алға жылжытқан. Мұхамедханның тұңғыш баласы Абай шығармаларына текстологиялық талдау жасаған тұңғыш текстолог еді. Сейітқұлдың Мұхамедханы тек атаның ғана емес, адамның баласы бола білген кең азамат болыпты. Семейде алғаш рет бостандық жаршысы болып басылып, оқырманға жол тартқан «Сарыарқа» газетінің құрылтайшысы ретінде тарих жылнамасына есімі жазылған атымтай жомарт болатын. 1918 жылы Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар Әуезов «Абай» журналын ашқан да, сол басылымға қаржылай көмек көрсеткен де осы – Мұхамедхан. Бір анығы, Мұхамедхан Сейітқұл – мәдениет жанашыры, руханият қолдаушысы және өз заманындағы игі істерге мұрындық болған тарихи тұлға. Алаштың нар тұлғасы Совет үкіметі орнаған шақтан бастап жайлы өмір сүрмеген деуге болады. 1921 жылы бірінші рет «алашшыл» ретінде тергеуге алынды. Сосын 1928 жылы дәулетті бай ретінде мал-мүлкінен тегіс тәркіленді. 1932 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, түрмеден-түрмеге ауыстырылған. Артында қалған жары, бала-шағасы да советтік биліктің зорлық-зомбылығын көрудей-ақ көрген. Биыл ер Мұхамедханның туғанына 150 жыл. 1937 жылғы 2-желтоқсанның түнінде атылған ердің ажал құшқан жері, оны кімнің атқаны, қандай себеппен атылғаны әлі күнге дейін жұмбақ күйде. Тарих тарланы Мұхамедхан Сейітқұлұлы түбегейлі зерттеуді талап ететіні сөзсіз. Себебі халық, жас ұрпақ өз тарихын, тарихының тұлғаларын танып қана қоймай үлгі алатындай ұлы, ғибратты істерін барша қауым құлағдар болатындай естірте білуімізкерек. Айта кетер жайт, келер жылы бабамыздың туғанына 150 жыл толайын деп отыр. Соның құрметіне Өскемен қаласынан Мұхамедхан Сейітқұл атына бір көше атауы берілсе деймін. Бұл өскелең ұрпақ үшін де, алдыңғы толқын үшін де нағыз Рухани жаңғыру болар еді. Арысымызды тану ісі облыс орталығынан басталса бұл аудан мен ауылдарда да жақсы үрдіске айналары сөзсіз деп жазған екен Елдос Нүсіпұлы. [2] Дәл осындай ойды бірақ Семей қаласынан Тыныбай Кәкен мешітінің қасынан Мұхамедхан Сейітқұлға байланысты Азамат Битан ағылшын және қазақ тілінде ақпарат беретін тақтайша болса деген ниетін білдірген екен.

«Бір кездері Семей қаласындағы Тыныбай Кәукен мешітінің жанында Мұхамедхан Сейітқұл бабамыздың 2 жер үйі болған. Жалпы сол аймақта хәкім Абайдан бастап, Алаштың бар асылы, Шәкәрім, Әлихан, Міржақып секілді данышпандарымыздың ізі қалған. Өкініштісі, кешегі абыр-дабыр кезеңдерде ол үйлер бұзылып кеткен. Жаңа үйлер тұрғызылған. Десе де сол мешіттің жанынан

Мұхамедхан Сейітқұлға қатысты шағын мәліметтер жазылған тақтайша қойылып, әлгі жаңадан тұрғызылған үйлердің қабырғасына қазақ және ағылшын тілдерінде естелік тақтайшалар ілінсе деген өтінішім бар. Бұл болашағымыз деп сеніп отырған жас буын үшін үлкен тәрбие. Әрі бір жағынан шаһарға саяхаттап келетін туристер үшін де құнды мәлімет болар еді» дейді өз кезегінде журналист-блогер Азамат Битан. [3] Қазақ елінде қазақ халқы мақтан тұтар азамат, тұлғалар көп. Алайда заман ағымына байланысты кейбір тұлғалар танылмай, еңбегінің еленбей тарих қойнауына үнсіз кетіп жатыр. Жас ұрпақтың атынан біз, өз тұлғаларымыздың ұлағатты істерін паш етіп, еліміздің ертеңі болар ұрпаққа үлгі ете білейік.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қайым МҰХАМЕДХАНОВ: «Алаш арыстары аңсаған асыл арманыңыз осы» [Электрондық ресурс]:[Сейітқұлов М. туралы]
2. <https://turkystan.kz/article>. Оқыған азамат. Елдос Нүсіпұлы
3. <https://elana.kz/>. Алаштың барлық есті жастары қолдайды деп сенемін! Азамат Битан
4. Тілеубекова У. Ғұмырын ғылымға арнаған адам // Семей таңы.-1996.-16 қаңтар
5. Мұхамедханұлы Қ. Абайды тұңғыш рет баспасөзде танытқан Ә. Бөкейханов // Түркістан.-1995.-9 тамыз
7. Мұхамедхан, Д. Әке жолымен [Мәтін]: [Сейітқұлов Мұхамедхан, абайтанушы, ғалым Қ. Мұхамедханов туралы] / Д. Мұхамедхан ; сұхбат: Б. Тұрсынбайұлы // Қазақ әдебиеті . - 2014. - 27 маусым. - Б. 3.
8. Қаралы заман қайталанбасын! [Электрондық ресурс] : [Сейітқұлов М. туралы] // Жас Алаш. Республикалық газеті  
сайт.: <http://www.zhasalash.kz/kogam/7250.html> (03.02.2017)

**Мухамедхан Сейткулов -вклад в историю развития меценатства.**

**Кулмуханова Р.Ж.**

учитель истории

**Филипов Максим**

ученик 8 класса

СОШ №63

Благотворительность, милосердие, сострадание как исторические традиции свойственные казахскому народу и являющиеся составной частью самобытной казахской культуры. В Великой степи еще с древних времен проявляли благотворительность, как взаимную помощь в форме известных обычаев как асар, жылу, журтшылык. И действительно, без обычаев и традиций основанных на взаимовыручке в суровых условиях кочевого образа жизни казахам невозможно было обойтись.

Смысл обычаев и традиции - асар, жылу, журтшылык заключался в том, что человеку в трудную минуту помогали соседи, родственники, жители ауыла. В сознании наших предков необходимость делать добро ближним превратилось в духовную обязанность каждого человека, каждого кочевника. Традиции благотворительности, милосердия и меценатства стали еще чаще встречаться после присоединения Казахстана к Российской империи. Например, голодающих переселенцам, прибывшим из российских губернии в Каркаралинске местные благотворители оказали помощь 180 семьям. Также широко известен такой факт, как Сын Степи, Алихан Бокейханов в 1898 году, раздает семьям попавшим в тяжелое положение из-за джута в Нуринской волости Каркаралинского уезда 40 коров с телятами.

Экскурс в историю казахского народа начала 20 века, а именно в период становления национальной интеллигенции, то можно убедиться в том что, казахские деятели и просветители были основоположниками развития казахской благотворительности. Одним из ярких представителей меценатов начала 20 века является Мухамедхан Сейткулов.

М. Сейткулов, известен как сподвижник алашординцев, меценат казахской культуры. Как представитель духовной элиты давал уроки *ислама* казахским детям и служил имамом в мечети Ахмета Ризы. В своем доме, в городе Семипалатинске, гостеприимно принимал *писателей, известных представителей национальной интеллигенции, деятелей культуры*, таких как Абай, Шакарим, Мухтар Ауэзов, Алихан Бокейханов, Ахмет Байтурсунов и многих других личностей и общественных деятелей. Здесь в литературной гостиной проводились дискуссии и дебаты о ценностях культуру казахского народа, обсуждались проблемы настоящего и будущего казахов. Примером материальной и моральной поддержки Мухамедхана является проведение *первых репетиций пьес Мухтара Ауэзова* и можно утверждать, что именно здесь в доме Сейткулова проходило зарождение казахского театра. Образцом благотворительности, меценатства и поступка добрых дел Сейткулова является *финансирования журнала «Абай» и газеты «Сары Арка»*. В истории меценатства начала 20 века вряд ли мы найдем фигуру более одаренную и разностороннюю, чем Мухамедхан Сейткулов: преподаватель мусульманства, просветитель, алашординец, меценат. Мухамедхан Сейткулов чей вклад в историю развития меценатства и по сей день составляет золотые страницы в летописи славы и чести Казахстана.

М.Сейткулов был расстрелян в 1937 году вместе со 100 человек. Реабилитирован посмертно, но где он захоронен неизвестно.

Попытка исследовать историю казахской благотворительности и меценатства позволяет подвести итог что начало 20 века это период в которой благотворительность получила бурное развитие. И нам, современным казахстанцам, зная истоки развития благотворительности в Казахстане нужно заботиться о развитии этих традиций.

#### **Использованная литература:**

1. Абдилдабекова А. М. Духовная связь поколений: газета. 2017. № 7 (1641). С. 1, 6

2. Мухамедхан, Д. Перед именем твоим: союз учителя и ученика, закрепленный в истории, - позитивный пример потомкам Д. Мухамедхан.- 2013. - 10 октября. - С. 9. - О М. Сейткулове и К. Мухамедханове.

3. Мухамедхан, Д. Перед именем твоим: союз учителя и ученика, закрепленный в истории, - позитивный пример потомкам Д. Мухамедхан Литер.- 2013. - 10 октября. - С. 9. - О М. Сейткулове и К. Мухамедханове.

**Отец и сын (Мухамедхан Сейткулов и Каюм Мухамедханов) - патриоты отечества. Пример благородства и мужества**

**Тимошук Даниил,  
Курган Полина,  
11 класс  
Гильмутдинова Г.А.,  
учитель истории СОШ №62**

*"...уроки истории только тогда имеют ценность, когда они осмыслены и осознаны современным поколением казахстанцев".*

*Нурсултан Назарбаев*

В цепи трагических событий, которыми отмечена отечественная история, массовые политические репрессии 20-50-х гг. XX в. занимают особое место. Ученики старших классов изучают политическую обстановку в стране, причины осуждения казахстанской интеллигенции по политическим мотивам в 20-50-е годы XX века. Однако, мы считаем, что целесообразнее рассматривать механизм репрессий в Казахстане в годы «большого террора» более детально на примерах конкретных людей. «К сожалению, речь почти всегда идет о 20-30 фамилиях, которые у всех на слуху. А ведь количество безвинно пострадавших исчисляется цифрой со многими нулями. Об этом говорит уже хотя бы то, что свыше десяти тысяч архивных дел еще не рассмотрено. Ждут своей очереди и дела десятков тысяч так называемых кулаков» (Н.Назарбаев).

Таким образом, возникла идея восполнить этот пробел в своих знаниях и знаниях наших товарищей, изучая историю жизни образованного и благородного человека Мухамедхана Сейткулова и его сына – эталона Совести - Каюма Мухамедханова.

Еще одно направление, которому сегодня уделяется большое внимание, это интегрирование семейных историй в преподавание многих дисциплин. Делаются попытки направить молодежь на поиск и сохранение документов семейных историй, наполненных радостными и трагическими событиями, прошедшими сквозь судьбы людей, ведь в их семейной судьбе судьба страны отозвалась.

Для этого разрабатываются проекты, проводятся подобные нашей конференции, приобщающие учащихся к поиску конкретных ситуаций, основанных на исторических фактах, письмах, документах. И этот поиск ответов

на вечные вопросы работает на сохранение общечеловеческих ценностей, души и силы духа нашего народа.

Опыт проделанной нами работы показывает, что память о достойных гражданах должна быть наполнена конкретным содержанием, рассказами об их поступках в отношении к людям, в сохранении наследия нашего народа, примерами их нравственных и духовных подвигов.

Подготовка к научно-практической конференции, посвященной 150-летию Мухамедхана Сейткулова началась с создания инициативной группы целью которой стал сбор и систематизация материалов, раскрывающих жизненный путь М.Сейткулова и К. Мухамедханова - пример благородства и мужества.

Собранный материал заставил нас взглянуть на, казалось бы, уже изученную историческую правду другими глазами. Мы гораздо острее ощутили трагедию семьи, трагедию, которая стала возможной от безграничной вседозволенности одних людей по отношению к другим, безнаказанности, которая вылилась в нарушение прав и свобод человека, неуважение человеческой личности, насилие моральное и физическое.

Примеры жизни достойных граждан, свидетельства узников сталинских лагерей, исторические документы трагических времен, архивные справки – вот то, что убедительнее любых слов, должно воспитывать понимание недопустимости любого насилия – физического, морального, психологического. Через горечь и боль, через познание суровой правды происходит очищение, приходит понимание ответственности каждого за настоящее и будущее.

Проводя исследование судеб героев нашей конференции мы возродили, оживили, а значит, сохранили для себя и наших товарищей индивидуальную память, о том, как общая трагедия народа прошла по тысячам семей казахстанцев.

И пусть серьезным препятствием в изучении этой проблемы является закрытость и недоступность большинства архивно-следственных дел и, следовательно, не такое большое количество материалов как хотелось бы, нам удалось систематизировать собранные данные о Мухамедхане Сейткулове и Каюме Мухамедханове по следующим направлениям:

1. Биография

## Отец и сын (Мухаметхан Сейткулов и Каюм Мухаметханов)- патриоты отечества. Пример благородства и мужества



Реабилитирован 25 апреля 1989 года Семипалатинской областной прокуратурой на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года

## Отец и сын (Мухаметхан Сейткулов и Каюм Мухаметханов)- патриоты отечества. Пример благородства и мужества





## Отец и сын, МУХАМЕТХАН СЕЙТКУЛОВ и КАЮМ МУХАМЕТХАНОВ. Патриоты Отечества. Пример благородства и мужества



## Отец и сын, МУХАМЕТХАН СЕЙТКУЛОВ и КАЮМ МУХАМЕТХАНОВ. Патриоты Отечества. Пример благородства и мужества




## 2. Документы



## 3. Фото

Текст Государственного Гимна Казахской ССР с 1945 г  
Музыка — Мухана Тулегина, Евгений Брюсовского, Габита Хамиди  
Слова — Каюм Мухамедханов, Абилым Тажигенов, Габита Мухомедов.



## 4. Высказывания

## 5. Достижения

## 6. Видеоматериалы

Каждый человек должен учиться своими действиями и поступками вносить вклад в общую копилку общечеловеческих и нравственных ценностей, в духовное очищение и укрепление духа народа. Поэтому мы решили поделиться собранной информацией с учащимися нашей школы.

Мы организовали несколько встреч с учениками 9-11 классов нашей школы, в ходе которых изложили трагическую историю семьи репрессированных в 1937 и в 1951 гг. наших соотечественников - Мухамедхана Сейткулова и Каюма Мухамедханова.

Сотни тысяч имен репрессированных, десятки тысяч расстрелянных. Так как сталинский режим боялся думающих и смелых граждан, любивших свой народ и преданно служивших ему, массовым убийством тысяч людей был уничтожен огромный пласт интеллигентности и совестливости. Достойные нашей памяти люди, на которых навешивали ярлык «враг народа», были истинными патриотами Отечества и преданно служили своему народу, в то время как те, кто уничтожал этих сынов Отечества и навешивал ярлыки, были врагами своему народу. Эту истину нужно знать молодым для духовного очищения.

Таким образом, мы попытались внедрить компоненты программы «Рухани жаңғыру», с целью актуализировать наследие наших предков, сделав его понятным и востребованным, создав учебно-образовательный блок «Великие имена Великой степи», посвященный Мухамедхану Сейткулов и Каюму Мухамедханову.

Жизнь и деятельность достойных граждан – это неиссякаемый родник для развития культурного и образованного гражданина и патриота страны. Демонстрируя образцы их поведения, работая с документами, и воспоминаниями мы находим ответы на многие вечные вопросы.

Совесть и человеческое достоинство, справедливость и гражданское мужество – это непреходящие ценности, которые сохраняют отдельного человека и целые народы.

Предлагая правдивую информацию о трагических страницах нашей истории, о жизненном пути, вкладе и заслугах Мухамедхана Сейткулова и Каюма Мухамедханова перед Отечеством мы пытаемся внести свой вклад в формирование думающего гражданина, чувствующего сопричастность общей судьбе и осознающего свою ответственность за будущее.

Помимо классических форматов работы с аудиторией, мы задействовали креативный потенциал широкого круга учащихся нашей школы, которых нам удалось заинтересовать и привлечь к индивидуальной и групповой работе с документами, участию в дискуссиях, написанию эссе.

Чувство патриотизма должно быть общенародным и каждый человек должен гордиться своей землей и достойными ее сынами – такими были алашординцы, таким был и Отец и Сын – Мухамедхан Сейткулов и Каюм Мухамедханов.

#### **Использованная литература:**

- 1.Белякина А. Безжалостная расправа// Караван: газета. — 2013. — 7 июня.
- 2.Белякина А. Глава 1: Изгнанник из белой юрты // Человек — легенда / Общественный фонд «Центр образования и культуры имени Каюма Мухамедханова». — Алматы, 2009.
- 3.Каюм Мухамедханов: Судьба и Карлаг / [отв. ред. Г. Кабышулы]. — Алматы: Friedrich Ebert Stiftung, 2008.

## Мазмұны

1. Ұлы дала еліндегі жанашырлық пен жомарттық  
Н.А. Бейсенбекова
2. Алаш зиялыларының еңбектеріндегі оқу тәрбие мәселесі  
Н.А. Бейсенбекова, А.Ж Тұтқыш.,
3. Нәзір Төреқұлов қазақ халқының қамқоршысы  
Н.А. Бейсенбекова, Ә.Д Санақ
4. Алаштың ардақты азаматтары*Р.К.Аятбекова*
5. Отан үшін отқа күйген әке мен бала*А.Б Бексултанова,  
Ж.С.Асаинова*
6. Меценатство в Казахстане на примере Мухамедхана Сейткулова  
*Джашибеков А.К., Гусева Н.В*
7. **Мұхамедхан Сейітқұлов – Алаш кайраткері, Отан патриоты** *Баситова Ясмина, А.Г.Каленова.*
8. Бір отбасы тарихындағы Алаш рухы *С.Д.Серикова, А.Ә.Қамза*
9. Роль личности Мухамедхана Сейткулова и Каюма Мухамедханова в сохранении научно-культурных ценностей казахского народа*Д.,Темирбаева, М.Ю Ержанова*
- 10.Мұхамедхан - Алаштың нар тұлға азаматы*Д.Қожахметова ,  
Ш.Айтқожина*
- 11.«Отец и сын (МухаметханСейткулов и КаюмМухаметханов) вклад отца и сына в движение Алаш» Новичкова Дарья, Ибраева А.Ж
- 12.ҚайымМұхамедханов – абайтанушы.*Н.Зекенов, Г.А.Кельдиярова*
- 13.Роль МухамедханаСейткулова в воспитании КаюмаМухамедханова*Мухамадиев Р.Т.Кошкарева В.В.*
- 14.Әке мен Бала – Мұхамедхан Сейтқұлов және Қайым Мұхамедханов*Б.К.Исаинова*
- 15.Мухамедхан Сейткулов и К.Мухаметханов - яркие представители духовной элиты казахского народа*Филончик Вячеслав,Шах Л.А*
- 16.Қайым Мұхамедханұлы – хакім Абайды зерттеуші *А.Дәулетқызы,  
Ш.М.Айтқожина*
- 17.Мухамедхан Сейткулов – меценат Петрова Т.А
- 18.Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қайым Мұхамедханов – ұлт жанашырлары *Р. Рымкулова, Г.Е Аяфова*
- 19.Отец и сын, вклад отца и сына в движение «Алаш»статья «Заветы Каюма Мухамедханова» *Смаилова Г., Кудайберген С., Смаилова А.*
- 20.Мұхамедхан Сейтқұловтың өмірі мен қызметі. *Д. Айпханқызы, Б.Б Каримбаева*
- 21.Достойный след в культуре *Сейпова Ж., Лобанова Э.Г.*
- 22.Алаштың соңғы тұяғы – Қайым Мұхамедханов *С. Жаркынова, А. Қасымбек, А. Исаинова*
- 23.Вклад Каюма Мухамедханулы в Абаетведение*Амангелдиев Айбек, Аханов, Анвар Кенжебаев*

24. **Сейітқұлұлы Мұхамедхан - Алаш қайраткері, белгілі меценат**  
*Оксеньтюк Кристина, А.З Жамухаметова.*
25. **«Начатое одним продолжено другим»**Кульмагамбетов Т.С., Ткачук Кристина
26. **Каюм Мухамедханов – основоположник научного Абаеведения и Шакаримоведения** *Павлова Е.А. Майлыбаева Д.Д.*
27. **«Достойный сын Великой степи»** Николаева В, Васильченко Н.В.
28. **Меценат – халық қамқоршысы***А.Қ Онгарбек, А.Ш Смакова*
29. **ҰЛЫЛАРДЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ** *Н.А Сәйду, А.Ш Смакова*
30. **«Қазағымыздың ұмытылмас жанашыр тұлғалары»** *Акатова К.С, М.Е. Уксукбаева*
31. **Алаш арыстары және Мұхаметхан Сейітқұлов** *С.Б., Алакаева А.Б. Абдикаримова*
32. **Мұхамедхан Сейітқұлов- меценат** *Ж. Е. Шауен, Б.Д.Кенжебаева*
33. **Алаш партиясының мүшесі – Мұхамедхан Сейітқұлов және ұлы - Қайым Мұхамедханов** *А.Ж., Әнуар, Г.С. Жапабаева*
34. **Алаш меценаты – Мұхамедхан Сейітқұловтың дара жолы**  
*Ж.Т.Жансагимова, Г.А.Ахметова*
35. **Алаш зиялылары***Г.О.Кульмаганбетова*
36. **Тарихқа тағзым, Мұхамедхан Сейітқұлұлына тағзым.***А.О.Урамаева, С.Т. Еликбаева*
37. **Мухамедхан Сейтқулов -вклад в историю развития меценатства.***Кулмуханова Р.Ж. Филипов Максим*
38. **Отец и сын (Мухамедхан Сейтқулов и Каюм Мухамедханов) - патриоты отечества. Пример благородства и мужества**  
*Гильмутдинова Г.А., Тимощук Даниил, Курган Полина*